– третье обстоятельство, обуславливающее необходимость развития инноваций в образовании, заключается в социальной цене получения образовательных результатов, которое лишь частично соответствует социальным ожиданиям (имеющие данные свидетельствуют о том, что в системе среднего общего образования из-за перегрузки обязательными до-

машинными заданиями нарушаются права детей на занятия другими видами деятельности, имеющими существенное значение для их полноценного развития и обеспечения здоровья; для решения данной проблемы необходимо существенно изменить не только объем учебного материала, но и организацию образовательного процесса) [13, С.3-4].

В направлении подготовки учителей к процессу обучения языкам, Н.М. Стукаленко наряду с важностью внедрения инновационных методов в систему образования, отмечает профессиональное качество педагога – это новый педагогический менталитет. Новый педагогический менталитет состоит из множества универсальных и профессиональных (специальных) качеств личности педагога, таких как новое педагогическое поведение, процессуальные умения, заключающиеся в способности учителя оперировать информацией, творчески решать вопросы взаимодействия науки, педагогической практики и прикладных умений педагога [14].

Известно, что любой человек обладает особенными качествами, такими как индивидуальность и своеобразие. Б.А. Тургунбаева так определяет человеческие качества, называя их потенциалом. Человеческий и индивидуальный потенциал ученый рассматривает в следующих позициях:

- 1) саморазвитие через изменение мировоззрения и самоопределения (человеческий);
- 2) саморазвитие через реализацию внутренних сил и внешних потребностей, проявляющиеся в определенных изменчивых обстоятельствах жизни [15].

Вопросам саморазвития личности в контексте социальной успешности уделяет большое внимание М.А. Абсатова, которая указывает на активность и устойчивость в постоянно изменяющихся условиях социальной ситуации как основополагающих характеристик обучающегося. Саморазвитие личности, как отмечает М.А. Абсатовна – это «...стержень социальной успешности личности, внутренний процесс самоизменения системы, под воздействием собственных противоречий, высший

уровень самодвижения; при этом саморазвивающаяся система должна быть открытой, поскольку внутренние ресурсы не смогут обеспечить длительное существование системы», который становится в процессе развития базой педагогической компетентности будущих специалистов [16].

Другая сторона коммуникативного взаимодействия «педагог-учащийся», по мнению А.Т. Туралбаевой, – особая теоретическая и прикладная модель одаренности обучаемого, в основе которой лежит структура, обеспечивающая высокий уровень интеллектуальных достижений. Педагогическое сотрудничество в исследованиях А.Т. Туралбаевой осуществляется на основе идей, действий и принципов (такие идеи, как набор ключевых слов, ключевые слова в форме схем поддержки, опережение, сложные блоки, свобода выбора, диалог, интеллектуальный фон класса, сотрудничество между учителями и учениками и свободное волонтерство). Педагогическое сотрудничество как действие реализуется в творческом взаимодействии между учителем и учеником, обязательном обучении, выполнении сложных целей, использовании стендов (сигнальные карты, чертежи, детали), самоанализе действий (групповой, индивидуальной), наличии интеллектуального потенциала класса, коллективной творческой образовательной деятельности, развитии школьного самоуправления; сотрудничестве учителей и родителей [17, С.61]. Принципы педагогического сотрудничества строятся на выработке таких качеств личности, как солидарность и уверенность в самореализации ребенка, стремление к стабилизации, способствующие формированию учебных навыков и внутренних механизмов, необходимых для успешной адаптации в учебной среде), предметность, ориентированная на обогащение и формирование социальной практики, творчество и успех, позволяющий разрабатывать и идентифицировать индивидуальные особенности учащихся, на основе креативного подхода в развитии способности идентифицировать свои сильные стороны [17, С.61].

В основу коммуникативной технологии об-

учения входит метод совместного обучения (Cooperative Learning) или обучение в сотрудничестве по Д. и Р.Джонсонам, в русле которого лежат идеи гуманного отношения к участникам педагогического процесса. Основным принципом метода совместного обучения гласит, что необходимо дать возможность учащимся развиваться вместе, при создании условий активной совместной учебной деятельности обучающихся в разных педагогических ситуациях. Концепция совместного обучения по Джонсонам означает, что в рамках обучения не обязательно придерживаться жестких утверждений и что стратегия урока, в основном зависит от педагога, которые самостоятельно занимается выбором необходимых педагогических технологий и методов. Основными элементами обучения, как считают авторы технологии совместного обучения являются положительная связь, парное взаимообучение, индивидуальная ответственность, сотрудничество, групповое обсуждение и кооперативное обучение [18].

Формальный подход к изучению языков сменился новой формой обучения, который ориентирует образовательный процесс на понимание и восприятие языковой структуры как целостного взаимосвязанного элемента языковой культуры и коммуникативной способности.

Если взять во внимание исследование зарубежного ученого М.Холлидея, который предлагает к рассмотрению 7 функций языка (содействующая, регулирующая, репрезентативная, интерактивная, личностная, эвристическая и функция, создающая воображаемые ситуации (воображение)), то для обучения учащихся младших классов с точки зрения психолого-педагогической науки необходимо ориентировать педагога на развитии функции воображения [19]. Ученые Huili Hong, Karin Keith, Renee Rice Moran, and Jodi Lashay Jennings в работе «Using Imagination to Bridge Young Children's Literacy and Science Learning: A Dialogic Approach» также указывают на развитие функции воображения как основы формирования интереса к научным знаниям младшего школьника посредством использования диалога как стимула к социаль-

ному взаимодействию и воспроизведению новых идей. В психологии есть два основных вида воображения, творческое и воссоздающее, так ребенок, наблюдая внешнюю среду, проявляет различный интерес к происходящим событиям, и более сильные стимулы получают соответствующую реакцию, творческий подход ориентирует учащегося на выработку новых креативных идей, воссоздающее воображение позволит учащимся варьировать уже полученными знаниями с тем, чтобы получить новое знание [20].

Особое место среди коммуникативных компетенций по мнению Annegret Eickhorst занимает ролевая игра, которая способствует с одной стороны развитию коммуникативного навыка, с другой стороны обращает внимание на организацию игры, где субкомпетенцией является сценическое развитие ситуации в различных игровых формах, помимо этого следует отметить связь с другими субкомпетенциями, такими как вживание в роль и ее исполнение. Здесь прослеживаются межпредметные аспекты социального и межкультурного обучения. К данной сфере коммуникативных компетенций учащихся можно отнести репродуктивные формы работы (декламация, театральная игра), основой которых является заранее предложенный текст [21, С.116-117].

Коммуникативные технологии ориентированы на стимулирование интереса, активизацию мыслительной деятельности, качество усвоения учебного материала, индивидуализацию обучающих методов, а также своевременное реагирование педагога на успешное усвоение знаний учащимися.

Таким образом, достижению нового качества образования будет способствовать существование инноваций не как отдельного элемента целостного педагогического процесса, а как органичная составляющая совместной деятельности всех субъектов образовательного процесса. Интегрированность общего процесса обучения и развития состоит в органичной взаимосвязи педагогических целей с образовательными результатами учащихся, в учете индивидуальных возможностей каждого обучающегося, в социальном спросе



на получение образовательных результатов в соответствии социальным ожиданиям. Система обучения языку в начальной школе должна быть интегративно-дифференцированной на основе эффективного применения новых технологий обучения, с учетом языковых универсалий как механизма языковой адаптивности и языковых умений, навыков обучаемых.

*Список использованных источников:*

- [1] Рахметова С.Р. Бастауыш класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Дис... д-ра пед.наук: 13.00.02 /С.Р. Рахметова. – Алматы, 1994. – 434 б.
- [2] Кульгильдинова Т.А. Научно-методические основы формирования когнитивно-коммуникативной компетенции на уроках русского языка в начальных классах (в школах с русским языком обучения): Дис... д-ра пед.наук: 13.00.02 /Т.А. Кульгильдинова – Алматы, 2010. – С.372 .
- [3] Жұмбабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: Дис... д-ра пед.наук: 13.00.02 /Ә.Е. Жұмбабаева. – Алматы, 2003. – 349 б.
- [4] Уәйісова Г.И. Лексикологияны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005. – 230 б.
- [5] Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: Дис... д-ра пед.наук: 13.00.02 /А.Ж. Мурзалинова. – Алматы, 2003. – С. 383.
- [6] Павленко В.К. Интегративно-дифференцированная система обучения грамоте в школах Казахстана: Дис... д-ра пед.наук: 13.00.01 / В.К. Павленко. – Алматы, 2001. – С. 301.
- [7] Чан Д.Л. Научные основы формирования культуры русского речевого общения студентов-вьетнамцев в условиях многоязычия: Дис... д-ра пед.наук: 13.00.02 / Д.Л. Чан. – Алматы, 2004. – С. 417.
- [8] Кابدолова К.Л. Теория и методика взаимосвязанного обучения комплексным единицам словообразования в условиях учебного двуязычия национальной школы: Дис... д-ра пед.наук: 13.00.02 / К.Л. Кابدолова. – Алматы, 2007. – С. 340.
- [9] Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования. Научный фонд и перспектива развития – Алматы: Ғылым, 2001. – С.296.
- [10] Амирова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс- әрекетін қалыптастырудың теориясы мен технологиясы: Монография. – Алматы, 2012. – 332 б.
- [11] Алимухамбетова Г.Е. Научные основы готовности к познавательной деятельности: Дис... д-ра пед. наук: 13.00.01 / Г.Е. Алимухамбетова. – Алматы, 1995. – 351с.
- [12] Аренова А.Х. Научно-педагогические основы самостоятельной учебной деятельности младших школьников: Дис... д-ра. пед. наук: 13.00.01 / А.Х. Аренова. – Алматы, 2001. – С.303.
- [13] Масырова Р.Р. Инновации в среднем общем образовании Казахстана: анализ и тенденции развития: Монография. – Алматы: КазГосЖенПИ, 2008. – С.320.
- [14] Stukalenko, N.M. et al. (2013). About preparation of future teachers for application of innovative study technologies. Life Science Journal, 12s, 131-133, <http://www.lifesciencesite.com>.
- [15] Тұрғынбаева Б.А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту: Дис... п.ғ.к. / Б.А. Тұрғынбаева. – Алматы, 1998. – 148 б.
- [16] Абсатова М.А., Усенова А. Саморазвитие как стержень социальной успешности личности //Педагогика и психология. – 2015. – № 4(25). – С. 79-84.
- [17] Туралбаева А.Т. Отбасы мен мектептің ынтымақтастығы жағдайында дарынды балаларды тәрбиелеу: философия (PhD) Докт. ғ. ...дис.: 6D010000 /А.Т.Туралбаева – Алматы, 2014. – 136 б.
- [18] Miehe, Kristen und Sven-Olaf. Praxishandbuch Cooperative Learning – Effektives Lernen im Team, erweiterte und überarbeitete Auflage, August 2005, Hamburg.
- [19] Halliday, M.A.K. «Systemic Background». In Systemic Perspectives on Discourse, Vol. 1: Selected Theoretical Papers from the Ninth International Systemic Workshop, James D. Benson and William S. Greaves (eds). Ablex. Vol. 3 in The Collected Works, 1985. – p. 192.
- [20] Huili Hong, Karin Keith, Renee Rice Moran, and Jodi Lashay Jennings. (2017) Using Imagination to Bridge Young Children’s Literacy and Science Learning: A Dialogic Approach. SPRING/PRINTEMPS, Vol. 42. No. 1. pp.11-22.
- [21] Annegret Eickhorst. Sprachliche Bildung in der Grundschule. Grundlagen und Anregungen für die Praxis. Grundlagen und Anregungen für die Praxis. – 2015. – 413 s.

*References:*

- [1] Rahmetova S.R. Bastauysh klass okushylarynyñ tilin damytudyn ғылыми-әдістемелік negizderi: Dis... d-ra ped. nauk: 13.00.02 / S.R. Rahmetova. – Almaty, 1994. – 434 s.
- [2] Kul’gil’dinova T.A. Nauchno-metodicheskie osnovy formirovaniya kognitivno-kommunikativnoj kompetentsii na urokah russkogo jazyka v nachal’nyh klassah (v shkolah s russkim jazykom obuchenija): Dis... d-ra ped.nauk: 13.00.02 / T.A. Kul’gil’dinova – Almaty, 2010. – 372 s.
- [3] Zhymabaeva Ә.Е. Bastauysh mektepte қазақ тили синтаксисин дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік negizderi: Dis... d-ra ped.nauk: 13.00.02 / Ә.Е. Zhymabaeva. – Almaty, 2003. – 349 s.
- [4] Uәjisova G.I. Leksikologijany oқыtu әдіstemesi. – Almaty, 2005. – 230 b.
- [5] Murzalinova A.Zh. Formirovanie funktsional’noj gramotnosti uchaschihsja pri obuchenii russkomu jazyku kak nerodnomu na starshej stupeni shkoly obschestvenno-gumanitarnogo napravlenija: Dis... d-ra ped.nauk: 13.00.02 /A.Zh. Murzalinova. – Almaty, 2003. – 383 s.
- [6] Pavlenko V.K. Integrativno-differentsirovannaja sistema obuchenija gramote v shkolah Kazahstana: Dis... d-ra ped. nauk: 13.00.01 / V.K.Pavlenko. – Almaty, 2001. – 301 s.
- [7] Chan D.L. Nauchnye osnovy formirovaniya kul’tury russkogo rechevogo obschenija studentov-v’etnamtsev v uslovijah mnogojazychija: Dis... d-ra ped.nauk: 13.00.02 / D.L.Chan. – Almaty, 2004. – 417 s.
- [8] Kabdolova K.L. Teorija i metodika vzaimosvjazannogo obuchenija kompleksnym edinitam slovoobrazovanija v uslovijah uchebnogo dvujazychija natsional’noj shkoly: Dis... d-ra ped.nauk: 13.00.02 / K.L.Kabdolova. – Almaty, 2007. – 340 s.
- [9] Taubaeva Sh.T., Laktionova S.N. Pedagogicheskaja innovatika kak teorija i praktika novovvedenij v sisteme obrazovanija. Nauchnyj fond i perspektiva razvitija – Almaty: Fylym, 2001. – 296 s.

- [10] Amirova A.S. Bastauysh synyp okushylarynyn shygarmashylyk is-areketin kalyptastyrudyn teorijasy men tehnologijasy: Monografiya. – Almaty, 2012. – 332 b.
- [11] Alimuhambetova G.E. Nauchnye osnovy gotovnosti k poznavatel'noj dejatel'nosti: Dis. ... d-ra ped. nauk: 13.00.01 / G.E. Alimuhambetova. – Almaty, 1995. – 351s.
- [12] Arenova A.H. Nauchno-pedagogicheskie osnovy samostojatel'noj uchebnoj dejatel'nosti mladshih shkol'nikov: Dis. ... d-ra. ped. nauk: 13.00.01 / A.H. Arenova. – Almaty, 2001. – 303 s.
- [13] Masyrova R.R. Innovatsii v srednem obschem obrazovanii Kazahstana: analiz i tendentsii razvitija: monografiya. – Almaty: KazGosZhenPI, 2008. – 320 s.
- [14] Stukalenko, N.M. et al. (2013). About preparation of future teachers for application of innovative study technologies. Life Science Journal, 12s, 131-133, <http://www.lifesciencesite.com>.
- [15] Turrynbaeva B.A. Okytu barysynda bastauysh synyp okushylarynyn shygarmashylyk kabiletterin damytu: Dis. ... p.f.k. ... 13.00.01 / B.A. Turrynbaeva. – Almaty, 1998 zh. – 148 b.
- [16] Absatova M.A., Usenova A. Samorazvitie kak sterzhen' sotsial'noj uspeshnosti lichnosti // Pedagogika i psihologija. – 2015. – № 4(25). – S.79-84.
- [17] Turalbaeva A.T. Otbasy men mekteptin yntymaktastygy zhagdajynda daryndy balalary tarbieleu: Dis. // filosofija (PhD) 6D010000 / A.T. Turalbaeva – Almaty, 2014. – 136 b.
- [18] Mische, Kristen und Sven-Olaf, Praxishandbuch Cooperative Learning – Effektives Lernen im Team, erweiterte und überarbeitete Auflage, August 2005, Hamburg.
- [19] from the Ninth International Systemic Workshop, James D. Benson and William S. Greaves (eds). Ablex. Vol. 3 in The Collected Works, 1985. – p. 192.
- [20] Huili Hong, Karin Keith, Renee Rice Moran, and Jodi Lashay Jennings. (2017) Using Imagination to Bridge Young Children's Literacy and Science Learning: A Dialogic Approach. Spring/Printemps, Vol. 42. No. 1. rr.11-22
- [21] Annegret Eickhorst. Sprachliche Bildung in der Grundschule. Grundlagen und Anregungen für die Praxis. Grundlagen und Anregungen für die Praxis. – 2015. – 413 s.

### Бастауыш мектептің оқу үдерісінде оқушылардың коммуникативтік сапаларын дамытудың қазіргі тенденцияларына шолу

**Г.Г. Жусупбекова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

#### *Аңдатпа*

Мақалада өз еңбектерін кіші мектеп жасындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің өзекті мәселеріне арнаған отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-теориялық және қолданбалы тәжірибелеріне қысқаша шолу жасалған. Нақты педагогикалық зерттеулерде қолданылатын және Қазақстандағы білім мазмұнын жаңартудың міндеттерін жүзеге асыруда аса маңызды болып табылатын дидактикалық ұстанымдардың базалық негізі ретіндегі оқыту мен тәрбиелеудің іргелі аспектілері қарастырылған. Қазіргі жаңартылған білім мазмұнында оқытудың коммуникативтік технологиясы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мен танымдық әрекетін белсендіру құралы ретінде маңызға ие бола түсуде. Бастауыш мектептегі тілді оқыту жүйесі оқушылардың тілдік бейімділігі, тілдік біліктері мен дағдыларын ескере отырып, оқытудың жаңа технологияларын тиімді қолдану негізінде кіріктіре сараланған сипатта болуы керек деген пікірді дұрыс деп есептейміз.

*Түйін сөздер:* коммуникативті құзыреттілік, бастауыш сынып оқушысының когнитивті-коммуникативті құзыреттілігі, тілдік тұлға, оқытудағы инновация.

### Review of modern trends of development of communicative qualities of personality of students in the educational process in elementary school

**G.G. Zhussupbekova**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

The article is devoted to a brief review of the scientific, theoretical and applied experience of Kazakhstani and foreign scientists who in their studies fully covered the urgent problems of teaching and educating children of primary school age. The fundamental aspects of training and education were formulated which became the basis of the didactic principles used in specific pedagogical research and became important for the implementation of the tasks of the updated educational content in Kazakhstan. It is reasonable that in the modern updated content of education the use of communicative learning technologies is actively promoted as a means of developing communication skills and enhancing students' cognitive activity. It is correct to say that the system of language teaching in elementary school should be integrative-differentiated on the basis of the effective use of new learning technologies, taking into account language universals as a mechanism of language adaptation and language skills, skills of students.

*Keywords:* communicative competence, cognitive-communicative competence of the younger student, language personality, innovations in learning.

*Поступила в редакцию 19.12.2018*



<sup>1-2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)

## БОЛАШАҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ МАҢЫЗЫ

*Аннотация*

Мақалада болашақ мектепке дейінгі білім беру мамандарын дайындау жалпы білім берудің ұлттық үлгісіне негізделген, нәтижеге бағытталған, қоғамға пайда әкелетін заманауи ғылыми және практикалық деңгейлерді шығармашылықпен игерген, жаңашыл, құзыреттілігі (жалпымәдени, кәсіби, пәндік) жоғары, кәсіби шешім қабылдауға қабілетті, еуропалық көпмәдениеттілікті, коммуникативті меңгерген маманын даярлау туралы баяндалады. Болашақ тәрбиеші-педагогтарды дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық және арнайы құжаттарға терең талдау жасап, сараланады. Мектепке білім беру бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарындағы бірнеше оқу пәндері талданып, қоғам сұранысына сай маман дайындау мақсатында олардың ерекшеліктері нақтыланады. Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдеріс барысында студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіруге үлкен мән беріледі. Студенттердің оқытушымен орындалатын және өзіндік жұмысы болашақ мамандарды даярлауда білім сапасын арттыруға, шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын қалыптасуына, сондай-ақ, дербестікке, жауапкершілікке, іздемпаздыққа және бастағын істі аяғына дейін жеткізуге үйретеді. Сонымен қатар, болашақ тәрбиеші-педагогқа қойылатын әлеуметтік-этникалық және кәсіби, экономикалық және басқарушылық, ұйымдастырушылық, зияткерлік және дербестік, коммуникативтілік, ақпараттық т.б. талаптардың мәні ашылады.

*Түйін сөздер:* мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, білім беруді модернизациялау, жалпымәдени, кәсіби және пәндік құзыреттілік, жалпыға міндетті білім беру стандарты, жоғары білім беру, білім беру бағдарламалары, жұмыс оқу жоспары, оқу пәндері, студенттердің өзіндік жұмыстары, тәжірибе, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және басқару.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы білім беру стратегиясының негізгі мақсаты – қоғам мен мемлекеттің, тұлға қалыптасуының өзекті қажеттіліктер беріктілігін сақтай отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз ету болса, ал оның міндеттерін шешу жаңа идеялар мен тұжырымдамалардың қорын іздестіруді қажет етеді, осының негізінде педагог кадрларды даярлауда халықаралық деңгейіне қол жеткізуге болады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «... білім беру жүйесінде мектепке дейінгі білім беру деңгейі міндетті болып табылады», деп ұлттық дәстүрлерді, әлемдік тәжірибені және тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру ісіне аса мән беру қажеттілігін атап өтеді [10]. Аталмыш мемлекеттік бағдарламада көрсетілгендей, республикадағы демографиялық ахуалды ескере отырып, 2020 жылға дейін мектеп жасына де-

йінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды 100%-ға, 5-6 жастағы балаларды мектепке толық қамтуды қамтамасыз ету және мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін арттыру жоспарлануда.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің алдында білім беру сапасына қол жеткізуге нақты мынадай міндеттер тұр:

– мектепке дейінгі білім беруді басқарудың тиімді жүйесін құру;

– мектепке дейінгі ұйымға білікті маман-педагогтар дайындау және оларға деген құзыреттілік көрсеткіштері бойынша білім беру ұйымдарының жұмысын индикативті жоспарлауды енгізу;

– мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру үдерісін жаңарту және жетілдіру;

– мектепке дейінгі білім берудің ұлттық деңгейін халықаралық стандарттарға жақындату;

– мектепке дейінгі оқу жүйесінің тиімді құқықтық негізін құру.

Педагогикалық кадрларды даярлаудың қазіргі заманғы жүйесі мектепке дейінгі білім беру саласының проблемаларына назар аударуымен сипатталады.

Қоғамдық мектепке дейінгі білім берудің сапасы, ең алдымен, педагогтардың құрамы мен құзыреттілігі, олардың психологиялық-педагогикалық және арнайы дайындық дәрежесі бойынша анықталады, өйткені олар қазіргі заманғы ғылыми жетістіктерді мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесінде ендірушілер болып табылады.

Бұл мәселені шешу жолдарының бірі – білім беру қызметін жоғары деңгейде жүргізу мақсатында мектепке дейінгі тәрбиеші-маман-дар даярлау жүйесін жетілдіру [22].

Мектепке дейінгі ұйымындағы педагогикалық әрекет – қызмет объектісі мен субъектісі, мақсат пен мазмұн, операциялық-белсенділік және бағалаушылық-өнімділік компоненттерін қамтитын күрделі құбылыс.

**Нормативті құжаттарды талдау.** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» туралы Заңында мектепке дейінгі ұйым халыққа білім берудің алғашқы баспалдығы дей келе, оның басты мақсаты – мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша еуразиялық көпмәдениеттілікті, коммуникативті игерген, жаңашыл, құзыреттілігі жоғары, сонымен бірге қоғамға пайда әкелетін заманауи ғылыми және практикалық деңгейлерді шығармашылықпен шеше алатын тәрбиеші-педагогтарды дайындау [11].

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Президенті 2018 жылғы 05 қазанындағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында «мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсару керек» деп, білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару қажеттілігін атап көрсетті [12]. ЖОО-да педагогикалық үдерістің тиімді ұйымдастырылуы болашақ тәрбиеші-педагогтардың бір командада жұмыс істеуіне, белсенді азаматтық ұстанымының қалыптастыруына, сондай-ақ сыни ойлаудың икемділігі мен өз

міндеттерін тез және дұрыс шешуге қабілеттілік сапаларының дамуына ықпал етеді. Бұдан басқа, болашақ маманның өз мамандығына және кәсіби қызметіне деген қызығушылығы маңызды болып табылады. Елбасы Н.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жолдауында «2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай *мектепке дейінгі білім беру ісінде* балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын *бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын* енгізу қажет», – деп мектепке дейінгі білім беру саласына үлкен мән бергендігін көруге болады [13].

Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жоғары оқу орындары мектепке дейінгі ұйымдарға жоғары білікті тәрбиеші-педагогтарды дайындаудың негізгі буыны болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жоғары білікті тәрбиешілерді дайындау республиканың бірнеше педагогикалық жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Оның ішінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті аталмыш сала бойынша педагогтарды даярлауға ерекше рөл атқарады. Аталмыш университетте мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығын 2006 жылдан бакалавриат, 2010 жылдан магистратура және 2013 жылдан бастап PhD докторантура бойынша (үш деңгейлік білім беру) мектепке дейінгі білім беру саласы мамандарын дайындап, жетекші рөл атқарып келеді. НААР ұлттық рейтингісінде 5B010100, 6M010100, 6D010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламалары бірінші орынға (2017 ж.; 2018 ж.) ие болды. Аталмыш мамандық бойынша сертификаттау және ACQUIN сапасының қауіпсіздігі (28.03.2017 ж.) аккредитациядан жоғары деңгейде өтіп, қазіргі таңда аккредителген лицензиямен жұмыс жасап келеді [1]. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң педагог-маман дайындау саласында ұлттық рейтингілеуде жоғары нәтижесін мемлекет тарапынан жыл сайынғы бөлінетін мемлекеттік білім грант санының артуынан көруге болады. Осы жылдар ішінде

Қазақстанның түкпір-түкпіріне мектепке дейінгі және кәсіптік орта білім беру ұйымдарына көптеген білікті де білімді тәрбиеші-педагогтар даярлады, қазіргі таңда бітіруші түлектердің 84 пайызы өз мамандықтары бойынша еңбек етеді.

**Зерттеуші педагог-ғалымдар.** Мектепке дейінгі білім берудің теориялық және практикалық мәселелерін дамытуға көптеген зерттеулер жүргізілді. Атап айтсақ, Б. Баймұратова, Т.Шерьязданова, К.Мендаяхова, А.Әмірова, Т.Левченко, А.Манкеш, Ф.Жұмабекова, С.Жиенбаева, Б. Арзанбаева, Г.Таубаева, А.Искакова, К.Метербаева және т.б. сияқты ғалымдар еңбектерінің маңызы зор [15].

Мектепке дейінгі білім беру саласын реформалау педагогикалық жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісінің тиімділігі мен сапасының жоғарлауымен байланысты. Бұл педагогикалық оқу үдерісіне студенттердің мектепке дейінгі білім беру саласындағы алуан түрлі мағлұматтарды түсіну қарқындылығын жоғарылатуға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық және инновациялық технологияларды ендіруді міндеттейді. Педагогика ғылымның дамуы, оның ішінде жоғары білім беруді дамытуға және мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие үдерісінде жаңа технологияларды қолдану арқылы сипатталатын инновациялық процесс болып табылады [6].

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы болашақ маманның кәсіби біліктілігі студенттің бойында өз кәсіби қызметін жүргізуге теориялық-практикалық даярлық тұтастығы тұлғалық күйі мен қасиеттер жүйесінің қалыптасуының жоғары деңгейі болып саналады. Мектепке дейінгі болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру ЖОО-да ұйымдастырушылық-әдістемелік, құрылымдық-мазмұндық құндылықтарға сәйкес бағытталады, сонда ғана педагогикалық үдеріс тиімді болады [19].

**Білім беру бағдарламаларының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі.** «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандартын-

да көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бакалаврларының білім деңгейіне қойылатын мынадай құзыреттіліктерді (жалпымәдени, кәсіби, пәндік) қалыптастыру көзделеді [16]. Олар:

– жалпымәдени – ақпарат алудың, сақтаудың, өңдеудің негізгі әдістері мен тәсілдерін және құралдарын пайдаланған; компьютермен, соның ішінде ғаламдық компьютерлік желілермен жұмыс істеу дағдысын игерген; моральдық нормалар мен мінез-құлық негіздері; гигиеналық талаптарға, еңбек қорғауына және ықтимал жағымсыз сыртқы әсерлерді қорғау ережелеріне сәйкес салауатты өмір салтын қалыптастыруға қабілетті; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру қағидаларын, ғылыми білімдерге жету жолдарын және құрылысын жүзеге асырады;

– кәсіби – оқыту мен тәрбиелеу үрдісін модельдеуге және оны практикада қолдануға; психологиялық-педагогикалық зерттеулердің сапалық және сандық әдістеріне ие, әртүрлі жастағы балаларды дамыту, қарым-қатынас жасау, диагностикалау әдістерін қолдануға қабілетті; білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі білім беру, тәрбиелеу және дамытудың түрлі теорияларының білім беру әдістерін, сондай-ақ білім берудің әртүрлі деңгейдегі студенттеріне арналған білім беру бағдарламаларын пайдалана алады; кәсіптің жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, кәсіби этиканың принциптерін құрметтейді, мәдени-ағартушылық жұмыстың пәндік саласы бойынша нормативтік құжаттар туралы білімдерін пайдалана алады;

– пәндік – мектепке дейінгі тәрбие ерекшеліктерін білу, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудегі сабақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік береді; мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін қалыптастырудың теориялық негіздері мен технологияларын білу; мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстырудың теориялық негіздері мен технологияларын меңгеру; мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері, музыкалық және шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру

дағдыларын игеру; мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған шығармашылықпен жұмыс жасау технологиясын қолдана алады.

Болашақ мектепке дейінгі тәрбиеші-педагогқа қойылатын талаптар: әлеуметтік-этникалық және кәсіби, экономикалық және басқарушылық, ұйымдастырушылық, зияткерлік және дербестік, коммуникативтілік, ақпараттық т.б. мәселелерді шешу.

Қоғам дамуының бүгінгі кезеңінде мектепке дейінгі білім беру маманның білікті де құзыретті дайындығы ЖОО-н кейінгі білім беру жүйесінде жалғасады. Ол кәсіби, адамгершілік, жалпымәдени, шығармашылық, рефлексивті әлеуеттің тереңдетілуін және тұлғаның қажеттілікті-уәжді, операциялық-техникалық, нәтижелік-әрекетті өрісін жетілдіруді көздейді [2, 3].

ЖОО-дағы педагогикалық үдеріс мазмұны кең ауқымды теориялық негізде құрылады, оның шеңберінде тәуелсіз білімге, студенттердің рефлексиялық көзқарастарын дамытуға үлкен мән беріледі; олардың өзара іс-қимылы, интерактивті оқытуда электрондық технологияларды қолдану арқылы топтық, проблемалық, ашықтық идеялармен және жаңа пікірлермен алмасады. Педагогикалық үдерісте студенттердің білім нәтижелері меңгерілген білімдер, білік пен дағдылар арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері тәрбиеші-педагогтің біліктілік деңгейлерін анықтауға және оларды біліктілік шеңбері түрінде құрылымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім беру бағдарламалары оқыту үдерісінде тиімді ұйымдастырылса, онда еңбек нарығындағы маман сұрасына толық жауап бере алады [17].

Жоғары оқу орнының педагогикалық үдеріс нәтижесінде студенттерде келесі негізгі құзыреттіліктер қалыптасады:

Педагогикалық үдеріс туралы жалпымәдени білім:

– қазіргі заманғы отандық және шетелдік білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізетін мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдеріс мазмұнының ерекшеліктері;

– мектепке дейінгі білім беру саласындағы білім беру бағдарламалары мен технологияла-

рын іске асыруда тәрбиеші-педагогтардың рөлі, орны мен қызметтері;

– әртүрлі білім беру бағдарламалары мен мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдерісті жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету.

Маманның педагогикалық мәдениеті:

– мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісінде балама білім беру бағдарламалар мен технологияларды талдау, жобалау, жоспарлау, іске асыру мүмкіндігі;

– мектепке дейінгі ұйым мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес дамушы ортаны құру, талдау және жобалау мүмкіндіктері;

– мектепке дейінгі ұйым мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес педагогикалық үдеріске барлық қатысушылардың мектепке дейінгі ұйым мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес педагогикалық үдеріске барлық қатысушылардың (бала-тәрбиеші-ата-аналар) өзара әрекеттесу мүмкіндігі [9].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) мектепке дейінгі білім беру саласындағы маманның негізгі құзыреттерін анықтауға мүмкіндік берді.

**Білім беру бағдарламаларын талдау және зерттеу.** Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші-педагогын даярлауда студенттердің іргелі психологиялық-педагогикалық дайындығы негізінде заманауи педагогикалық технологияларға үлкен назар аударылады. Осылайша, 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының жұмыс оқу жоспарында базалық пәндер циклінің элективті курсына «Мектепке дейінгі білім беру менеджменті» (2 кредит), «Жаңа формациядағы тәрбиеші-педагог» (2 кредит), «Мектепке дейінгі инклюзивтік білім беру» (2 кредит), «Мектепке дейінгі білім берудің қазіргі технологиялары» (2 кредит), «Ақпараттық коммуникативтік технология» (3 кредит), «Педагогикалық шеберлік» (2 кредит) 1-3 курстарда жүргізіледі [5].

Аталмыш педагогикалық пәндер болашақ тәрбиеші-мамандардың кәсіби іскерліктері мен



дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, педагогикалық білім беру құрылымында ерекше қызмет атқарады, студенттер мақсатты-бағдарларды құндылықтарды түсінуге, өзгермелілік қағидаттарына негізделген білім мазмұнындағы жаңартуларды, дамыту мен білім беру мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық үдеріс барысында студенттер Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру жүйесін ұйымдастыру және олардың ерекшеліктері: мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың нысандары мен әдістерін, мектепке дейінгі білім берудің сапасын, мектепке дейінгі және бастауыш жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің ерекшеліктерін біледі. Сонымен қатар, оқу үдерісінде студенттер мектепке дейінгі білім беру саласындағы нормативті-құқықтық және тұжырымдамалық құжаттармен жұмыс істейді, олардың мазмұнын талдауды үйренеді, Қазақстандағы және шетелдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесі шеңберінде жүргізілетін педагогикалық үдерісті анықтап, талқылайды.

Аталмыш мамандықтың жұмыс оқу жоспарында оқу пәндерінің барлық мазмұны бірнеше блоктағы модульдерден тұрады: әлеуметтік-мәдени модуль; тілдік модуль; жаратылыстану-математикалық модуль; АКТ және цифрлық білім беру модулі; психологиялық-педагогикалық модуль; инклюзивті білім беру модулі; инновациялық технологиялар модулі; тәжірибелер модулі. Әрбір модульге болашақ мектепке дейінгі тәрбиеші-педагогтың тұлғалық дамуына, кәсіби қалыптасуына бағытталған оқу пәндері кіреді. Сонымен қатар, болашақ маманның негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін оқу модуліне арналған танымдық және кәсіби бөліктерді қамтитын оқу-әдістемелік кешен жасалады. Даярланған оқу-әдістемелік кешеннің мақсаты – біріншіден, маманның теориялық білімді қалыптастыру болса, екіншіден, алынған білім негізінде кәсіби дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыру болып табылады.

Осы аталған модульдердің ішіндегі қазіргі кездегі өзектілігі біршама жоғары, қазіргі тез жылдам қозғалмалы қоғамда ақпараттық ком-

муникациялық технологиялар (АКТ). Қазіргі таңда студенттер МЖМБС-на сәйкес 3 семестрде аталмыш оқу пәнін ағылшын тілінде 2 кредит көлемінде өтеді. Бұл пәннің мақсаты – цифрлық технологияларды қолдана және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешу; мәтіндерді, кестелерді, мәліметтер қорын, мультимедияны, бағдарламалау орталарында ұсынылған ақпаратты синтездеу, және бағалау; ақпаратты жинау, бағалау, сақтау, дайындау, ұсыну және алмасу үшін АКТ-ң бағдарламалық құралдарын сенімді және сыни түрде пайдалану, кәсіби салада бірлескен қызмет үшін желі байланысының дағдыларын меңгеруді көздейді [23]. Сонымен қатар, «Жаңа формациядағы тәрбиеші-педагог» атты таңдау компоненті бойынша аталмыш пәннің мазмұнында барлық педагогтар қауымына арналған «Педагогтің кәсіби стандарты» («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының [20] 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы), Қазақстан Республикасындағы негізгі нормативті-құқықтық құжаттарды, атап айтсақ Қазақстан Республикасының Елбасының 2018 жылдың 05 қазанындағы Қазақстан халқына жолдауында көрсетілгендей, 2019 жылы «Педагог мәртебесі туралы» Заңын әзірлеуді және оны қабылдауды міндет етіп қоя отырып, педагог беделін көтеру керектігін, келешекте педагог жоғары ақы төленетін мәртебелі мамандыққа айналатынын айтқан болатын. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «...құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп айтуында үлкен маңызы бар екендігі осының дәлелі [18].

Сонымен қатар, «Педагогтің кәсіби стандартында» «Педагог. Мектепке дейінгі білім ұйымының тәрбиешілерін» бірнеше деңгейге (4-5-6) бөліп, оларға оқыту, тәрбиелік, әдістемелік, зерттеушілік және әлеуметтік-коммуникативтік еңбек қызметтерінің міндеттерін қойды. Ал аталған міндеттерді шешу үшін болашақ мектепке дейінгі тәрбиеші-маман жаңартылған білім мазмұнына көшудің алғы

шарттары мен ерекшеліктерін, оқу үдерісінде тұлғаға бағдарланған, нәтижеге бағытталған білім берудің әдіснамалық тұғырларын меңгеруі тиіс. Қоғам талап етіп отырған сұраныстарға жауап бере алатын мектепке дейінгі тәрбиеші-педагогті даярлауда аталмыш пәннің орны өте маңызды.

Мектепке дейінгі инклюзивтік білім беру» пәні – қазіргі кезде қоғам барлық назарын аударып отырған ұлттық мәселе – балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру үрдісіне ендіру және әлеуметтік бейімдеуге, олардың дініне, тіліне, жағдайына қарамастан балаларда болатын кедергілерді жоюға, баланың түзетушілік-педагогикалық және психологиялық-әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау жасау. Сондықтан, аталмыш пән студенттерді инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білімді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, оқытудың жаңа, тиімді түзету педагогикалық технологияларын қолдануға, балалардың жас ерекшеліктеріне сай бейімделген бағалау мен бейімделген оқыту әдістерін, оқу жоспарын құрастыруға және оны іске асыру жолдарын үйретеді [7, 14].

ЖОО-да педагогикалық үдерістің ұйымдастырылуы. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеші-педагогын даярлауда жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде аудиториялық сабақтарының негізгі түрлері – дәрістер, семинар, кейстер, презентация, дөңгелек үстел, «миға шабуыл», тренинг сабақ, студенттердің оқытушының орындалатын жұмысы (СООЖ) жүргізіледі.

Семинар сабақтарда студенттер педагогикалық ғылымдар мен ғылыми зерттеулерге деген қызығушылығы арттады, мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылыми-теориялық ұстанымдарды практикалық қызметпен байланыстыруды үйренеді. Студенттерге белгілі бір ғылымның тілінде өз ойларын білдіруге, фактілерді талдауға, диалог және пікірталас жүргізуге, ойын жобаларына қатысуға және нақты жағдайларды талдауға, білімді жүйелеуге, нақты және демонстрациялық түрде үйренуге мүмкіндік беріледі [8].

Республиканың барлық педагогикалық жоғары орындарында студенттердің өзіндік оқу және практикалық қызметтерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқытудың кредиттік технологиясы қолданылады. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқыту пәндерінің мазмұнының үштен бір бөлігіне бөлінген студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру маңызды өзгерді.

Студенттердің оқытушы-тьюторлармен бірге атқаратын (СООЖ) сабақтарының маңызы ерекше. Мұндай сабақтар студенттер мен оқытушылар арасында тығыз байланысты орнатады, терең білім алуға мүмкіндік береді. Тьюторлар білім беріп қана емес, сонымен қатар өз саласы бойынша өзбетінше ізденуге, белсенді әрекет жасауына дағдылана отырып, оларда дербестік, жауапкершілік, белсенділік, бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге, сыни ойлауға, теориялық білімдерін өз іс-әрекетінде пайдалануға мүмкіндік алады.

Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиеттерді зерттеуге, интернеттен ақпарат алуға; рефераттар мен курстық жұмыстарды орындауға; конференция мен дөңгелек үстел өткізуге; әртүрлі зерттеулер жүргізіп, олардың деректерін өңдеуге қатысуға; оқу және зерттеу тақырыбы бойынша проблемалық жағдаяттарды талдауға; іскерлік ойындарды және шығармашылық сипаттағы міндеттерді орындауға; дидактикалық материалдарды өндіруге; жеке және ұжымдық жұмыстарды өткізуге мүмкіндік береді [8].

Компьютерлік оқыту бағдарламалары студенттерге оқу тапсырмалары мен жаттығуларды орындауға, олардың орындалуын бағалауға, кеңестер түрінде жедел көмек беруге, жалпы қателерді нақтылауға және тиісті теориялық материалдарды ұсынуға көмектеседі.

Қазіргі кезде жоғары оқу орында мамандарды дайындауда кәсіптік практика тиісті ұйымдарда жүргізіледі және педагогикалық үдерісте алған білімдерін бекітуге, практикалық дағдыларды игеруге және озық тәжірибені меңгеруге бағытталады. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері мен мазмұны жұмыс оқу өн-



жоспарлары мен бағдарламаларымен айқындалады. Кәсіптік практиканың бірнеше түрлері (оқу-таныстыру, педагогикалық, өндірістік және дипломалды), оларға берілетін кредит көлемі мен ұзақтығы, міндеттері мен талаптары ҚР МЖМБС-да көрсетілген. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың бірінші жылынан бастап-ақ кәсіптік практикадан өту міндетті. Бірінші курста оқу-таныстыру, 2 курста – психологиялық-педагогикалық диагностика, 3 курста педагогикалық (әдістемелік) болса, ал соңғы курста өндірістік (дипломалды) практикадан өтеді. Кәсіптік практиканың мазмұны мен базасы мамандықтың бейіні мен білім беру бағдарламасының мазмұнына сәйкес айқындалады [4].

**Қорытынды.** Педагогикалық жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуы болашақ тәрбиеші-педагогтардың бір командада жұмыс істеуіне, белсенді

азаматтық ұстанымының қалыптастыруына, сондай-ақ ойлаудың икемділігі мен өз міндеттерін тез және дұрыс шешуге қабілеттілік сапаларының дамуына ықпал етеді. Бұдан басқа, болашақ маманның өз мамандығына және кәсіби қызметіне деген қызығушылығы маңызды болып табылады [21].

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиеші-педагогтарды даярлауда жоғары оқу орындарының алдында бірқатар маңызды міндеттер тұр:

- мектепке дейінгі білім берудегі педагогикалық кадрларды дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру;
- мектепке дейінгі білім берудегі болашақ маманның біліктілік деңгейіне мониторинг жасау;
- компьютерлік оқу бағдарламаларын және электронды оқулықтарды әзірлеу;
- студенттердің ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстарының деңгейін арттыру.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті <http://www.kaznpu.kz/ru> (қаралған күні: 03.02.2019).
- [2] Должностная инструкция воспитателя детского сада. Документ обновлен: 01.03.2019 (соответствует текущему законодательству) <https://dogovor.24.kz>
- [3] Mombek A., Kenenbayeva M., Zhaparova B. The modern methodology of shaping professional competence among university students //Scopus. Man in India, (6): 345-357
- [4] Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелері. (ҚР Білім және ғылым министрінің 29.10.2018 №595 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) [Электронный ресурс]: URL: <http://online.zakon.kz> (қаралған күні: 12.12.2018).
- [5] Жұмыс оқу жоспары. Абай ат. ҚазҰПУ-н Ғылыми кеңесінде бекітілген. [Электронный ресурс]: URL: <http://www.kaznpu.kz/ru>
- [6] Инновационные образовательные технологии как средство оптимизации профессиональной подготовки будущего специалиста// Журнал Современные проблемы науки и образования. – 2016. – № 5 [Электронный ресурс]: URL: <https://www.science-education.ru/> <https://www.google.kz> (дата обращения: 28.02.2019).
- [7] Iskakova A., Movkebayeva Z. Inclusive education //Textbook, 2016; 236 p.
- [8] Asanaliev M., Kaidarova A., Baizakova E. Occupational orientation of student's independent work as a factor of student's learning efficiency upgrading //Life science journal 2014; 11 (6s) <http://www.lifesciencesite.com>
- [9] Купецкова Н.В. Основные характеристики педагогического процесса // Молодой ученый. – 2018. – № 34. – С. 106-108. [Электронный ресурс]: URL: <https://moluch.ru> (дата обращения: 02.03.2019).
- [10] Қазақстан Республикасы Білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /<http://adilet.zan.kz> (қаралған күні: 28.02.2019).
- [11] Қазақстан Республикасының «Білім туралы» туралы Заңы 27.07.2007 (өзгерістер мен толықтырылудан кейін 21.02.2019 ж.). – [Электронный ресурс]: URL: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30118747](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747) (дата обращения: 25.02.2019)
- [12] Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 05 қазанындағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы <http://www.akorda.kz/kz> (қаралған күні: 26.02.2019).
- [13] Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» <http://www.akorda.kz/kz> (қаралған күні: 18.12.2018).
- [14] Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері [Электронный ресурс]: URL: <https://www.google.kz/url> (қаралған күні: 07.01.2019).

- [15] Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беру (анықтамалық-талдама шолу) Дошкольное образование в Казахстане (справочно-аналитический обзор) Анықтамалық талдама шолу. – Алматы: ROND&A баспасы. – 2014. – С.216
- [16] Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 28.10.2018 №604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) <http://online.zakon.kz> (қаралған күні: 12.12.2018).
- [17] Макарова Т.Е. Особенности взаимодействия педагогического вуза и работодателя в процессе формирования общекультурных компетенций при подготовке бакалавров дошкольного образования // Международный научно-исследовательский журнал. ISSN 2227-6017 (ONLINE), ISSN 2303-9868 [Электронный ресурс]: URL: <https://research-journal.org/pedagogy>
- [18] Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы (12.04.2017 жыл) [Электронный ресурс]: URL: <http://www.akorda.kz/kz/> (қаралған күні: 07.10.2018).
- [19] Osman, Ruksana, Hornsby, David J Transforming Teaching and Learning in Higher Education © 2017 <https://www.palgrave.com/kr/book/9783319461755>
- [20] Педагогтың кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы) [Электронный ресурс]: URL: <http://atameken.kz/uploads/content/files> (қаралған күні: 07.10.2018).
- [21] Хаджиев С.М. Развитие воспитания как к категория педагогике и образовательной практики // Инновации в образовании – М., Издательства Современного гуманитарного университета ISSN: 1609-4646 [Электронный ресурс]: URL: <https://elibrary.ru> (дата обращения: 01.02.2019).
- [22] Ходакова Н.П. Профессиональная подготовка студента-будущего педагога дошкольного образования в вузе // Современные проблемы науки и образования. – 2011. – №5 [Электронный ресурс]: URL: <http://www.science-education.ru/ru> (дата обращения: 27.02.2019).
- [23] Царева М.И. Информационная компетентность: теория и технология развития // Молодой ученый. – 2015. – №17. – С.580-583. [Электронный ресурс]: URL: <https://moluch.ru/archive> (дата обращения: 02.03.2019).

*References:*

- [1] Abay atyndagy Kazak ulttyk pedagogikalyk universiteti <http://www.kaznpu.kz/ru> (data obrashcheniya: 03.02.2019).
- [2] Dolzhnostnaya instruktsiya vospitatelya detskogo sada. Dokument obnoven: 01.03.2019 (sootvetstvuyet tekushchemu zakonodatel'stvu) <https://dogovor.24.kz>
- [3] Mombek A., Kenenbayeva M., Zhaparova B. The modern methodology of shaping professional competence among university students // Scopus. Man in India, (6): 345-357
- [4] Zhogary zhane (nemese) zhogary oku ornynan keyingi bilim beru uymdary kyzmetinin ulgi yerezheleri. (KR Bilim zhane gylm ministrinin 29.10.2018 №595 (alғashky resmi zhariyalangan kuninen keyin koldanyaska yengiziledi) [Elektronnyy resurs]: URL: <http://online.zakon.kz> (data obrashcheniya: 12.12.2018).
- [5] Zhumys oku zhospary. Abay at. KazUPU-n Gylymi kenesinde bekitilgen. [Elektronnyy resurs]: URL: <http://www.kaznpu.kz/ru>
- [6] Innovatsionnyye obrazovatel'nyye tekhnologii kak sredstvo optimizatsii professional'noy podgotovki budushchego spetsialista // Zhurnal Sovremennyye problemy nauki i obrazovaniya. – 2016. – № 5 [Elektronnyy resurs]: URL: <https://www.science-education.ru/> <https://www.google.kz> (data obrashcheniya: 28.02.2019).
- [7] Iskakova A., Movkebayeva Z. Inclusive education // Textbook, 2016; 236 p.
- [8] Asanaliev M., Kaidarova A., Baizakova E. Occupational orientation of student's independent work as a factor of student's learning efficiency upgrading // Life science journal 2014; 11 (6s) <http://www.lifesciencesite.com>
- [9] Kupetskova N.V. Osnovnyye kharakteristiki pedagogicheskogo protsessa // Molodoy uchenyy. – 2018. – №34. – S. 106-108. [Elektronnyy resurs]: URL: <https://moluch.ru> (data obrashcheniya: 02.03.2019).
Яркая национальная окрашенность свойственна мультфильмам о животных. Различные человеческие типы у русских ассоциируются с определенными представителями животного мира. Студентам – иностранцам по-

лезно узнать, что мы имеем в виду, когда называем кого-либо лисой или говорим, что у человека заячья душа.

Таким образом, фильмам принадлежит немаловажная роль в формировании культурно-страноведческой и лингвокультуроведческой компетенций иностранных учащихся.

Если рассматривать мультипликационные фильмы в методическом плане, как материал для практических занятий по русскому языку в иностранной аудитории, то надо признать, что возможности этого жанра пока не привлекают внимания профессионалов. Между тем демонстрация и работа с фильмами – важный наглядный фактор повышения речевой и языковой компетенций иностранных студентов. Можно посоветовать преподавателям шире использовать мультфильмы при обучении всем видам речевой деятельности (чтению, письму, аудированию, говорению) на уроках по развитию речи. Работа с фильмом может строиться, например, в такой последовательности: аудирование / чтение, говорение (устный пересказ), письмо (изложение) наконец обсуждение содержания фильма (дискуссия).

Произведения этого жанра послужат хорошим иллюстративным материалом при изучении тематической лексики. Например, при обсуждении традиций гостеприимства у разных народов полезным окажется фильм «Винни-Пух и все, все, все», «Малыш и Карлсон», «Лиса и Журавль». Мягкий юмор этих фильмов вызывает улыбку у обучающихся и способствует созданию непринужденной атмосферы на уроке.

В языковом отношении мультипликация необычайно пластична, она допускает адаптацию в учебных целях, в нее можно органично, без ущерба для формы и содержания вводить нужные элементы. Полученные таким образом тексты обладают рядом несомненных достоинств.

К преимуществам фильмов как учебного материала можно отнести определенную заданность контекста. Известные персонажи и схожие сюжеты существуют в разных культурах, многие из них уже известны иностранной аудитории. Поэтому фильм предсказуем и пон-

ятен, у студентов не возникает серьезных трудностей в восприятии его содержания. Это позволяет им быстрее осваивать новые темы, успешнее выполнять задания. Привлекательность для молодежной аудитории еще связана и с его остросюжетным характером. Ситуации, в которые попадают персонажи минимально дистанцированы от слушателя, которым легко ассоциировать себя с каким-либо персонажем. События фильма студенты переживают почти как жизненную ситуацию. Реконструируя текст в соответствии с лексико-грамматическим заданием, они проявляют почти такую же активность, как при порождении собственного текста.

В лингвистическом плане мультфильмы предоставляют преподавателю богатейшие возможности. В фильмах немало диалогов, содержащих распространенные речевые структуры, знакомясь с которыми иностранные студенты осваивают различные способы выражения основных интенций (желание / нежелание, совет, оценка, осуждение, восхищение, согласие \ несогласие, просьба, приказ и т.д.). Также в силу своего событийного характера фильмы изобилуют глаголами, поэтому все лексико-грамматические темы, связанные с ними, такие как спряжение, образование форм прошедшего и будущего времени, вид, глагольное управление и др., изначально заложены в композиции фильмов, органически связаны с их сюжетной спецификой и могут изучаться как по отдельности, так и комплексно. Мультфильмы чрезвычайно насыщены глаголами движения, как приставочными, так и бесприставочными, что позволяет практически в неизменном виде использовать их при изучении этой темы.

В фильмах часто встречаются глаголы мысли и чувственного восприятия (*думать, догадываться, понимать и др., видеть, слышать, замечать и др.*), глаголы речи и передачи информации (*говорить, рассказывать, спрашивать, отвечать и др., глаголы волеизъявления (хотеть, просить, требовать, приказывать и др.)*). Все они формируют сложноподчиненные предложения с изъяснительными отношениями и мотивируют выбор союзных средств. При демонстрации фильмов можно продемонстрировать учащимся особенности предложений данного типа, например, употребление подчинительных союзов что и чтобы и частицы ли в функции союзного средства.

В заключение хотелось бы еще раз подчеркнуть, что мультипликационные фильмы – дополнительный уникальный инструмент для решения целого комплекса методических задач, применение которого способно дать многосторонний эффект в формировании различных составляющих коммуникативной компетенции иностранных студентов: культурно-страноведческой, лингвокультуроведческой, речевой, языковой.

Таким образом, нет необходимости убеждать кого-то в важности и нужности работы с языковым материалом мультипликационных фильмов при обучении иностранцев аудированию. Однако, на наш взгляд, в данном виде работы есть много методически важных вопросов для обсуждения. Нами были предложены лишь некоторые приемы методики работы с фильмом, которые апробировались на занятиях РКИ. Представляется, что каждый преподаватель может что-то взять из предложенного, с чем-то не согласиться и добавить свои методы и приемы в использовании мультипликации.

*Список использованных источников:*

- [1] Антонова В.Е., Нахабина М.М., Сафронова М.В., Толстых А.А. Дорога в Россию: учебник русского языка (первый уровень) – 15 изд., доп. и перераб. – СПб: Златоуст, 2017. – С.344.
- [2] Айтказина Т.Т. Информационные технологии в практике изучения русскому языку как иностранному /Актуальные проблемы языкознания, литературоведения и лингводидактики: сб. науч. работ, посвященный 80-летию проф. Брулёвой Ф.Г. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2015. – С.56-59.
- [3] Айтказина Т.Т. Использование проектной методики на занятиях русского языка /Journal of Science, Volume 60, Number 2 A. –Ханой, Вьетнам, 2015. – С. 27-32.
- [4] Бегалиева С.Б. Научные основы формирования творческой активности будущих учителей средствами современных педагогических технологий: Монография – Алматы: КазНПУ имени Абая. – 2009. – С.346.

- [5] Брулева Ф.Г., Янь Цзинь Цзюань. Интерактивные технологии в работе над художественным текстом в иностранной аудитории / Казахстан в международном образовательном пространстве: материалы IX международной конф. молодых ученых – Алматы: Улагат, 2017. – 300-303.
- [6] Булгакова С.А. Работа с мультфильмом на уроке РКИ / Материалы VIII международной науч.-практ. конф. Белгородского гос. технологического ун-та им. В.Г.Шухова – Белгород: Белгородский гос. технолог. ун-т, 2015. – С.117-123.
- [7] Вострякова Н.А. Восприятие инокультурного текста студентами подготовительного факультета (на материале кинотека «Трое из Простоквашино»): учеб. пособие. – Волгоград: Политехник, 2016. – С.112.
- [8] Гончар И.А. Послушайте! Учеб. пособие для иностранных учащихся, изучающих русский язык: 2 вып.: базовый уровень (А2). – СПб: Златоуст, 2015. – С.154.
- [9] Гончар И.А. Послушайте! Учеб. пособие для иностранных учащихся, изучающих русский язык: 3 вып.: первый уровень (В1): общее владение РКИ. – СПб: Златоуст, 2014. – С.165.
- [10] Дьяченко Т.Н. Мы из будущего (использование художественных фильмов в языковом учебном процессе) / Русский язык за рубежом. – М.: 2015. – № 3. – С.21-27.
- [11] Набоких Е. М. Использование мультфильмов на начальном этапе обучения (уровень А1) / Молодой ученый. – М.: 2017. – № 48. – С.328-330.
- [12] Нуршаихова Ж.А., Азнабакиева А.А. Инновационное преподавание языков (РКИ и КазКИ) / Казахстан в международном образовательном пространстве: материалы IX международной конф. молодых ученых – Алматы: Улагат, 2017. – С.191-193.
- [13] Нурагунова Г.М. Информационные технологии обучения в иноязычной аудитории / Инновационный опыт преподавания иностранных языков: Материалы III – международного науч.-метод. семинара Института Конфуция при КазНУ имени аль-Фараби, Международного казахско-китайского языкового колледжа – Алматы: Мерей, 2018. – 266 с., С.73-77.
- [14] Оралбекова А.К., Паччаханова Д.А. Возможности использования информационных и коммуникационных технологий в обучении и воспитании детей / Казахстан в международном образовательном пространстве: материалы IX международной конф. молодых ученых – Алматы: Улагат, 2018. – 184-187.
- [15] Скороходов Л.Ю., Хорохордина О.В. Окно в Россию: учебное пособие по русскому языку как иностранного для продвинутого этапа: в 2 частях. – Часть 1. – СПб: Златоуст, 2015. – С.192.
- [16] Эсмантова Т.Л. 5 элементов: уровень А2 (базовый). – 4 изд. – СПб: Златоуст, 2016. – С.328.
- [17] Эсмантова Т.Л. 5 элементов: учебник (уровень В1, базовый – сертификационный) – 3 изд. – СПб: Златоуст, 2016. – С.340.

*References:*

- [1] Antonova V.Ye., Nakhabina M.M., Safronova M.V., Tolstykh A.A. Doroga v Rossiyu: uchebnik russkogo yazyka (pervyy uroven')- 15 izd., Dop. i pererab. – SPb: Zlatoust, 2017. – 344s.
- [2] Aytkazina T.T. Informatsonnyye tekhnologii v praktike izucheniya russkogo yazyka kak inostrannogo, literaturovedeniya i lingvodidaktiki: sb. nauch. rabot, posvyashchennyy 80-letiyu prof. Brulovoy F.G. – Almaty: KazNPU im. Abaya, 2015. – S. 56-59.
- [3] Aytkazina T.T. Ispol'zovaniye proyektnoy metodiki na zanyatiyakh russkogo yazyka / Vestnik nauki, tom 60, nomer 2 A. –Khanoy, V'yetnam, 2015. – S. 27-32.
- [4] Begaliyeva S.B. Nauchnyye osnovy formirovaniya tvorcheskoy aktivnosti budushchikh uchiteley s ispol'zovaniyem sovremennykh pedagogicheskikh tekhnologiy: Monografiya – Almaty: KazNPU imeni Abaya. – 2009. – 346 s.
- [5] Bruleva F.G., Yan' TSzin' TSzyuan'. Interaktivnyye tekhnologii v rabote nad khudozhestvennym tekstem v Kazakhstane. molodyh uchenykh – Almaty: KazNPU im. Abaya, izd-vo «Ulagat», 2017. – S.300-303.
- [6] Bulgakova S.A. Rabota s mul'tfil'mom na uroke RKI / Materialy YSH mezhdunarodnoy nauchnoy.-prakt.konf. Belgorodskogo gos. tekhnologicheskogo un-ta im. V.G. Shukhova – Belgorod: izd-vo Belgorodskogo gos. tekhnolog. un-ta, 2015. – S.117-123.
- [7] Vostryakova N.A. Vospriyatiye inokul'turnogo teksta studentami podgotovitel'nogo fakul'teta (uchebnoye posobiye «Трое из Простоквашино »): ucheb. posobie. – Volgograd: RPK «Politehnik» 2016. – 112 s.
- [8] Gonchar I.A. Poslushayte! ucheb. posobie dlya inostrannykh uchashchikhsya, izuchayushchiy russkiy yazyk: vyp. : bazovyy uroven' (A2). – SPb: Zlatoust, 2015. – 154 s.
- [9] Gonchar I.A. Poslushayte! ucheb. posobie dlya inostrannykh uchashchikhsya, izuchayushchiy russkiy yazyk: 3 vyp. : pervyy uroven' (V1): obshcheye vladeniye RKI. – SPb: Zlatoust, 2014. – 165 s.
- [10] D'yachenko T.N. My iz budushchego (ispol'zovaniye khudozhestvennykh fil'mov v yazykovom uchebnom protsesse). – М.: 2015. – №3. – S. 21-27.
- [11] Nabokikh Ye. M. Ispol'zovaniye mul'tfil'mov na nachal'nom etape obucheniya (uroven' A1) / Molodoy uchenyy. – М.: 2017. – №48. – S. 328-330.
- [12] Nurshaikhova Zh.A., Aznabakiyeva A.A. Innovatsionnoye prepodavaniye yazykov (RKI i KazKI). molodykh uchenykh – Almaty: KazNPU im. Abaya, izd-vo «Ulagat», 2017. – 191 – 193.



[13] Nurakhunova G.M. Informatsionnyye tekhnologii obucheniya v inoyazychnoy auditorii / Inno-vatsionnyy opyt prepodavaniya inostrannykh yazykov: Materialy Sh – mezhdunarodnyy nauch.-metod. seminara Institut Konfederatsii pri KazNU imeni al'-Farabi, Mezhdunarodnyy kazakhsko-kitayskiy yazykovyy kolledzh – Almaty: Izd-vo «Merey», 2018. – 266 s., s. 73-77.

[14] Oralbekova A.K., Pachchakhanova D.A. Vozmozhnosti ispol'zovaniya informatsionnykh i kommunikatsionnykh tekhnologiy v obuchenii i vospitanii detey // Kazakhstan v mezhdunarodnom obrazovatelnom prostranstve: Materialy IX mezhdunarodnoi konf. molodykh uchenykh – Almaty: KazNPU im. Abaya, izd-vo «Ulagat», 2018. – 184 – 187.

[15] Skorokhodov L.YU., Khorokhordina O.V. Uchebnoye posobiye po russkomu yazyku kak inostrannomu dlya prodvinitogo etapa: v 2 chastyakh. – Chast' 1. – Spb: Zlatoust, 2015. – 192 s.

[16] Esmantova T.L. 5 elementov: uroven' A2 (bazovyy). – 4 izd. – SPb: Zlatoust, 2016. – 328s.

[17] Esmantova T.L. 5 elementov: uchebnik (uroven' V1, bazovyy – sertifikatsionnyy) – 3 izd. – SPb.: Zlatoust, 2016. – 340 s.

### **Орыс тілін шет тілі ретінде оқыту тәжірибесінде мультипликациялық фильмдерді пайдалану**

**Ф.М. Ержанова<sup>1</sup>, Н.Минаева<sup>2</sup>**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

#### *Аңдатпа*

Мақалада шетелдік студенттерді В1-В2 деңгейінде тыңдалымға оқыту үшін анимациялық фильмдерді шынайы материал ретінде қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. 5 фильм негізге алынып, талданды. Шеттілді аудиториялардағы мультипликациялық фильмдермен жұмысты ұйымдастырудың белгілі бір бірізділігі мен әдістемелік тхілдері ұсынылады. Анимациялық фильмдермен жұмыс кейіпкерлердің саны аз және диалогтар саны аз болғандармен басталады. Шетелдік аудиторияда мультфильмнің жұмысын ұйымдастырудың белгілі бір дәйектілігі мен әдіснамасы ұсынылған. Фильмдерді көп жақты пайдалану шетелдік студенттердің тілдік, сөйлеу, мәдени және аймақтық зерттеулер, лингвистикалық және мәдениеттану пәндерінің коммуникативтік құзыреттілігінің түрлі компоненттерін қалыптастыру үшін ескеріледі. Бейнені пайдалану аудиторияда проблемалық жағдайларды жасауға көмектеседі, бұл сөйлеу дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

*Түйін сөздер:* мультипликация, тыңдалым, түпнұсқалық дыбыс мәтіні, кабылдаудың барабарлығы, ұлттық мәдени ерекшелік, орыс халқының менталитетінің ерекшелігі.

### **The use of animated films in the practice of teaching Russian as a foreign language**

**F.Yerzhanova<sup>1</sup>, N.Minaeva<sup>2</sup>**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakstan)*

#### *Abstract*

The article discusses the possibility of using animated films as authentic material for teaching listening to foreign students at level B1-B2. Justifies the choice of these 5 films. A certain sequence and methodical methods of organizing work with a cartoon film in a foreign audie Work with animated films begins with those in which there are few heroes and a small number of dialogues. A certain sequence and methodical methods of organizing work with a cartoon film in a foreign audience are proposed. The multilateral use of films is taken into account for the formation of various components of the communicative competence of foreign students: language, speech, cultural and regional studies, and linguistic and cultural studies. The use of video helps to create problem situations in the classroom, which helps to enhance the skills of speaking.

*Keywords:* animation, listening, authentic sounding text, adequacy of perception, national-cultural specificity, peculiarity of the mentality of the Russian people.

*Поступила в редакцию 11.03.2019*

МРНТИ 14.35.01

Т.Т. ЕРЕЖЕПОВ<sup>1</sup>, С.Т. ИСАЛИЕВА<sup>2</sup>

<sup>1-2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)

## БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ МӘДЕНИЕТІН ДАМУЫ КОМПОНЕНТТЕРІ

*Аңдатпа*

Жастардың денсаулық жағдайы жоғары оқу орындарындағы дамыту білім беру ортасында білім алушыларда денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру және СӨС моделін енгізу жолында педагогтарға кезігетін күрделі проблема. Бұл мақалада жастардың денсаулық мәдениетін арттыруға, қалыптастыруда бағытталған негізгі орын алатын компоненттеріне тоқталып, сипаттамалар беріледі. Осыған байланысты дамыту білім беру ортасында денсаулық мәдениетінің негізгі компоненттерін зерттеу маңызды болып табылады. Адамның денсаулығына жекелеген индивидтен мүлдем тәуелсіз бірқатар факторлар көбірек ықпал етуді, ал сонымен бірге дәстүрлі денсаулық сақтау секторының оларға ықпалы болмашы ғана. Денсаулықты нығайту және қорғау – жеке адам үшін салауатты өмір салтын насихаттау мен адамдардың мінез-құлқындағы өзгерістерден, үкіметтер, қауымдасдықтар мен сектор тарапынан қолға алынып отырған адам денсаулығына қауіп төндіретін тәуекел факторларын бақылауға алуға дейінгі әрекеттердің кең шоғырын қамтиды.

*Түйін сөздер:* дамыту білім беру ортасы, денсаулық мәдениеті, компонент, санат, салауатты өмір салты, денсаулық сақтау ұйымы, өмір стилі, жоғарғы оқу орны.

**Кіріспе.** Қазіргі заманғы қоғам жаһандық экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістерге ұшырап жатыр, олар бүкіл әлемде және Қазақстанда, атап айтқанда, білім беру жүйесін реформалау және жаңғыртуды әкеледі. Интернационалдандыру, жаһандану, цифрландыру өз жағдайын тұғызады, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуді талап етеді. Жыл сайын екі деңгейлі білім беру бағдарламалары кеңейіп, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы дамып келеді. Студенттердің жоғары оқу орындардың білім беру кеңістігіне табысбы бейімделуі көбінесе әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен дамушы білім беру ортасының ішкі факторлары, психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру арқылы айқындалады. Осыған байланысты ҚР ЖОО-да дамыту білім беру ортасында денсаулық мәдениетінің негізгі компоненттерін зерттеу маңызды болып табылады.

**Негізгі бөлім.** Қазақстан халқының денсаулығы еліміздің экономикалық дамуының, оның мәдени және тарихи мұрасының, әдеттері мен ғұрыптарының аса маңызды факторы болып табылады. «Қоғамдық денсаулық – бұл

инволюцияны емес, жаңа экологиялық жағдайлардағы прогрессивті өзгерістер мен эволюцияға кепілдік береді» [1]. Осыған орай, балалар мен жастардың денсаулығын сақтау және нығайту қоғамның бірінші кезектегі әрі маңызды қажеттілігі болып табылады [2; 3; 4; 5; 6].

Денсаулық проблемасы ХХ ғасырдың ортасында – ғылым мен техниканың қарқындап дамуы кезеңінде өткір пайда болды. Қазіргі уақытта әлемдік экономиканың жаһандануы жалғасуда, қызмет көрсету секторы ұлғаюда және ақпараттық-қатынас технологияларының шарықтап дамуы жүріп жатыр. Мұның бәрі жаңа білімдерді, ептіліктер мен амалдарды қажет етеді. Адамның денсаулығына жекелеген индивидтен мүлдем тәуелсіз бірқатар факторлар көбірек ықпал етуді, ал сонымен бірге дәстүрлі денсаулық сақтау секторының оларға ықпалы болмашы ғана. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, еңбекті үнемдеуші технологиялар мен ақпараттық-қатынас төңкерістері. Ғалымдар денсаулықтың нашарлауының негізгі себептерін атап көрсетеді. Олар – экологиялық, әлеуметтік, саяси және этномәдениеттанушылық себептер. ДСҰ сарапшылары халықтың денсаулығын сақтау мен нығайту үшін

алдын алу шараларының маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Олар денсаулық адамның негізгі құқығы екендігін, және де денсаулықтың анағұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізу қоғамның аса маңызды әлеуметтік міндеті (мұны орындау үшін қоғамның барлық әлеуметтік институттары бірлесе күш жұмсаулары тиіс) болып табылатындығын растайды [7; 8; 9]. ДСҰ Жарғысында – «Денсаулықтың қол жеткізуге болатын ең жоғары деңгейіне ие болу, кез-келген адамның нәсіліне, дініне, саяси көзқарастарына, экономикалық және әлеуметтік жағдайына қарамастан олардың құқықтарының бірі болып табылады» – делінген [10]. Алайда халықтың денсаулығы, зерттеушілердің пікірі бойынша мінсіз емес. Е.И. Каркищенко атап көрсеткендей, «Медицина ғылымында соңғы жылдары қол жеткен едәуір жетістіктерге қарамастан, жер шары халқының денсаулығына төнетін көптеген қауіптер сақталуда. Бұл аз болғандай, олардың көпшілігі әлеуметтік, кәсіби, экономикалық немесе экологиялық құрамдас бөлікке ие бола отырып, таза медициналық проблема шеңберінен шығып кеткен» [11].

Денсаулықты нығайту және қорғау – жеке адам үшін салауатты өмір салтын насихаттау мен адамдардың мінез-құлқындағы өзгерістерден, үкіметтер, қауымдастықтар мен жеке сектор тарапынан қолға алынып отырған адам денсаулығына қауіп төндіретін тәуекел факторларын бақылауға алуға дейінгі әрекеттердің кең шоғырын қамтиды. ДСҰ халықтың салауатты өмір салтына зейінді денсаулықты насихаттауға, қауымдастықтардың өкілеттігін ұлғайтуға және денсаулыққа бағдар ұстаған бұқаралық ақпарат құралдарының стратегиясын жасауға шоғырландыра отырып өтуді қолдап-қуаттайды. «Денсаулықты нығайту саясаты алуан түрлі, алайда құқықтық реттеуді, фискалды қамтамасыз етуді, салық салу мен ұйымдастыру жағынан өзгерістерді қосқандағы бірін-бірі толықтырып тұратын тәсілдерді қарастырады. Ол сондай-ақ денсаулықтан өзге секторлардағы дұрыс әлеуметтік саясатты құру жолындағы кедергілерді, сондай-ақ осынау кедергілерден өтудің тәсілдерін анықтауды қарастырады. Саяси қайраткер-

лерге денсаулықтың пайдасына таңдау жасауға жеңіл болу тиіс» [12].

Біздің көзқарасымыз бойынша А.В. Царик адам, денсаулығына қатысты қазіргі заманғы көзқарасты білдіретін анағұрлым дәлме-дәл тұжырымды берген. Оның пікірі бойынша, денсаулық – бұл адамның ағзасында патологиялық ауытқулар болмаған жағдайда, оны өзгеріп отыратын сыртқы ортаның табиғи әсеріне қарсы тұруға жеткілікті толыққанды биоәлеуметтік тіршілікпен, дененің және ақыл-ойдың жұмысқа қабілеттілігімен қамтамасыз ететін психофизиологиялық және рухани жағдай. Адамның денсаулығы – биологиялық, экологиялық және әлеуметтік факторлардың күрделі қарым-қатынасының нәтижесі. Бұл факторлардың адам денсаулығы жағдайына түрлі ықпалы болады [13]. Олар, көптеген ғалымдардың пікірінше мыналар: тұқым қуалаушылық – 20%; қоршаған орта – 20%; медициналық көмек деңгейі – 10%; өмір салты – 50%. Ал ДСҰ сарапшыларының пікірі бойынша адам денсаулығы 50-55% өмір салтына тәуелді болса, 20-23% – тұқым қуалаушылыққа, 20-25% – қоршаған орта жағдайына (экологияға) және 8-12% денсаулық сақтауға тәуелді. Көріп отырғанымыздай, негізгі пайыз (50-55%) «өмір салты» көрсеткішіне тура келеді екен. Егер адамзат тарихына зер салатын болсақ, онда оның тірі қалуында айқындаушы болып табылатын дене белсенділігінің болғандығын атап өткен жөн.

В.И. Белов былай деп атап көрсетеді: «Адам эволюциясында қозғалыссыз ұзақ кезеңдер болмаған. Біздің ата-бабаларымыз бұл жағдайда жер бетінен жойылып кететін еді. Демек, адам ағзасы үнемі денеге түсетін жүктемеге қуаттанып отырған және де қуаттанып отырады. Осы күнге дейін ешкім де гиподинамияға қарсы дәрі ойлап тапқан жоқ. Бұдан шығатын жол біреу: деннің саулығы болуы үшін қозғалу қажет, және де ол тек уақыт болған шақта, кездейсоқ жағдайда ғана емес, ең маңыздысы – ол үнемі, тіпті уақыт жетпей жатқан кезде де бола беруі тиіс. Ұзақ өмір сүретіндердің өмір салтын зерттеу көрсеткендей, олардың денесіне түсетін жүктеме күн сайын, үзіліссіз әрі жыл бойына жалғасып оты-

рады. Осы ретте мынадай заңдылық анықталды: дене шынықтырумен шұғылданудың үздіксіз өтілі қаншама ұзақ болған сайын, ерлерде де, әйелдерде де денсаулық деңгейі соншама жоғары бола бермек» [14].

Қазіргі таңда ғалымдар әлеуметтік факторлардың адам денсаулығына ықпалы 60-70%-ды құрайтындығын дәлелдеді. Оқушылар үшін әлеуметтік болып табылатыны – ол мынадай ұйымдастыру-педагогикалық факторлар:

– оқытудың қолда бар сыныптық-сабақтық технологиялары;

– мұғалім жұмысының педагогикалық стилі;

– мектептің тіршілік әрекетінің білім беру кеңістігін тиісті дәрежеде ұйымдастыруды және психологиялық қолдаудың сипатын білдіретін салауатты өмір салтына бағытталған тәрбие мақсатын жүзеге асыру;

– қажетті медициналық көмекті көрсету;

– оқытудың санитарлық-гигиеналық шарттары мен өзге де факторлар.

Осы аралықта, шынайы білім практикасында ұйымдастыру-педагогикалық шарттардың білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және олардың денсаулық жағдайларына сәйкес келмеуден тұратын қарама-қайшылықтар да бар. Дамыта білім беру теориясының негізін қалаушы Л.С. Выготский «дұрыс ұйымдастырылған білім беру балалардың ақыл-ойының дамуына алып келеді» – деп атап көрсеткен. Ол оқушының салыстырмалы табыстылығы үшін «оның жақындағы даму аймағы немесе басқаша айтқанда материалды мұғалімнің көмегімен өз денсаулығына зиян келтірместен меңгеруі маңызды». Өз кезегінде қазақстандық ғалымдар жүргізіп отырған ғылыми зерттеулер студент жастардың денсаулығының нашарлап келе жатқандығын көрсетеді. Бұл процесс тұрақты сипатқа және «мектеп-ЖОО» кезеңімен оқытуда денсаулықтың негізгі көрсеткіштерінің төмендеу динамикасына ие болуда. Жоғарыда атап көрсетілгендей, ғалымдардың зерттеуі адам денсаулығы оның өмір салты мен өмір сапасына тікелей тәуелді [15]. Ғалымдардың көпшілігі өмір салтын мынадай төрт категориямен сипаттайды. Олар: өмір сүру деңгейі, өмір сүру салпы, стилі және өмір сапасы.

Т.Б. Казаренкова, өмір салты – бұл өмір жағдайларын (табиғи, материалдық, әлеуметтік, рухани, адамгершілік, мәдени және т.б.) жүзеге асыруға бағытталған, адамның тіршілік әрекетінің сапалық және сандық жақстарының бірлігі. СӨС бір жағынан өмір салтының формасы (аспектілерінің бірі), екінші жағынан – өмір салтының өзге формалары мен көріністерін жүзеге асырылуы мен дамуына септігін тигізетін шарт болып табылады. Ол өмір салтының мына келесі сипаттамаларын береді:

– өмір сүру деңгейі өмір жағдайының қатарына ұлттық табыстың көлемі мен тұтыну ақшаларын, халықтың шынайы табыстарының мөлшерін, тұрғын үймен қамтамасыз етілуін, медициналық көмекті және т.б. жатқызады;

– өмір салты – шеңберінде адамдардың тіршілік әрекеті жүріп жататын тәртіп;

– өмір стилі – тіршілік әрекеті, белсенділік көріністерінің бірі ретіндегі мінез-құлықтың дара ерекшеліктері;

– өмір сапасы – тамақтану деңгейінің сапалық жағын, жайлылық деңгейін және т.б. сипаттайды [16].

Денсаулық адам ағзасының қоршаған ортаға сәйкес келетін және оған (адамға) оңтайлы тіршілік әрекетін, сондай-ақ толыққанды еңбек қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық-функционалдық мәліметтерінің үйлесімді жиынтығын қамтамасыз етеді. Денсаулық – бұл тұлғадан және оның бүтіндей дамуынан бөлінбейтін шығармашыл процесс. Егер адамда өзіне деген шығармашыл көзқарас болмаса, онда денсаулыққа қол жеткізудің бүтіндей және үйлесімді жолы болмайды. Адам өз денсаулығын өзі жасаушы екендігі маңызды фактор болып табылады. Ғалымдардың пайымдауынша қазіргі заманғы рухани мәдениетте денсаулық ұғымы мен оны қалыптастыру жолдарына жаңа интегралды көзқарастың пайда болғандығы байқалады. ДСҰ баяндамасында «Мақсат, қанағаттанарлық денсаулығы бар адамдардың денсаулығын одан сайын жақсарту ғана емес, сол қанағаттанарлық денсаулыққа бәрінің қолын жеткізу болып отыр» – деп атап көрсетілген [17].

Біздің көзқарасымыз бойынша денсаулық пен оны құрайтындардың сипаттамасы психо-



логиялық-педагогикалық сөздік-анықтамада анағұрлым толық берілген: «Денсаулық – 1) адамның өмірлік көріністерінің толыққандығын сипаттайтын ауруға қарсы жағдай; 2) аурудың немесе тәндік кемістіктердің жоқтығы ғана емес, толықтай тәндік, рухани және әлеуметтік игілік; 3) ағзаның қоршаған ортамен байсалды қарым-қатынасымен және қандай да бір аурушандық өзгерістердің жоқтығымен сипатталатын табиғи жағдайы; 4) субъектінің (тұлғаның және әлеуметтік қауымдастықтың) қолайлы тіршілік әрекеті жағдайы, оның әлеуметтік практика саласында жан-жақты және ұзақ мерзімді белсенділігінің алғы шарттары мен жағдайларының болуы; адам мен әлеуметтік қауымдастықтың тіршілік әрекеті жағдайының сапалық-сандық сипаттамасы [18].

«Денсаулық» категориясын толықтай ұғыну және оны жоғары мектеп жағдайында анағұрлым тиімді пайдалану үшін, елеулі компоненттерден, олардың сипаттамаларынан, факторлары мен принциптерінен тұратын схемаға жүгінейік (1 сурет).

Денсаулықты құраушыларды бөліп көрсете отырып, оларға егжей-тегжейлі сипаттама беруге болады:

*Тән саулығы* – ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты қызмет етуімен шарттасып жатқан оның табиғи жағдайын білдіреді. Егер барлық мүшелер мен жүйелер жақсы жұмыс істесе, онда адамның бүкіл ағзасы, өзін-өзі реттеуші жүйе секілді дұрыс жұмыс істейді әрі дамиды.

*Жан (психиканың) саулығы*, бас миының хал-ахуалына тәуелді. Ол ойлаудың деңгейімен және сапасымен, зейін мен естің дамуымен, эмоциялық тұрақтылық дәрежесімен, ерік сапаларының дамуымен сипатталады. «Психикалық саулық – адам психикасының индивидке өз денсаулығын толыққанды дәрежеде сақтап тұруға мүмкіндік беретін қолайлы жай-күйі» [19].

*Әлеуметтік саулық* – адамның әлеуметтік өмірінің және оның белгілі бір адамзат қоғамында тіршілік етуінің негізі болып табылатын моральдық принциптерге тәуелді. Адамның әлеуметтік денсаулығының ерекше белгілері,


жалпы алғанда, еңбекке деген саналы көзқарастың болуы, салауатты өмір салтына қарама-қайшы келетін жағымсыз мінездер мен әдеттерден арылу. Тәні мен жаны сау адам мораль нормаларын сақтауға міндетті; олар оның рухани даму дәрежесін айқындай отырып, адам өмірінің негізі болып табылады.

*Рухани саулық* – адамның биік өнегелілік мұраттарының, ерік жігерінің, отансүйгіштік сезімінің, мәдениет құндылықтарын меңгеруін, өз Отанына деген махаббат сезімінің болуын көздейді. Міне сондықтан адам дара тіршілік иесі болып табылады, денсаулықты да дарашылдық контекстінде қарастырудың мәні бар.

*Жеке адамның денсаулығы* – ағзаның табиғи жағдайы болып табылады және патологиялық қозғалыстардың, қоршаған ортамен қолайлы байланысты, оның барлық қызметтерінің үйлесімділігін көздейді. Жеке адамның денсаулығы – бұл ағзадағы биохимиялық реакциялар мен физиологиялық процесстердің бірлігі, бұл оның бүкіл жүйесі мен ішкі жүйесінің қолайлы тіршілік әрекеті үшін қажетті жағдайларды жасайды.

Жеке адамның денсаулығы адамның қоршаған сыртқы ортамен өзара әрекеттесуінде байқалады. Сондықтан ғалымдар денсаулықты қалыптастырушы сыртқы (орта) және ішкі факторларды айқындайды. Ғалымдардың пікірі бойынша, сыртқы факторларға экологиялық орта, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, білім беру мекемелері мен отбасындағы психологиялық ахуал жатады. Конституциялық тұқым қуалаушылық сипаттамалармен қатар ішкі факторлардың арасында олар адамның өмірге деген оптимистік көзқарастарын, оның жан тепе-теңдігі, шығармашылық әлеуетті ашуды бөліп көрсетеді. Денсаулықтың сыртқы және ішкі факторларының өзара әрекеттесуі тұтастай алғанда адам өмірінің жеке дара көрінісін сипаттайды, ал адамның бүкіл өмірлік жүйесінің бір тәртіпте болуы оның денсаулығын қауіпсіз деңгейде қамтамасыз етеді.

Адам өмірінің бүкіл сыртқы және ішкі факторларының жиынтығын ескере және үлгісін жасай отырып, оның денсаулығын басқару жүйесін құрудың мүмкіндігі пайда болатын-



1 сурет. «Денсаулық» категориясын ашып көрсететін схема

дығын атап көрсеткен маңызды. Біз осынау ішкі және сыртқы факторлардың жиынтығын, сондай-ақ жеке дара өмір салтын модельдеу арқылы денсаулық механизмдеріне әсер ете отырып адам денсаулығын модельдеуге болады деп болжадық. Біздің көзқарасымыз бойынша, қалыпты деңгейде денсаулықты қамтамасыз ету барысында адам біздің түсінігімізді бақытты өмір делінетін, өзін-өзі қолайлы түрде жүзеге асырудың шынайы мүмкіндіктеріне ие болады [20].

В.А. Бароненко былай деп атап көрсетеді: «Дені сау әрі рухани жағынан дамыған адам өзінің кәсіби қызметінен ләззат алады, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады, берекелі өмір мен ішкі кемелдіктің жоғары деңгейіне қол жеткізеді» [21].

Ғалымның пікірінше, адамның бүтіндей денсаулығының мынадай құрамдас үш бөлігі болады:

1. Адам ағзасына сыртқы және ішкі ортаның өзгерістеріне ықтимал бейімделуді қамтамасыз ететін, оның (ағзаның) қосалқы мүмкіндіктерінің болуын көздейтін тән саулығы.

2. Зейін, ес, ойлау жағдайымен, эмоциялық-ерік сапаларының ерекшеліктерімен, өзін-өзі реттеу, өзінің ішкі психологиялық ахуалын басқару қабілетімен сипатталатын психоэмоциялық денсаулық.

3. Адамның жалпы адамзаттық және отандық рухани құндылықтарды мойындаудан, басқа көзқарастарға және өзгенің еңбегіне құрметпен қараудан, дүниеге деген әрекетті қатынастан, белсенді өмірлік көзқарастан байқалатын, адамның сыртқы әлеммен өзара қарым-қатынастарында оның мінез-құлықтарының құндылықтары мен мотивтері жүйесін бейнелейтін әлеуметтік-адамгершілік денсаулық. Біз, денсаулық қоғамның дамуының экономикалық, әлеуметтік, рухани нормаларының

аса маңызды көрсеткіші болып табылады және қоғамның, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, дене тәрбиесі мен спорттың зияткерлік дамуымен тығыз байланысты деп есептейміз.

**Қорытындылай** келе көріп тұрғанымыздай, дамыту білім беру ортасындағы денсаулықтың мәнін ұғынуға қатысты анықтамалар мен көзқарастар өте көп. Оларда авторлардың

кәсіби қызметі мен олар ұстанатын концептуалды және ғылыми қағидаларға қарай олардың белгілі бір көзқарастары тұжырымдалған. Денсаулық кез-келген қоғамның тұрақты дамуының маңызды ресурсы болып табылады деп қорытынды жасауға болады, тіпті денсаулық – бұл бүкіл әлемдік қауымдастықтың мәдени және өркениетті дамуының негізі деуге де болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Казначеев В.П. Проблемы человековедения. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1997. – С. 352. [Электронный ресурс]: URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=21382925>.
- [2] Роттенберг Р. Расти здоровым: Детская энциклопедия здоровья / Р.Роттенберг. – М.: ФиС, 1993. – С. 591.
- [3] Физическая культура и здоровье учащейся молодежи: Сборник научных трудов / Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена /Отв.ред. Т.В.Забалуева. – СПб: Образование, 1995. – С. 131.
- [4] Харитонов В.И. Физическое развитие – основа здоровьесберегающей среды учащихся /В.И. Харитонов. – Челябинск: Уральская государственная академия физической культуры, 2000. – С. 152.
- [5] Tervalon M. Components of culture in health for medical student's education // Acad Med., 2003, Jun, 78(6): 570-6 [Electronic resource]: URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/12805035>.
- [6] Misa Kayama, Wendy Haight. Disability, Culture, and Development: A Case Study of Japanese Children at School. – New York: Oxford University Press 2014, P.92.
- [7] Честнов О.П. Научное обоснование стратегических направлений международного сотрудничества Российской Федерации с Всемирной организацией здравоохранения: дис... канд.мед.наук: 14.00.33. – М., 2007. – С. 175. [Электронный ресурс]: URL: <http://www.dissercat.com/content/nauchnoe-obosnovanie-strategicheskikh-napravleniimezhdunarodnogo-sotrudnichestva-rossiiskoi>.
- [8] Достижение Целей тысячелетия в области развития, связанных со здоровьем: доклад о состоянии работы. – ВОЗ. – 23.12.2004. – EB 115/5 [Электронный ресурс]: URL: [http://apps.who.int/gb/archive/pdf\\_files/EB115/EB115\\_5-ru.pdf](http://apps.who.int/gb/archive/pdf_files/EB115/EB115_5-ru.pdf).
- [9] Оськина Е.П. Проектирование локальной образовательной среды для физкультурного образования студентов технического вуза: Дис... канд.пед.наук: 13.00.08. – Томск, 2003. – С.193. [Электронный ресурс]: URL: <http://www.dissercat.com/content/proektirovanie-lokalnoi-obrazovatelnoi-sredy-dlya-fizkulturnogo-obrazovaniya-studentov-tekhn#ixzz5X7ocwXCW>.
- [10] Устав (Конституция) Всемирной организации здравоохранения: Основные документы. – 48-е издание. – Женева, 1995. – С.5-26 [Электронный ресурс]: URL: [https://www.who.int/governance/eb/who\\_constitution\\_ru.pdf](https://www.who.int/governance/eb/who_constitution_ru.pdf).
- [11] Каркищенко Е.И. Всемирная организация здравоохранения: структура и основные направления деятельности / Е.И. Каркищенко. – М., 2004. – С. 195.
- [12] Отчет о состоянии здравоохранения в мире, 1997 год: победа над страданиями, обогащение человечества. – Всемирная организация здравоохранения. – Женева, 1997. – С.206.
- [13] Царик А.В. Справочник работника физической культуры и спорта: нормативные, правовые документы, практический опыт, рекомендации. – М.: Советский спорт, 2002. – С.700.
- [14] Белов В.И. Энциклопедия здоровья. Молодость до ста лет. – М.: Мир книги, 1999. – С.399.
- [15] Активный образ жизни и здоровье студента: учебное пособие / Н.А. Агаджанян (и др.). – 2-е изд. перераб. и доп. – Ташкент: Медицина, 1988. – С.341.
- [16] Казаренкова Т.Б. Социология здорового общества: (образовательный аспект) /Т.Б. Казаренкова. – М.: Педагогика, 1999. – С. 84.
- [17] Отчет о состоянии здравоохранения в мире, 1997 год: победа над страданиями, обогащение человечества. – Женева: Всемирная организация здравоохранения, 1997. – С.206.
- [18] Терминологический словарь-справочник по психолого-педагогическим дисциплинам: словарь-справочник / Авт.-сост.: Т.М. Баринова, И.О. Гарипова, В.В. Каранова, Н.П. Леонова, Е.А. Шкатова, рец. В.Т. Кудрявцева, Е.М.Гоголева. – Магадан: Изд. Охотник, 2011. – С.67.
- [19] Сидоров А.А. Основы научного исследования спортивно-педагогического процесса /А. А.Сидоров (и др.). – СПб, 2000. – С.243.
- [20] Исалиева С.Т. Актуальные аспекты формирования здоровой личности ребенка //Педагогика и психология. – 2017. – № 1(30). – С.69-74.
- [21] Бароненко В.А. Здоровье и физическая культура студента /В.А.Бароненко (и др.). – М.: Альфа-М, 2003. – С. 352.

References:

- [1] Kaznacheev V.P. Problemy chelovekovedeniya. – M.: Issledovatel'skij centr problem kachestva podgotovki specialistov, 1997. – 352 s. [Elektronnyj resurs]: URL: [https://elibrary.ru/item.asp\\_id=21382925](https://elibrary.ru/item.asp_id=21382925).
- [2] Rottenberg R. Rasti zdorovym: Detskaya enciklopediya zdorov'ya / R.Rottenberg. – M.: FiS, 1993. – 591 s.
- [3] Fizicheskaya kul'tura i zdorov'e uchashchejsya molodezhi: Sbornik nauchnyh trudov / Rossijskij gosudarstvennyj pedagogicheskij universitet im. A.I. Gercena / Otv.red. T.V. Zabalueva. – SPb: Obrazovanie, 1995. – 131 s.
- [4] Haritonov V.I. Fizicheskoe razvitiye – osnova zdorov'esberegayushchej sredy uchashchihsya /V.I. Haritonov. – Chelyabinsk: Ural'skaya gosudarstvennaya akademiya fizicheskoy kul'tury, 2000. – 152 s.
- [5] Tervalon M. Components of culture in health for medical student's education // Acad Med., 2003, Jun, 78(6): 570-6 [Electronic resource]: URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/12805035>.
- [6] Misa Kayama, Wendy Haight. Disability, Culture, and Development: A Case Study of Japanese Children at School. – New York: Oxford University Press 2014, P.92.
- [7] Chestnov O.P. Nauchnoe obosnovanie strategicheskikh napravlenij mezhdunarodnogo sotrudnichestva Rossijskoj Federacii s Vsemirnoj organizaciej zdavoohraneniya: dis. ... kand.med.nauk: 14.00.33. – M., 2007. – 175 s. [Elektronnyj resurs]: URL: <http://www.dissercat.com/content/nauchnoe-obosnovanie-strategicheskikh-napravlenii-mezhdunarodnogo-sotrudnichestva-rossiiskoi>.
- [8] Dostizhenie Celej tysyacheletiya v oblasti razvitiya, svyazannyh so zdorov'em: doklad o sostoyanii raboty. – VOZ. – 23.12.2004. – EV 115/5 [Elektronnyj resurs]: URL: [http://apps.who.int/gb/archive/pdf\\_files/EB115/B115\\_5-ru.pdf](http://apps.who.int/gb/archive/pdf_files/EB115/B115_5-ru.pdf).
- [9] Os'kina E.P. Proektirovanie lokal'noj obrazovatel'noj sredy dlya fizkul'turnogo obrazovaniya studentov tekhnicheskogo vuza: Dis. ... kand.ped.nauk: 13.00.08. – Tomsk, 2003. – 193 s. [Elektronnyj resurs]: URL: <http://www.dissercat.com/content/proektirovanie-lokalnoi-obrazovatelnoi-sredy-dlya-fizkulturnogo-obrazovaniya-studentov-tekhnixzz5X7ocwXCW>.
- [10] Ustav (Konstituciya) Vsemirnoj organizacii zdavoohraneniya: Osnovnye dokumenty. – 48-e izdanie. – Zheneva, 1995. – S.5-26 [Elektronnyj resurs]: URL: [https://www.who.int/governance/eb/who\\_constitution\\_ru.pdf](https://www.who.int/governance/eb/who_constitution_ru.pdf).
- [11] Karkishchenko E.I. Vsemirnaya organizaciya zdavoohraneniya: struktura i osnovnye napravleniya deyatel'nosti / E.I. Karkishchenko. – M., 2004. – 195 s.
- [12] Otchet o sostoyanii zdavoohraneniya v mire, 1997 god: pobeda nad stradaniyami, obogashchenie chelovechestva. – Vsemirnaya organizaciya zdavoohraneniya, Zheneva, 1997. – 206 s.
- [13] Carik A.V. Spravochnik rabotnika fizicheskoy kul'tury i sporta: normativnye, pravovye dokumenty, prakticheskij opyt, rekomendacii. – M.: Sovetskij sport, 2002. – 700 s.
- [14] Belov V.I. Enciklopediya zdorov'ya. Molodost' do sta let. – M.: Mir knigi, 1999. – 399 s.
- [15] Aktivnyj obraz zhizni i zdorov'e studenta: uchebnoe posobie / N.A. Agadzhanian (i dr.). – 2-e izd. pererab. i dop. – Tashkent: Medicina, 1988. – 341s.
- [16] Kazarenkova T.B. Sociologiya zdorovogo obshchestva: (obrazovatel'nyj aspekt) / T.B. Kazarenkova. – M.: Pedagogika, 1999. – 84 s.
- [17] Otchet o sostoyanii zdavoohraneniya v mire, 1997 god: pobeda nad stradaniyami, obogashchenie chelovechestva. – Zheneva: Vsemirnaya organizaciya zdavoohraneniya, 1997. – 206 s.
- [18] Terminologicheskij slovar'-spravochnik po psihologo-pedagogicheskim disciplinam: slovar'-spravochnik / Avt.-sost.: T.M.Barinova, I.O.Garipova, V.V. Karanova, N.P. Leonova, E.A. Shkatova, rec.V.T. Kudryavceva, E.M. Gogoleva. – Magadan: Izd. Ohotnik, 2011. – S.67.
- [19] Sidorov A.A. Osnovy nauchnogo issledovaniya sportivno-pedagogicheskogo processa. – /A.A. Sidorov (i dr.). – SPb, 2000. – 243 s.
- [20] Isaliev S.T. Aktualnyie aspektyi formirovaniya zdorovoy lichnosti rebenka // Pedagogika i psihologiya. – 2017. – № 1(30). – S.69-74.
- [21] Baronenko V.A. Zdorov'e i fizicheskaya kul'tura studenta / V.A.Baronenko (i dr.). – M.: Al'fa-M, 2003. – 352 s.

**Развивающие компоненты здоровьесберегающей культуры в образовательной среде**

**Т.Т. Ереженев<sup>1</sup>, С.Т. Исалиева<sup>2</sup>**

<sup>1-2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)

Формирование культуры здоровья и внедрение здорового образа жизни в образовательную среду является серьезной проблемой, с которой сталкиваются педагоги. В статье описываются ключевые компоненты культуры здоровья, в связи с этим важно их изучение. Необходимы факторы, которые независимы от человека, и традиционный сектор здравоохранения оказывает на них мало влияния. Укрепление и защита здоровья включают широкий спектр мероприятий: от пропаганды здорового образа жизни до индивидуального поведения и изменений в поведении человека, обеспечивает контроль факторов риска, угрожающих здоровью человека со стороны правительств, ассоциаций и др.

*Ключевые слова:* развивающая образовательная среда, культура здоровья, компонент, категория, здоровый образ жизни, организация здравоохранения, образ жизни, вуз.



## Developing components of health' culture in the educational environment

*T.T. Erezhevov<sup>1</sup>, S.T. Issaliyeva<sup>2</sup>*

*<sup>1-2</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

### *Abstract*

Forming a health culture and introducing a healthy lifestyle into the educational environment is a serious problem faced by teachers. The article describes the key components of a health culture, therefore it is important to study them. Factors that are independent of the individual are needed, and the traditional health sector has little impact on them. Strengthening and protection of health include a wide range of activities: from promoting healthy lifestyles to individual behavior and changes in human behavior, provides control of risk factors that threaten human health by governments, associations, etc.

*Keywords:* developing educational environment, health culture, component, category, healthy lifestyle, organization of health care, lifestyle, university.

*Редакцияға 09.01.2019 қабылданған*

*FTAMP 16.21.61*

*P.P. ӘБІШЕВА*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

## СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

### *Аңдатпа*

Жаһандану процесі мен жаңғыру, жаңару үрдісі астасып, ғылым мен техника дамыған заманда дұрыс сөйлеу мәдениетіне баса назар аудару керек. Автор тіл қарым-қатынас құралын өмірде қалай пайдаланып жүрміз, өз деңгейінде деуге негіз бар ма, туған тілдің қолданыстағы сипаты қалай деген сұрақтарға жауап іздеп, тілдік норманы бұзушылық орын алуының негізгі себептеріне назар аударады. Сөздік қорымызда жоқ сөздерді орынсыз қолдану мен тілдік норманы бұзушылықты болдырмаудың жолдарын қарастырады. Автор жастар тілінің, сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмен болуының себептеріне тоқталады. Телеарналарда тілдік дағдының және тілдік норманың сақталмауы, қазақ тіліндегі сөздердің баламасының орнына өзге тілден тікелей орашолақ аударма нұсқасы орын алғандығы сөз болады. Мақалада жалпы тіл, сөйлеу мәдениетінің төмендеуі қоғамдағы келеңсіздіктің тілге тікелей әсерінен екені айтылады.

*Түйін сөздер:* тілдік норма; тілдік норманың сақталуы; сөйлеу мәдениеті; тіл мәдениеті; қоғамдық құбылыс; логикалық қисын; тілдік ұстаным; үйлесімді ырғақ; өмірбаяндық ресми мәтін.

Кіріспе. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» – деп тұжырымдайды [6].

Төл тіліміздің сөздік қоры өте бай. Сол бай да дамыған тіліміздің мәдениеті – тілдік норманы сақтап сөйлеу, дұрыс жазу деген сөз. Тіл – қарым-қатынас құралы. Тілдік қатынас –

адамның ойлау, сөйлеу, түсіну, пайымдау, пікірлесу сияқты әрекетіне тікелей қатысты құбылыс. Ғылым мен техника дамыған заманда дұрыс сөйлеу мәдениетіне ерекше мән берілуі керек. Сөйлеудегі, жазудағы тілді қолданудың әдемі үлгілері, сөйлеу сауаттылығы, терең ойлылық, ізеттілік – тіл мәдениеті дегенге жатады. Тіл мәдениеті үшін күрес – сайып келгенде тіл тазалығы, ой дәлдігі үшін күрес. Ал, тіл тазалығы үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес. Бұл құрал неғұрлым өткір болса, соғұрлым нысанаға дәл тиіп, ол соғұрлым жеңімпаз болмақ.

**Негізгі бөлім.** Мәдениетті адамның сөйлеу мәнері құлаққа жағымды болады. Ән сияқты дұрыс айтылған сөз де «құлақтан кіріп, бойды алады». Қазақ халқы келістіріп сөйлей алатын кісіні «сөзі мірдің оғындай екен», «сөздің майын тамызып, кісінің айызын қандырып сөйлейді екен» деп дәріптейді. Ондай қабілеті жоқ адамды «ынжық, аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсіп тұр» деп сынайды. Сөйтіп, сөзді қалай болса солай айта салмай сөйлеу, сөйлеу мазмұнына үйлесімді ырғақ, екпін, әуен тауып, дауысты түрлендіріп сөйлеудің үлкен мәні бар. Сөйлеген сөздің ойдағыдай болуы үшін оны қырнап, саралап, жетілдіре түсу үшін сөйлеушінің тиісті білім түсінігі, сөздің сапасы жөнінде тілдік дағдысы да болуы тиіс. Тіл мәдениеті мен сөз мәдениеті мағына жағынан ұқсас болғанмен, бір-бірінен айырмашылығы да жоқ емес. Тіл мәдениеті – қарым-қатынас құралы болып табылатын грамматикалар, сөздіктер, түрлі анықтама құралын жасайтын іс-әрекеттер. Ал, сөз мәдениеті – жоғарыда айтқан қарым-қатынас құралын өмірде қалай қолданып жүрміз, яғни, сөз шеберлігі, сөйлеудегі әдептілік, әртүрлі әдіс-тәсілдерді орындды, мазмұнды пайдалана алдық па дегенді білдіреді [3].

Сөз мәдениеті адамның ойлау, логикалық мәдениетінің жоғары деңгейде болуын меңзейді. Сөз мәдениетіне қойылатын үлкен талаптың бірі – өз туған тілін құрметтеу, ардақтау, мақтан тұту болып табылады. Ендеше, туған тілдің тұғыры, діңгегі мықты, сөз мәдениеті өз деңгейінде деуге негіз бар ма, сол мәселе төңірегінде сөз қозғайын. Егеменді ел болып еңсемізді көтердік, тәуелсіздіктің таңы ұлттық болмысымызды оятты, санамыз серпіліп, ұлттық рухымыз жаңғырып, жанаруда. Ұлт ретінде біздің де өз тарихымыз, мәдениетіміз, әдебиетіміз бар болмысы бөлек дамыған Қазақ деген ұлт екенімізді әлем тануда. Тәуба дейміз!

Дегенмен, «бір теңгенің екі түрлі жағы бар» демекші, төл тіліміздің тізгіні өз қолымызға тигенменен, өз тіліне өгейсіне қарайтын тұстар да жоқ емес. Ғылым мен техниканың тілі дамыған сайын бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер, нақыл сөздер

мен мақал-мәтелдерді сөз ішінде қолдану аясы шектеліп, күннен күнге азайып, мән-мағынасыз, қысқа қайырып айтылар ойлы сөз нәрсізденіп барады. Бұл кім болсын мейлі, рухани мәдениетке, өз ұлтының тіліне салғырт қарау, немқұрайдылық деуге болады.

Қоғам мүшелерінің әдеби тіл нормаларына салғырт қарауы рухани мәдениетке, ұлт тіліне немқұрайдылығы болып табылады. Ал, мәдениеттің ең басты көрсеткіші – ұлт тілі. Ұлт тілі арқылы ғана рухани мәдениетімізді білеміз. Біздің сөйлеу мәдениетімізде ата-бабамыздың тілінен жеткен асыл сөз маржандары, тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер заман ағымына қарай қолданыстан шығып, айтайын деген ойымызды жеткізуге келгенде қысқа қайырылатын «үнемшілдік» орын алуда [1].

Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – сөздердің айтылуы мен жазылуы. Бүгінгі таңдағы сөз мәдениетіне қатысты ең үлкен мәселе – орфоэпия проблемасы, себебі, сөз байлығы аса мол ұлтты ұлттық деңгейге көтеретін де – сол ұлт тілі. Әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, тілдік амал-тәсілдерді өз орнымен, мақсаты мен міндетіне сай етіп қолдана білу керек. Тіл мәдениеті тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық, лексика-грамматикалық, синтаксистік жүйелерін біліп үйрену болып табылады. Тіл мәдениетіне осы мәселелер қызметі толық анықталған жағдайда ғана стилистикалық норманы жүзеге асырады. Сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін бір жүйеге түсіріп, қалыптастырушы да стилистикалық норма болып отыр. Олай болса, сөз мәдениетінің ең биік шоқтығы – халықтың мәдени дәстүрін, сөз шеберлері мен небір ұлылар сомдаған көркем дүниелерді кейінгі ұрпаққа қалдыратын ұлы мұраны келешек ұрпақ үшін сақтаушы қазына – әдеби тіл болмақ [5].

Сонымен, сөз мәдениетінің барлық мәселелері шешімін тапқан жағдайда ғана стилистика ғылымына болатындығына М. Серғалиев үлкен мән бере келіп, тіл мәдениеті стилистикамен тығыз байланыста ғана дами алатындығын, тіл мәдениеті стилистиканың жетістіктерін пайдалану нәтижесінде дами алатын ғылым екендігін айтады [4].

Қазақ тілі мәдениетінің үлкен бір саласы – сөйлеу мәдениеті. Оны жоғары деңгейде көрсете білудің басты заңдылығы – дұрыс айту нормасы. Дұрыс айту нормасы:

- әлеуметтік көзқарасты қалыптастырады;
- тіл мәдениетінің бір саласы – сөйлеу мәдениетін ұлттық мүдде ретінде тану;
- мәдениетін лингвистикалық категория ғана емес, лингвистика ғылымының негізінде ғана қарамай, әлеуметтік ғылымдардың ұлттық мәдениетінің ең басты тірегі ретінде
- сөз мәдениетін ұлттық мәдениетімен бірге жаппай уағыздау, насихаттау, ұстанымын бекіту [2].

Қарапайым сөйлеу тілі жүйесінде диалектизмдер, кірме сөздер, фонетикалық ерекшеліктер, мазмұны пәс эмоциялы тілдер кездесіп отырады. Көптеген сөздер осы күнге дейін неше түрлі вариантта айтылып, әдеби тілде дәл қолданыс таба алмай жүр. Мысалы: *жүгері – дүмбіл, дөңгелек – доңғалақ, масқара – машқара, жиналыс – жиылыс, кедей – жарлы, ашулы – долы, әдейі – қасақана, саусақ – бармақ, терезе – айна, қазір – кәзір, аударылды-төңкерілді, жаңағы – жәңгегі, сонан кейін – сосын, қайтіп – кәйтпін, қате – қата, оқиға – уақиға, көңіл – кеуіл.*

Осылайша, жеке сөздер бір-біріне вариант болып жұмсала береді. Кейбір сингармониялық параллельдің екі сыңары да сөйлеу тілінің элементіне жатады.

Әдеби тілді қалыптастыруға жүйелі жазудың да көп әсері болады. Сөздерді бір ізбен, жүйелі жазылуын қамтамасыз ету – сауаттылықты арттырудың ғана емес, тіл мәдениетін арттырудың да кепілі. Тіл мәдениетінің ең маңызды мәселелерінің бірі – сөз варианттары. Бір заттың, не нәрсенің, құбылыстың атауы бірнеше сөзбен аталып, вариант түрлерін жасайды. Екі немесе одан да көп сөздер бір мағына беріп, әртүрлі естіліп, жазылуына қарамастан мағыналас болып жарыса қолданыла береді. Мысалы: *дос – жолдас-жора, туысқан – ағайын, батпақ – балшық, лай; шам – шырақ, сараң – қытымыр, кәрніз – боғат, таңертең – азанда, сияқты – тәрізді, бұрым – өрім, таяз – саяз және т.б.*

Әдеби тіл нормаларының ауызекі сөйлеу сөз

үлгілерінен айырмасы – әдеби тіл нормаларының тұрақтылығында болса керек. Әдеби тіл нормалары үнемі дамып, жетіліп отырады. Тіл мәдениетін дамыту үшін сөздерді талғап, дұрыс қолданудың ерекше маңызы бар. Бірнеше жыл ұлт баласын тәрбиелеп, дәріс беріп, жастармен етене араласып жүргендіктен, шәкірт тіліндегі олқылықты көріп, алаңдайтынымыз рас, оған дәлел де жоқ емес. Ұстаз мақсаты – білім мен тәрбиені ұштастыру болса, ұлттың тағдыры білімге байланысты екенін ескерсек, бұл мәселе бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Білім кілті шығармашылық ізденісте. Тыңдаушы жастарымыз факультетте оқыған аз ғана уақыт ішінде әртүрлі тақырыптағы іс-шаралардың басы-қасында жүріп атсалысады. Кезекті бір шығармашылық кештерде кейбір жастарымыз айтар ойын жеткізе алмай, жаттанды сөздерін ұмытып қалып жатады. Өлең оқыған сәттерінде жатқа айтқанның жөні осы деген оймен судыратып, тоқтаусыз, бір деммен оқып шығады. Тыңдаушыға әсер ететін жағдай тек өлеңнің мазмұнында ғана емес, оны айтушы адамның көпшілікке әсерлі етіп жеткізе алатын тілдік дағдылары. Біреу мәнерлеп оқиды, бір бала сезімге беріліп оқиды, енді бірі әр сөздің арасына кідіріс жасап оқиды, кейде орыс тілін араластырып сөйлейтін қазақ мектебінің оқушысы сөз арасына үтір салмай кітаби стильде сірестіріп оқиды.

Айтпағым, мектепте тіл мәдениеті туралы азды-көпті сөздің айтылу және жазылу нормасы туралы айтылады, алайда әр баланың орфоэпиялық, орфографиялық нормалар туралы түсінігі әртүрлі болып келеді. Өлеңді нақышына келтіріп, мәнерлеп оқуда тек қағаз бетіндегі тыныс белгісіне қарай оқу шарт емес. Мәтінді мәнерлеп оқуда дауыс ырғағының маңызы зор. Оның бірде көтеріліп, бірде түсіріліп оқылуының өзінде де мән бар. Оқу қарқынының жылдамдауы не баяулауы фонетикалық заңдылықтардың, орфоэпиялық нормалардың сақталуына тікелей байланысты екенін естен шығармауымыз керек. Демек, тіліміздегі сөздерді қатесіз, сауатты жазуға қандай мән берілсе, айтылуда (орфоэпиялық норма) сөйлеу мәдениетіне де сондай маңыз беру қажет. Мектептен, аудиториядан тыс өті-

летін мәдени шаралар (драма театрындағы қойылымдар, жыр мүшәйралары, қоғамдық және өнер қайраткерлерімен кездесулер, таза қазақ тіліндегі телебағдарламалар) сөйлеу мәдениетінің дамуына үлес қосатын қайнар бұлақтың көзі болып табылады [1].

Тіл – қоғамдық құбылыс. Қоғамдағы әртүрлі өзгерістер тілдің сөздік құрамына әсерін тигізіп, ізін қалдырады. Қоғам мүшелері тілінде өзгерістер пайда болады, яғни тілдік қорға жаңа сөздер еніп жатса, кейбір сөздер қолданыстан шығып жатады. Дұрыс-ақ, бұл тілдік құбылыс, солай болуы заңдылық.

Реті келіп тұрғанда айтайын дегенім, жастар ғана емес, жасамыстарымыздың бойында да, ойында да қалыптасып кеткен амандасудың жаңа бір «формасы» пайда болды. Осы таңда көпшілік арасында бір-бірімен «Қалайсыз?», «Қалайсың?» деп сәлемдесу түрі үрдіс алғалы қашан... Сөздік қорымызда жоқ, қазақы болмысымызға тән емес амандасу түрінің белең алуы әрине дұрыс емес. Ес білгелі, «Ассалаумағалейкүм» және «Саламатсыз ба?» деп амандасатын қазақ баласы, аяқ астынан «Қалайсыз?» деп амандасатын болды. Осындай «Қалайсыз?» деген сұрақ қою түріндегі амандасуға «Жақсымын», я болмаса «Жаманмын» деп жауап беруіміз керек емес пе?! «Саламат» сөзі – дені-қарным сау, дерттен таза, аманмын, жақсы көңіл-күйдемін дегенді меңзейді. Ендеше, ерекше мәнділікке ие, маңыздылығы басым сөзді өз орнымен қолданғанымыз жөн болар. «Саламатсыз ба?» деп амандық сұрасқан жанмен «Сау-саламатта болыңыз!» деп қоштасудың да мағына жағынан бір-біріне өте жақын амандасудың ең тамаша үлгісін сөздік қорымыздан шығарудың жөні жоқ [7].

Қоғамда өзгерістер көп. Жаңғыру, жаңару үрдісі жаһандану процесімен астасып, емле-ережеге мән бермейтін, әркім өзінше «заң» шығарып, сөзді орынды-орынсыз қолдану, яғни, тілдік норманы бұзушылық, қалыптасқан тілдік дағдыдан ауытқушылық орын алуы да.

Негізінде, қалың орман қазақ еліне тарайтын телебағдарламаларды тілдің қадірін білетін журналистер жүргізеді. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, тікелей эфирде өздерін ер-

кін ұстайтын, сөзі салмақты, байыппен сөйлей алатын, тілдің қадірін білетін тележүргізушілер баршылық. Өкінішке орай, олқылықтар да орын алуда. Кейбір тележурналистер тілдің қарапайым заңдылықтарын бұрмалап, сөз тіркестерін орнымен дұрыс қолдана білмегендіктен, көрерменнің көңілінен шыға алмай, ойланып қалатын сәттер болады. Қазақ атам заманнан «құрықтау» деген іс-әрекетті білдіретін етістікті малға қатысты қолданушы еді. Малды, яғни асау жылқының мойнына құрық тастап ұстайтын. Ал, адамға қатысты «тұтқындалды», «күдікті адам ұсталды» немесе «қылмыскерді қолға түсірді» деген қатарлы тіркестерді қолдануы керек-ақ. Біздің бойымызға сіңісті болған бір әдет, орыс тілінен тікелей аударма арқылы берілген нұсқасы қолданысқа еніп кеткен. Әр тілдің өзіндік ұғынықты қалыптасқан қолданылу аясы болуы керек. Мысалы, «мәселелер талқыланды» немесе «мәселелер қаралды» деген тіркестердің тілдік дағды бойынша қалыптасқан түрін «сұрақтар қаралды» деп орашолақ аудармаларды күнделікті жаңалықтардан естісек те, көңіл аудармаймыз, себебі құлақ үйреніп кеткен. Негізінде, біреуге сұрақ қойылады, ал мәселе қаралып, талқыланады емес пе?!

Айтпағым, орысшаланған ойдан туған тіркестің орнына бұрыннан бар, қалыптасқан түсінікті сөзді еш бұрмалап қолдануымыздың жөні жоқ. Қалың орман қазақ жұртының «көзі мен һәм құлағы» болып табылатын «сөз шеберханасы» мен «сөйлеу мәдениеті мектебі» іспеттес орталықтарда, яғни телеарналарда олқылық орын алмағаны жөн.

Студент жастар ғана емес, тіпті, қызметте жүрген жас мамандар да өмірбаяндық деректерін жазып, құжат тапсырарда, шәкірттер жазбаша шығарма жұмыстарын жазарда, іс-қағаздарын толтырар сәттерінде болсын, «тудым» деген баяғыдан қалыптасқан нұсқаны «туылдым» деп жаңаша логикаға салып жазатындары бар. Логикалық қисынға салып, «туылған», «туылдым» деп айту мағыналық жағынан дұрыс деп келіскенімен, «туылған әкем», «туылған шешем», «туылған інім» деп тілдік ұстанымды өзгертудің негізі жоқ. Сондықтан, «тудым» нұсқасын өмірбаяндық тілде



ресми мәтінде дұрыс қолдануымыз керек [8].

Сөйлеу мәдениеті – әр адамның ішкі мәдениетінің айнасы. Жастарымыз өздерінше заман талабына сай, яғни, жүрген ортасына қарай бейімделуге құмар-ақ. Осы ретте, кешегі мектеп оқушысы, бүгінгі студент, ертеңгі маман иесінің сөйлеу дағдылары жағынан кемшін тұстарының болу себептеріне тоқталайын. Бұл жөнінде ақпарат құралдары мен баспасөз беттерінде айтылып та, жазылып та жатыр. Оқушы мектеп қабырғасында-ақ әдеби шығармаларды, көркем әдебиетті аз оқығандықтан, сөздік қорының төмен болуы даусыз. Мектепте бірнеше тілді (ағылшын, француз, орыс т.б.) бір мезетте меңгертудің салмағы аз емес, соның салдарынан ана тілінің уызына жарымаған жасөспірімнің есейе келе ана тілінің шұбарлануына әсері мол болады. Баланың театрға аз баруы, мәдени іс-шараларға атсалысып араласпауы, әдеби басқосу жиындарына қатыспауы, ұжымда, ортада пікір алыспауынан баланың сөйлеу мәдениеті, логикалық баяндауы бәсеңдеп, сөз шеберлігі жұтаңданады. Оқушының сөйлеуіне, сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмен болуына көшенің, өзге тілде сөйлейтін органың әсері басым түсіп жатады.

Жастардың басым көпшілігі баспасөз жарияланымдарын, газет-журналдарды оқымайды. Көркем шығарманың аты түгіл, қазақ жазушыларының есімдері мен шығарма авторларын да білмейтіндері жасырын емес. Осының бәрі сайып келгенде, отбасынан бастау алған салғырттық пен немқұрайдылықтың әсері дер едім. Басқа мақалаларымда айтып жүргендей, ата-аналар, яғни өзіміз өзге тілде өзеуреп, өз тілімізді өгейсініп тұрған соң, бала кімнен үйренсін?! Ата-әжесінен, әке-шешесінен үлгі-өнеге алмай, ол бейкүнә сәби кімнен үлгі алмақ? Бала тәрбиесі жөнінде ұлылардан қалған ұлағатты сөзді ескерсек:

Жастардың басым көпшілігі баспасөз жарияланымдарын, газет-журналдарды оқымайды. Көркем шығарманың аты түгіл, қазақ жазушыларының есімдері мен шығарма авторларын да білмейтіндері жасырын емес. Осының бәрі сайып келгенде, отбасынан бастау алған салғырттық пен немқұрайдылықтың

әсері дер едім. Басқа мақалаларымда айтып жүргендей, ата-аналар, яғни өзіміз өзге тілде өзеуреп, өз тілімізді өгейсініп тұрған соң, бала кімнен үйренсін?! Ата-әжесінен, әке-шешесінен үлгі-өнеге алмай, ол бейкүнә сәби кімнен үлгі алмақ? Бала тәрбиесі жөнінде ұлылардан қалған ұлағатты сөзді ескерсек:

*Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілінің заңымен айтамын деп шатасады.* (Ахмет Байтұрсынұлы)

Шындығы – осы! Сондықтан, жастарды біржақты кінәлай бермей, таяқтың екі ұшы бар екенін ұмытпайық.

**Қорытынды.** Сөйлеу мәдениеті адамның ішкі мәдениетіне тікелей байланысты. Әйтсе де, уақыт өте келе заман түзелер, қарым-қатынастағы сөздер де реттелер деп үміттенейік. Ең бастысы, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, жетілдірудің негізі – тіліміздің айтылу (орфоэпия), жазылу (орфография) нормаларын, сөз мағынасын (лексика), тұрақты сөз тіркестерін (фразеология) және т.б. ғылыми жүйелерін бірізділікпен қолдана білсек, сөйлеу мәдениетіне ықпалы болатыны анық.

Жаһандану процесі мен жаңғыру, жаңару үрдісі астасып, ғылым мен техника дамыған заманда дұрыс сөйлеу мәдениетіне баса назар аудару керек. Тіл қарым-қатынас құралы. Ал, сол құралды өмірде қалай пайдаланып жүрміз, өз деңгейінде деуге негіз бар ма, туған тілдің қолданыстағы сипаты қалай деген сұрақтарға жауап ізделіп, тілдік норманы бұзушылық орын алуының негізгі себептері, сондай-ақ бүгінгі таңда жастар тілінің, сөйлеу мәдениеті деңгейінің төмен болуының себептері сөз болады. Сөздік қорымызда жоқ сөздерді орынсыз қолдану мен тілдік норманы бұзушылықты болдырмаудың жолдары қарастырылды. Телеарналарда тілдік дағдының және тілдік норманың сақталмауы, қақосып, әдепсіз дөрекі сөйлеуді әдетке айналдырған. Қысқасы, қазаққа басқа ұлт өкілдері болуға тырысудың, сол үшін жан дүниенді, болмысыңды өзгертудің түкке қажеті жоқ. Тіл білген жақсы, әрине. Бір тіл – бір мәдениет, екі тіл – екі мәдениет деген тәмсіл бар. Он тіл біл. Бі-

рак, он тілдің арасына өз анаңның тілін орап, тұншықтырып тастама, себебі, ол сенің ұлтыңның тілі. Ақын аға Қадыр Мырзалиев: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» – демеп пе еді?! Тілдегі сауатсыздық адамның жалпы

сауатсыздығының, рухани байлығының әлсіздігі. Мақсатымыз – ұлттық құндылықтарды жаңғырту, тілімізді биік тұғырдан көру, сөз мәдениетін дамыту, мәдениеті жоғары ел болу. Демек, сөз мәдениеті дамыған ұлы ел боламыз десек, ұлттық тілімізді түзейік!

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Әбішева Р.Р. Оралмандардың ауызекі сөйлеу тілі ерекшеліктері / Канд. дисс. – Алматы, 2010.
- [2] Әлкебаева Д.А. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы / Докт.дисс. – Алматы, 2005. – 254 б.
- [3] Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1965. – 153 б.
- [4] Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы, 2006. – 138 б.
- [5] Дүйсебаева М. Қазақ тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1973. – 74 б.
- [6] Оқушылардың тіл мәдениеті [Электронды ресурс]: URL: <https://kitaphana.kz/> (қаралған күні: 16.01.2019)
- [7] Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері / Докт. дисс. – Алматы, 2007. – 318 б.
- [8] Уәлиұлы Н. Сөз сыры / «Туған тіл» альманағы. – № 2(10), 2009. – 13 б.

*References:*

- [1] Abisheva R.R. Oralmandardyn aýyzeke sóleý tili erekshelikleri / Kand. diss. – Almaty, 2010.
- [2] Alkebaeva D.A. Qazaq tili stilistikasynyń pragmatikasy / Dokt.diss. – Almaty, 2005. – 254 b.
- [3] Balaqayev M. Qazaq tili mádenietiniń máseleleri. – Almaty, 1965. – 153 b.
- [4] Balaqayev M., Serǵaliev M. Qazaq tiliniń mádenieti. – Almaty, 2006. – 138 b.
- [5] Dúisebaeva M. Qazaq tili orfoepiasynyń keibir máseleleri. – Almaty: Mektep, 1973. – 74 b.
- [6] Oqúshylardıń til mádenieti. [Elektronıdy resúrs]: URL: <https://kitaphana.kz/> (qaralǵan kúni: 16.01.2019)
- [7] Yalıuly N. Qazaq sóz mádenietiniń teoriyalıq negizderi / Dokt. diss. – Almaty, 2007. – 318 b.
- [8] Yalıuly N. Sóz syry / «Túǵan til» almanagı. – № 2(10), 2009. – 13 b.

**Некоторые проблемы формирования культуры речи**

**R.R. Abisheva**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

*Аннотация*

В век развития науки и техники следует уделять особое внимание культуре правильной речи. В поисках ответов на такие вопросы, как применимость родного языка в практике, автор обращает внимание на основные причины нарушения языковой нормы. Также, в статье приводятся примеры неуместного использования слов, отсутствующих в словарном запасе и способы предотвращения нарушений языковой нормы. Автор указывает причины низкого уровня культуры молодежи речи. Также, в статье говорится о состоянии языковой грамотности на телеканалах, где имеют место случаи несоблюдения языковых навыков и языковых норм, и использования неумелого прямого перевода слов с другого языка вместо альтернативного перевода этих слов на казахском языке. В целом в статье говорится о прямом влиянии негативных явлений в обществе на снижение уровня культуры речи.

*Ключевые слова:* языковая норма; сохранение языковых норм; культура речи; культура языка; общественное явление; логическая необоснованность; языковая позиция; гармоничный ритм; автобиографический официальный текст.

**Some problems of forming a culture of speech**

**R.R. Abisheva**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

*Abstract*

In the time of development of science and technology, should pay special attention to the culture of correct speech. In search of answers to such questions as the applicability of the native language in practice, the author draws attention to the main causes of violation of the language norm. Also, the article provides examples of inappropriate use of words that are absent in the vocabulary and ways to prevent violations of the language norm. The author points out the reasons for the low level of youth speech culture. Also, the article says about the state of language literacy on TV channels, where there are cases of non-observance of language skills and language norms, and the use of inept direct translation of words from another language instead of an alternative translation of these words in the Kazakh language. In general, the article says about the direct influence of negative phenomena in society on reducing the level of speech culture.

*Keywords:* language norm; preservation of language norms; culture of speech; culture of language; social phenomenon; logical groundlessness; language position; harmonious rhythm; autobiographical official text.

*Редакцияға 04.03.2019 қабылданған*

МРНТИ 14.07.07

Қ.МЫРЗАХАНҚЫЗЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДАҒЫ БАҚ-ТЫҢ РӨЛІ

### Аннотация

Бүгінгі қоғамда кемінде жиырма жыл көлемінде инклюзивті білім бұрынғыдай өзекті күйінде қала беретіні белгілі болып отыр. Ал инклюзивті білім болса – әрбір адамның басқалармен тең дәрежеде білім алу құқығын жүзеге асырудың негізгі құралы екенін өмірдің өзі көрсетуде. Оны жалпы білім беретін мектептердің бәріне бірдей енгізуді уақыттың өзі талап етуде және ол көптеген қиындықтар мен мәселелерді туындатып отырғаны анық. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру отбасы мен білім беру мекемелеріндегі тәрбиеден бастап, бүкіл қоғамдық қатынастар жүйесіне, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына (БАҚ) дейін бұл мәселеде қоғамдық көзқарасты түбегейлі өзгертуді талап етеді. Бұл мақалада инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлін айқындауға талпыныс жасалған. Инклюзия туралы білімді толықтыруға, отбасы мен мектептің өзара қатынасын дамытуға мүмкіндік беретін сенімді қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы зор. Сондықтан автор БАҚ-тарда инклюзивті білім беру мәселелерін көтеру, оны тиісті жазып отырудың жолдары мен әдістері туралы өз көзқарастарын, ой-пікірлерін ортаға салады. Автордың ойынша, мақалалар оқырмандарын пікір таласына шақыратындай өткір де өзекті болуға тиіс. Мұнда журналист әлеуметтік модератор ролінде көрінуі қажет. Міне, осындай жанды жұмыстар, өткір мақалалар қоғамның инклюзивті мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

*Түйін сөздер:* инклюзия, инклюзивті білім беру, инклюзивті мәдениет, мүмкіндігі шектеулі балалар, бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ), әлеуметтік модерация.

**Кіріспе.** Бүгінгі таңда экологияның бұзылуына, адамдар тұтынатын тағамдар сапасының, әйелдер денсаулығының нашарлауына және халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне байланысты балалардың кемтар, мүгедек болып туылуы өршіп отырғаны белгілі. Кейінгі мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде Қазақстанда 500 мыңнан астам кемтар балалар есепте тұрады екен. Ал олардың дені сау балалардың қатарынан қалмай оқып-білім алуы, қоғамда өзгелермен бірдей толыққанды еңбек етіп, өмір сүруі өзекті мәселе, сондықтан мүмкіндігі шектеулі немесе дене мүшелері мен тілінде, санасында, есту қабілетінде кемістігі бар балаларды қатардан қалдырмай оқыту (инклюзивті білім беру), оларды қоғамға қосу аса маңызды іс. Сондықтан бұл мәселе үнемі мемлекет назарында. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыбында Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Мүмкіншілігі шектеулі азаматтарымызға көбірек бөлу керекпіз... Олар үшін

Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуі тиіс – бұл еліміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» (1), – деген болатын. Біздің қоғамымыздың гуманистік сипаты осылай екенін біз мақтаныш етеміз. Елімізде ересек адамдармен бірге мүгедек балаларға жасалып отырған қамқорлық та айтарлықтай. Кемтар балалардың дені сау балалармен бірге оқып білім алуы, адамзат қоғамына енуі, жалпы инклюзия мәселесі де мемлекет қамқорлығында. Осы мақсатпен елімізде инклюзивті білім беруді дамытуға нақтылы қадамдар жасалуда. Сонымен бірге Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық еңбегінде: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодын сақтай білу» (2), деген болатын. Ал ұлттық код ұлттық салт-дәстүр, мәдениетпен бірге адамдардың бір-біріне деген жанышырлығының бір көрінісі болып табылатыны сөзсіз. Және де Н.Ә. Назарбаев бұл еңбегінде адамдардың санасын түбегейлі жаңарту қажеттігін айтады. Ал осының бәрі кемтар бала-

ларды дені сау балалармен бірге оқыту арқылы оларды қоғамға қосу идеясымен сәйкес келеді.

**«Инклюзивті білім беру»** дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды, жалпы білім үдерісіне толық қатыстыруға, әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, тегіне, дініне, әлеуметтік жағдайына қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға, олардың ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарын арнайы қолдауға, қысқасы, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат» (3). Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай туғызу идеологиясы жатыр. Біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Балалардың құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында, ҚР Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру барлық балаларға мектепке дейінгі мекемелерде, мектептерде және мектеп өміріне қатысуға мүмкіндік беруді көздейді.

«Инклюзивті білім беру» термині ЮНЕСКО-ның «шоғырландырып оқыту» (интегрированное образование) атауын толықтыру ретінде қабылданған. Бұл жерде ЮНЕСКО инклюзияны оқушылардың әртүрлілігін және жеке ерекшеліктерін проблема ретінде қарастырып қана қоймай, оны мүмкіндігі шектеулі балалардың білімін толықтырудың маңызды тетігі ретінде қарастырады. Инклюзия – бұл балаларды жыныстық, этникалық және діни ерекшеліктеріне, бұрынғы оқудағы жетістіктеріне, денсаулық жағдайына, даму деңгейіне, ата-анасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне және басқа да артықшылықтарына қарамай жалпы білім беру үдерісіне шоғырландыру деген сөз. Инклюзивті білім беру, сонымен қатар барлық балалардың қажеттілігіне сай білім кеңістігін құру негізінде оларды бір-

ге оқыту, сапалы біліммен қамтамасыз ету болып табылады. Халықаралық практикада, жоғарыда атап өткеніміздей, ерекше психо-физикалық дамуы бар жеткіншектерді басқалармен қатар оқытуға бағытталған «шоғырландырып оқыту» термині барлық оқушыны бірдей қамтитын «инклюзивті білім беру» терминімен ауыстырылғаны мәлім. Ол әр тұлғаның бірегейлігіне, айырмашылығына, физикалық жағдайына қарамай, оның заманауи өркениеттің барлық құндылықтарын игеруіне, адамша өмір сүруіне негізделеді. Жалпы білім беру жүйесінде жаңа талаптар мен міндеттер, инновациялық технологияларға деген сұраныстар артып келе жатқан жаңа заманда инклюзивтік үрдісті дамытудың өзі қиындап, күрделіленіп отырғаны сөзсіз. Білім беру жүйесіне инклюзияны енгізу жағдайында педагогтар да, ата-аналар да, оқушылар да психологиялық қолдауды қажет етеді. Олар кейбір белгілі жағдайда негативті эмоцияны жеңе білуге тиіс. Сонымен бірге инклюзивті білім беру жағдайында білім үдерісіне қатысушылардан мотивациялық механизмдерді қалыптастыру талап етілетіні анық.

Инклюзивті білім беру тәжірибесі шет елдерде 1970 жылдардан бастау алады. 90-шы жылдарға қарай АҚШ пен Еуропа елдері өздерінің білім саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Мысалы, Францияда арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерде дамуында кемшілігі бар балалардың санын анағұрлым көбейтуге бағытталған. Дамуында ауытқулар бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізу 4 нұсқада жүзеге асырылады. Олар: 1) бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, бірақ мектепте және одан тыс уақыттарда балаларды емдеу, тәрбиелеу жұмыстары жүргізіледі. Айталық, тірек қимыл қызметі бұзылған бала мектеп маңындағы бейімдеу орталығына бара алады; 2) бала мектеп бағдарламасы бойынша оқиды. Айталық, көру қабілеті бұзылған шәкірт кәдімгі сыныпта оқи отырып, сабақ дайындауға көмек ретінде мұғалімнен қосымша сабақ алады; 3) бала мектептегі негізгі уақытта арнайы сыныпта, арнайы бағдарлама бойынша оқиды (егер психикалық дамуында кемшілігі болса), басқа уа-



қытта өзі қатарлы оқушылармен бірге сабаққа дайындалады; 4) бала тек арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпқа барады (ойлау қызметі бұзылған болса). Соған қарамастан ол мектеп өміріне қатысады.

АҚШ-та да инклюзивті білім берудің өзіндік тәжірибесі қалыптасқан. Бұл елде балаларды жалпы және арнайы оқытуды біріктіру көзделіп отыр. Бұл мәселе «Негізгі бағыт», «Жалпы білім беру инициативасы», «Енгізу» бағыттары бойынша жүзеге асырылады.

Біздің елімізде де бүгінде инклюзивті білім беруге ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуі қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс, «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», – деген болатын.

Білім беру саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамаларында даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты қарастырылған. Елімізде инклюзивті білім беру жүйесін дамыту туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» айқын көрсетілген (4). Қазіргі таңда республикамызда 2375 бала үшін 166 балабақшада инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда. Сонымен қатар Қазақстанда даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған 315 арнайы топ жұмыс істейді. Оларда 10 мыңға тарта балалар тәрбиеленуде. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 39 арнайы балабақша мен жалпы білім беретін мекемелер жұмыс істейді. Алайда қолда бар осы әлеуеттің өзі жалпы туындап отырған мәселені шешуге жеткіліксіз болып отырғаны байқалады. Сонымен бірге жалпы әлеуметтің де инклюзияға деген көзқарасы мен мәдениеті толық қалыптаспағанын айта

кету орынды. Ал бұқараның инклюзия туралы түсінігін, мәдениетін қалыптастыруда радио-телевизия хабарлары мен газет-журнал мақалаларының маңызы зор. Біз инклюзияны дамытамыз десек, осыны ойлануымыз қажет. Дегенмен бүгінгі таңда, біздің елімізде жалпы білім беретін мектептерге инклюзивті білім беруді енгізу жөнінде жекелеген ақпараттық мақалалар жазылғаны болмаса, оны насихаттап жүрген телехабарлар мен газет мақалалары әлі аз.

Осы орайда Ресей ғалымы Н.М. Назарованың «Заманауи жағдайда инклюзивті және арнаулы білім беруді дамытудың болуы мүмкін қауіптері» еңбегіне назар аударсақ, мұнда автор инклюзивті білім беруді енгізудің кейбір қауіптерін ескерте келіп, оны азайтудың жолдарын қарастырады. Сонымен бірге жаңа гуманистік парадигмаға ойланып жасалған және шынайы қарым-қатынас та әлі азшылық екенін айтады. Н.М. Назарованың айтуынша, арнаулы білімді реформалаудың бүгінгі бағдары отбасын, социумды, бұқаралық коммуникация құралдарын, мәдениет саласын қамтитын бүтіндей білім кеңістігіне бағытталуы тиіс. Бұл жерде сөз арнаулы және инклюзивтігін бүтіндей білім кеңістігіне бағытталуы тиіс. Бұл жерде сөз арнаулы және инклюзивті білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға мемлекеттік қамқорлық туралы болып отыр. Міне, осы істің мемлекеттік тұрғысына келгенде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен жауапкершілігі арта түсері сөзсіз (5).

Ресей ғалымдары айтылмыш мәселені түбегейлі шешу үшін, алдымен, бүкіл қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру керек екенін ескертеді. Олардың пікірінше, «Инклюзивті мәдениет» ұғымының әртүрлі қырлары болады. Олардың негізгілері мыналар: 1) инклюзивті білім мен құндылықтар философиясы туралы білу және оған қатыстылар арасында жауапкершілікті бірдей бөлісу; 2) мектеп пен отбасы арасындағы байланысты дамытатын шынайы сенім; 3) бүкіл қоғамның инклюзивті мәдениетінің негізін қалау. Бұл тақырыпты терең ашып көрсету үшін журналист педагогтармен ғана емес, оқушылардың ата-аналарымен де, өздерімен де тікелей әңгі-

мелесуі керек. «Инклюзивті білім беруді енгізудің табысты болуы ата-аналар мен оқушылар үшін ағарту қызметіне айналуы тиіс екеніне журналистер елдің көзін жеткізгені жөн. Осылайша инклюзивті білім беруді жүзеге асыру отбасындағы, білім беру ұйымдарындағы тәрбие жүйесінен қоғамдық қатынастар жүйесіне дейін қоғамдық көзқарастарды өзгерту арқылы мүмкін болатынын БАҚ жұртшылыққа ұғындыруы керек» (6).

Мектептердің инклюзивті білім беруді енгізудегі тәжірибесін педагогтар мен білім беру ұйымдары басшыларының біліктілік көтеру курстарының жұмыс барысынан да байқауға болады. Әлі әзір құқықтық мүмкіншілік пен шынайы іс-әрекет арасындағы өткір қарама-қайшылық айқын сезілуде. Бұл қайшылық қоғамның инклюзияға әлі толық дайын еместігін көрсетеді. Мұның өзі қоғамның рухани-адамгершілік даму үдерісінің ұзаққа созылатындығын байқатады.

Осы арада «Алматы ақшамы» газетінде (27 қазан 2018 ж.) жарияланған «Дефектолог мамандар жетіспейді» деп аталатын мақалаға тоқтала кетуді жөн көрдік. Авторы – журналист Әсел Дағжан. «Мүмкіндігі шектеулі керек, мылқау, кемтар балаларға білім беру әдеттегі балалармен салыстырғанда анағұрлым қиындау, екі есе күш-жігеріңді талап ететіні сөзсіз. Мұндай ерекше балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің саны да аз әрі оларға төленетін жәрдемақы да мардымсыз. Дефектолог мамандар жетіспейді», – деп проблема көтеруден басталған бұл мақала Алматы мемлекеттік технология және флористика колледжі базасында инклюзивті білім беруге байланысты қалалық білім басқармасымен бірлесе өткізген республикалық семинар-кеңестен жазылыпты. Колледж оқушыларына инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда әлі шешімін күткен мәселелер көп. Мұндай қажеттілікке мұқтаж балалардың да саны жылдан-жылға өсіп келеді. Мысалы, Алматы сервис және технология колледжінде – 80, политехникалық колледжде – 98, технология және флористика колледжінде 146 бала ерекше білім алу қажеттіліктері бар студенттер оқиды.

Семинарда Алматы қаласындағы колледж.

дерде инклюзивті білім берудің басты мақсаты – ерекше білім алу қажеттілігі бар жастарды оқыту мен кәсіби даярлауда кедергісіз орта қалыптастыру. Осылайша кемтар бала колледжде оқып, мамандық алып шықты дейік. Алайда қолында дипломы бар мүгедек баланы көптеген жұмыс орындары еңбекке орналастыруға құлықсыз екені жасырын емес. Әсіресе, ауылдық жерлерде бұл тіпті қиын, деп қынжылған семинарға қатысушылар Ресейдегі тәжірибені ортаға салады. Ресейде жарымжан балалардың ата-аналарына, өздеріне аз да болса көмек көрсету үшін колледждерде оқу мерзімін екі жылдан төрт жылға ұзарту қолға алынып жатыр. Бұл тәжірибені біз де неге пайдаланып көрмеске? Содан кейін ерекше білім алатын балаларға сабақ беретін дефектолог мұғалімдердің жетіспеушілігі де үлкен мәселені туындатып отыр.

Семинарда ерекше білім алуға қажеттіліктері бар жасөспірімдердің құрбы-құрдастарымен бірігіп инклюзивті орта құру барысында ұлттық шығармашылықты дәріптеп, оны кең таратуға талпыну, білім алу барысында студенттер өздерін колледж қоғамының белсенді мүшесі есебінде сезінетіндей, өзін-өзі жоғары бағалайтындай, оқуға ынтасы артып, әлеуметтенетіндей дербестендірілген түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету, қолайлы білім беру ортасын жасау, студенттердің техникалық және кәсіптік білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастыруына мүмкіндік жасау туралы нақтылы мәселелер сөз болғанын жазады автор.

Жиын қорытындысында ерекше білім беру жөнінде сабақ беретін мұғалімдердің білім жетілдіру курстарын Алматы технология және флористика колледжі базасында ұйымдастыру, арнайы инклюзивті білім беретін оқу орындары жоқ аймақтардағы балаларды оқыту үшін Алматы қаласында экспериментальді мектеп-интернат ашу жөнінде жоғары органдар алдына мәселе қою, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін орта білім беретін оқу орындары жанынан оқу комбинаттарын ашу туралы шешім қабылданды, деп жазды автор.

Жалпы, еліміздегі колледждердегі инклю-

зивті білім берудің жайынан көп мағлұмат беріп тұрған бұл мақала ерекше назар аударады. Инклюзивті білім беруді балабақшада, жалпы білім беретін, орта кәсіптік және жоғары мектепте қолға аламыз десек, алдымен оның осындай проблемаларын біліп алғанымыз жөн.

Қоғамды инклюзивтік мәдениетке дайындау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында: күнделікті газет-журналдар мен телехабарларда инклюзивті білім беру мәселелерін жүйелі түрде көтеру, оны насихаттап отыру практикаға енгізілуі қажет. Мәселені көтеріп қана қоймай, оны халықтың санасына сіңіріп, нәтижесін ылғи жариялап отырған жөн. Мысалы, кейбір кемтар баланың ата-анасы оны арнаулы мектепке өткіздік, осымен іс бітті деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Осы мүгедек бала өзін кемсінбей, қоғамнан толық өз орнын алуы үшін оның ата-анасы баласын инклюзивті білім беру мекемелерінде тәрбиелеуге көңіл бөлгені дұрыс. Ендеше, бұдан адамдардың инклюзия туралы түсінігі мен мәдениетін қалыптастыру керек деген қорытынды шығады. Ал осы қажеттіліктерді бұқараның санасына сіңіру, әрине, газеттер мен журналдардың ин-

клюзия туралы түсінігі мен мәдениетін қалыптастыру керек деген қорытынды шығады. Ал осы қажеттіліктерді бұқараның санасына сіңіру, әрине, газеттер мен журналдардың, радио мен телеарналардың, әлеуметтік желілердің, электронды БАҚ-дың еншісіне тиетіні сөзсіз.

Бұл арада журналистке қойылатын талап та жоғар. Біріншіден, журналист инклюзия туралы жақсы білетін және осы іске машықтанған, маманданған білікті журналист болуы шарт; екіншіден, дайындалған мақалалар оқырманына ой салатындай, пікірталасқа шақыратындай өткір де өзекті болуға тиіс; үшіншіден, инклюзивті білім беру бұқаралық ақпарат құралдарында оқта-текте немесе науқандық сипатта ғана емес, жүйелі сипат алғанда ғана нәтижелі болмақ; төртіншіден, инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда табысты жұмыс істеп жатқан мектептердің тәжірибесін насихаттап, олардың ұстаздары мен тәлімгерлерін БАҚ-та көбірек сөйлетіп жатсақ артық болмас еді. Бұл салада БАҚ редакцияларын Үкімет тарапынан міндеттеп жатсақ істің нәтижесі арта түспек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 17.01.2014 ж.
- [2] Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /Егемен Қазақстан. – 13.04.2017.
- [3] Инклюзивное образование: сб. ст. М.Р. Битянова. – М., 2015.
- [4] Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
- [5] Назарова Н.М. Системные риски развития инклюзивного и специального образования в современных условиях //Специальное образование, 2012. – № 3. – С.152.
- [6] Абрамовских Т.А. Профессиональные компетенции журналиста печатных СМИ при освещении вопросов общего образования /Т.А. Абрамовских //Знак: проблем. поле медиаобразования. – 2017. – № 3(25). – С.21.

*References:*

- [1] Қазақстандық жол-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. - 17.01.2014 ж.
- [2] Nazarbaev N.Ә. Bolashaqqa bardar: ruhani zhanqyru / Egemen Kazakstan. – 13.04.2017.
- [3] Inkluzivnoe obrazovanie: sb. st. M.R. Bityanova. – M., 2015.
- [4] Kazakstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2011-2020 zhyldarfa arnalfran Memlekettik bardarlamasy. – Astana, 2010.
- [5] Nazarova N.M. Sistemnye riski razvitiya inklyuzivnogo i special'nogo obrazovaniya v sovremennyh usloviyah // Special'noe obrazovanie, 2012. – № 3. – S.152.
- [6] Abramovskikh T.A. Professional'nye kompetencii zhurnalista pechatnyh SMI pri osveshchenii voprosov obshchego obrazovaniya / T.A. Abramovskikh //Znak: problem. pole mediaobrazovaniya. – 2017. – № 3(25). – S.21.

**Роль СМИ в формировании инклюзивной культуры**

**К.Мырзаханқызы**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

*Аннотация*

В современном обществе в течение двух десятилетий вопросы инклюзивного образования становятся по-настоящему актуальными. Инклюзивное образование-признанный на международном уровне инструмент реализации права каждого человека на образование. Введение инклюзивного образования в образовательную деятельность всех типов школ порождает большое количество рисков и проблем. Реализация инклюзивного образования в стране не станет возможной при условии изменения общественных взглядов на систему воспитания в семье, в образовательных организациях - вплоть до системы общественных взаимоотношений, частью которой являются СМИ. В данной статье сделана попытка определения роли СМИ в формировании инклюзивной культуры, под которой мы понимаем ценности, знания об инклюзивном образовании; уникальный микроклимат доверия, способствующий развитию взаимозависимых отношений семьи и школы, позволяющих избежать конфликтных ситуаций. Автор предлагает свой субъективный взгляд на подходы к освещению инклюзии в системе общего образования. Статьи, с точки зрения автора, должны быть полемичны, журналист выступает в роли социального модератора. Только такой подход будет иметь наибольший эффект в формировании инклюзивной культуры общества.

*Ключевые слова:* инклюзия, инклюзивное образование, инклюзивная культура, дети с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ), социальная модерация.

**The role of the media in the formation of inclusive culture**

**К. Myrzahankyzy**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

*Аннотация*

In modern society, for two decades, the issue of inclusive education become truly relevant. Inclusive education an internationally recognized instrument for the realization of the right of everyone to education. The introduction of inclusive education in the educational activities of all types schools gives rise to a number of risks and challenges. The implementation of inclusive education in modern Russia will become possible by changing the system of education in the family, in educational institutions until the system of social relations, which are part of the media. This article attempted to determine the role of the media in creating an inclusive culture, by which we mean the values, knowledge about inclusive education; a unique climate of confidence conducive to the development of interdependent relations of family and school, avoiding conflict situations. The author analyzes publications about inclusive education, "Rossiyskaya Gazeta", offers his subjective opinion on approaches to the coverage of inclusion in General education. Article, from the point of view of the author, should be polemical, the journalist plays the role of a social moderator. Only such an approach will have the greatest effect in the formation of the inclusive culture of the society.

*Keywords:* inclusion, inclusive education, inclusive culture, children with disabilities (HIA). media, social moderation, "Russian newspaper".

*Редакцияға қабылданды 29.01.2019*

*МРНТИ 14.01.11*

*G.A. KASSEN*

*Al-Farabi Kazakh National University  
(Almaty, Kazakhstan)*

**ART-PEDAGOGICAL AND ART-THERAPY SERVICES IN KAZAKHSTAN:  
REALITIES AND PROSPECTS**

*Abstract*

The article analyzes and compares the specificity and art-therapeutic and art-pedagogical services condition in Kazakhstan. According to the authors, the use of elements of art therapy in prevention contributes to the strengthening of protective factors in relation to the possible involvement in a negative environment, including suicidal towards. In accordance



ce with this is the opinion that the wider society presents the forms of support to the population, created on the basis of the art methods and art techniques, the stronger anti-suicide barrier. In this regard, on the basis of questioning and site analysis, the state of these services in the Republic of Kazakhstan is summarized on the example of Almaty city. As a result, it is concluded that there is lack representation of this sphere of psychological services in our country. Art-therapy, in contrast to art-pedagogical activity, has a wider range of educational and psychological services on the market, but because of certain circumstances (high prices, poor advertising, etc.), young people do not use it. In conclusion, the author concludes the art-therapy and art-pedagogical services are received at the initial stage in the Republic of Kazakhstan. The conviction is given on the basis of summing up the experience of existing centers and services (practicing art pedagogy and art therapy with several categories of people), the art therapists and art pedagogues do not set specific goals and especially preventive purposes that are relevant to the suicidal problem: in most cases, they solve problems of communicative barriers, disadaptation, helping children with special educational needs, etc.

*Keywords:* art services; art pedagogical services; art therapy services; art pedagogical activity; art-techniques; art techniques; an anti-suicide barrier.

**Introduction.** It is well known that the specificity and condition of certain types of services determines the state of "painful" problems of society and the possibility of their solution. In modern society, the art industry is becoming popular-a kind of sphere of art services and an important sector of the art market, including the production, sale of works of art and services in the field of culture, which has its consumer audience. In our article we will focus on art services as forms of support to the population, ways to prevent the involvement of the individual in a negative environment, based on art methods and art techniques. I. e. we can say that from the whole range of art services we will be interested in art therapeutic and art pedagogical services. Art therapy services in developed countries and in recent years in our country are finding wider application. These services are very effective and indispensable tool in the provision of psychological assistance to children with various mental disorders or with disorders in development. With the child is easier to communicate through play and drawing, to this conviction comes most psychotherapists of the past and present (M.E. Rapidly [1], K.Rudestam [2], A.E. Medvedev, I.Yu. Levchenko, L.N. Komissarova, T.A. Dobrovolskaya [3], A.Ellis [4], L.D.Lebedev [5], S.M. Walsh, S.Weiss [6], Valdes, M.S. Odriozola [7], A.I. Kopytin [8] and others [9]). In addition, similar services are provided to children, adolescents and even adults, incapable of speech communication - i.e., those who have congenital diseases, organic brain lesions, etc.; in these cases, the figure becomes the primary means of communication with the client. Over time, popularized art therapy and-

therapy and art-educational services, introduced not only in special but also in mass education, in additional education system (N.Yu. Sergeeva [10], A.V. Grishin [11], V.L. Komarenko [12]. Also in parallel developed the diagnostic aspect of the art of service: professionals identify children and adolescents from "risk groups" - are prone to committing socially dangerous acts, suicides, etc. (E.R. Kuz'mina [13], A.I. Kopytin [14], J.Oster. [15]).

Then widespread art-educational services implemented by more than narrow specialists, development and implementation of preventive or remedial programs, most often these services are paid and realized by the famous masters of art therapy at the individual level (A.S. Galanov [16], M.V. Kiselyov [17], E.V. Tararina [18], etc.).

Became popular services on art therapy for various trainings – for example, communication, formation of vital skills, the development of tolerance, creativity and other qualities of the person (A.G. Grecov [19], D.S. Khomyakov [20], I.P. Novik [21], V.A. Rusov [22], etc.).

The study synthesis of the literature [23, 24] has allowed establishing that the original art therapy began to be used in the activities of psychiatric hospitals (as a form or type of employment of patients), respectively services emerged as an additional means to divert the mentally ill from aggression on others and on themselves. Then in these same institutions art therapy began to take the form of psychotherapeutic and sociotherapeutic support and rehabilitation of patients with different mental disorders, including drug and alcohol addiction. Art therapy was supplemented psihofarmakoterapia, physical

therapy and other treatments. Appropriately, during these years, art therapy services have acquired a deep psychotherapeutic orientation (A.Heigl-Evers, F.Heigl, U.Ott, W.Rüger [25], A.E. Beregulina [26], O.A.Ions [27], etc.). In the following years in different countries of the world have intensified the use of art therapy for people with psychosomatic diseases at different stages of their treatment and rehabilitation.

In addition, art therapy is used as a means of psychological assistance to people with cancer and other serious diseases (I.Samakhova [28], K.Malchiodi [29], A.Mikobene [30], etc.). Appropriately in this area there is the growth of the art of therapeutic services, from 2003-2004, which lasts to this day with more pronounced dynamics.

Art therapy is also becoming an increasingly important means of psychological and social assistance to the elderly and the elderly (O.A. Shelest [31], L.P. Vorontsova [32], etc.). Art therapy allows them to realize their creative potential, to counteract the negative changes in the social, mental and physical spheres. Also art therapy and art-pedagogic services organized in gerontological centers, homes for the elderly etc. institutions for such clients, helping them live more active and fulfilling life, to overcome loneliness, to cope with old age and limited movement to convey his experience.

Significant potential art therapy has in working with different disadvantaged groups of the population: those who are experiencing stress because of lack of work, trying to adapt to the new conditions (refugees, repatriate), returned from places of detention or in correctional institutions, etc. (N. M. Kruzhilina [33], A.A. Lebedev [34]).

Since 2005-2006, gaining momentum, the direction of art therapy for the organization of a harmonized life outside of the mental disorders or problems with the emotional sphere (S.P. Zorin [35] etc.), and in recent years strengthened the group art-services as a form of psychological support in maintaining health in overcoming professional deformation of the specialists (E.N. Purnis [36], T.A. Kharitonchik [37], etc.).

As you can see General characteristics of art therapy and art teaching services, demonstrates

the dynamic growth of this sector, from 2003-2005, but the prevention of involvement in a negative environment, suicidal issues are not the main task of specialists.

At the same time, the issues of art therapy in its integration with other areas of human development have been considered by modern and foreign authors since 2012 (V.V. Lyashenko [38], Yu.Krasnyi [39]; a collection of articles, ed. N.Yu. Zhvitiashvili. [40], A.Budza [41], and other). Of particular interest for our study presented a collection of articles, which is a high interest of foreign and domestic practical psychologists and psychotherapists to the methods of art therapy used in working with children and adolescents. The collection is the first Russian-language edition, summarizing the experience of art therapy with minors in educational and medical rehabilitation institutions. A wide range of different forms and methods of art therapeutic work is presented, taking into account both the age and clinical features of minor clients and a specific group of children and adolescents, and the conditions of art therapeutic classes (school, orphanage, children's home, children's clinic, psychological, medical and pedagogical Advisory center, etc.). The collection not only reflects the variety of modern methods of art therapy for children and adolescents, but also contains numerous examples of working with them. The authors of the collection are either professional art therapists or psychologists and psychotherapists who have undergone special post-graduate training in art therapy. It is also valuable that a significant part of the materials of the collection consists of articles written by domestic experts, adapting foreign experience or using original forms and techniques of art therapeutic work [42].

Modern research in the field of art therapy considers it at the junction with other industries, not related to the clinic, but more focused on the mass consumer of services in this industry (O.V. Barsukova [43]; A.I. Kopytin [44]; O.A. Scriabina [45; 46; 47]; E.V. Tararina [48] and other).

Системности изобразительных категорий так или иначе соответствует системность форм изображения, и именно поэтому композиция, ответственная за целостность художественного образа, выступает доминантой творческого процесса» [18, 149 б.]. Композицияның пластикалық, конструктивті-структуралық құрылымдық, түстік-пішіндік, мән-мазмұндық, эмоционалды-сезімдік, материалдық-фактуралық компонентері өнер түрлері мен көркем қызмет түрлеріндегі көп қырлы тәсілдер мен технологиялар қолданылу процесінде поликөркемдік интегративті тәсілдерді қамтамасыз етеді. Осы аталғандардың әсерлі-сезімдік, көркем бейнелік функциялары поликөркемдік қатынастағы композициялық тұтастықта орын алуы маңызды педагогикалық өнертанымдық процесс болып табылады. Мұнда, әрине нақыштылықпен бейнелік пластикалық, көркемдік интеграциясыда маңызды композициялық құрылым түзеді. Мұның бәрі тұтастай алғанда композициялық мәдениетпен байланысты. Композициялық мәдениетті қалыптастыру – поликөркемдік таным мен білімді қалыптастыру. Композицияның дәстүрлі мәндік сипаты – образдық таным, образдық ой, бейнелік нақышты көркем пластика. Қоршаған орта шындығын өнер және көркем қызмет тәсілдерімен образды бейнелеу. Осы тұрғыда Н.Н. Волков: «Единство внешнего, наглядного, и внутреннего, идейного, составляет существенную черту искусства. ... Можно сказать, что искусство в своих образах воплощает *живое, страст-*

*ное познание действительности.* Оно воплощает это познание, в частности, и в красках, в колорите картин» [19, 12 б.], – дейді.

Композициядағы негізгі басымдық көркем бейнедегі әсерлі сезім мен ойлы мән құрылымы. Осы кіріктірілген тұтастықта композиция бейненің жеке элементтерін ойлы мазмұндық және нақышты әсерлік тұтастыққа жинап, көркем образды сомдайды. *Алғашқы көркем-эстетикалық ой тұжырымды, бейнелі пластикалық көркем мазмұнға жүйелеу композицияның басты заңдылығы.*

Қандайда тәрбие-білім кешені шығармашылық тапсырмалар мен әдістер жиынтығынан тұруы тиіс. Осы шығармашылық тапсырмалар мен әдістер композициялық көркемдік концепциялар мен мақсаттардан, образдық ой-жүйеден құралып оқушы белсенділігін қамтамасыз етеді. Эстетикалық сезім арқылы шығармашылық әрекет пайда болады. Көркем педагогика бұл текқана өнер арқылы білім-тәрбие беру емес, ол гуманитарлық-мәдениеттану мағынасындағы кең көлемді мазмұнды ұғым. Сондықтан көркем педагогика гуманитарлық және жеке тұлғалық мәдениетті, шығармашылық әдіс-тәсілдермен, көркемдік концепция мен мәдени мақсаттар арқылы шешуге тырысады.

Бейнелеу қызметі ортақ заңдылықтағы бейнелік процестен тұратындығын айта келіп, В.С. Щербаков мұнда бейнелеу процесін үш кезеңде көрсетеді: «область образования представлений о предмете, область образования представлений об изображении, область материального выполнения изобразительной задачи. Все эти три области, три этапа взаимно обуславливают друг друга» [20, 35 б.]. Бұл ортақ бейнелік процестер, түп негізінде заттар, қоршаған орта дүниесі әсемдігі туралы эстетикалық тұжырым қалыптастыра отырып, келесі кезеңде көркем бейне туралы түйсік қалыптастырып, содан кейінгі кезеңде, осы ой тұжырымдар негізінде оны материалдық көркем образдық бейнеге айналдыру қызметтерін атқарып, түрлі композициялық көркем қызмет пен өнер түрлері тәсілдерін қажет ететіндігін байқаймыз. Яғни, осы процестер қатына-

сында, түрлі поликөркемдік интеграциялық факторлар орын алатындығын көрсетеді. Мұнда тек әдіс-тәсілдік, техникалық мәселелер ғана емес, өнер түрлері қызмет тәсілдерінің өзара байланысыда орын алады. Бұл біртұтас жүйе, көркем композициялық қызмет үрдісіндегі өнер түрлері мен қызметі түрлерінің тығыз байланысы мен интеграциясын қалыптастыратын басты фактор.

Көркем білім беруде өнер түрлері мен көркем қызмет түрлерінің кірігуін қарастыратын білім жүйесі жеке тұлғаның поликөркемдік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мәселе өз кезегінде көркем білім беруде болашақ педагог мамандардың поликөркемдік даярлығын талап етеді. Композицияны оқытуда өнерлер мен көркем қызмет түрлерін, формалары мен тәсілдерін, түрлі бейнелеу құралдарын қолдану, бейнелеудің поликөркемдік факторларын қамтып әсерлі-сезімдік күйдегі шығармашылық белсенділікті арттырады.

**Қорытынды.** Композиция өнер түрлері мен көркем қызмет түрлерінің түрлі формаларымен әдіс тәсілдер жүйесінің синтездік құрылымы ретінде білім теорияларының, практикасының және көркем-шығармашылықтың қызмет элементтерін қамтитын поликөркемдік құбылыс.

«Полихудожественность как ценность в структуре педагогического искусствоведения предполагает формирование художественных ориентиров, культуры таланта и опыта творчества средствами взаимосвязи и интеграции различных видов искусств и разнообразных видов художественной деятельности» [3, 230 б.].

Поликөркемдік-композициялық қызмет барысында шығармашылық танымды белсендіріп, өнер түрлеріндегі және әртүрлі көркем қызмет түрлеріндегі өзара байланыс және кірігу құралдарымен білімгердің көркем образды сомдау мүмкіндіктерін, композициялық мәдениетін қалыптастыру тәсілдерін қамтиды. Композиция пәнінде поликөркемдік білім, интегративті комплекстік үрдіс ретінде, өнер түрлері мен өнер қызметіне жүйелі кірігу тәсілін қарастырады.

Біздің тәжірибемізде композиция пәні бойынша поликөркемдік педагогикалық өнертанымдық білім беру тәсілдері қамтылған:

– бейненің көркем пластикалық құрылымын анықтау үрдісінде көркем образды сомдаудың, көркем қызмет түрлеріндегі құрал-тәсілдерді кіріктіру;

– композициялық шығармашылық пен білім беру үрдісінің үндестігін көркем қызметтің әртүрлі формаларымен, тәсілдерімен қамтамасыз ету;

– өз бетінше, өз мүмкіндігінше көркем образды өнер қызметі мен өнер түрлері интеграциясында сомдау жолдарын іздену;

– өнер түрлері туындыларындағы және көркем қызмет түрлеріндегі композициялық құрылымды, мән-мазмұнды талдау;

– бейнелеу өнері түрлерінің бейнелік пластикалық формалары мен қызмет түрлерінің құрал-тәсілдерін интеграциялы қолдану.

Б.П. Юсовтың ұсынған өнер туындыларын көркем қабылдау моделі [21, 6 б.] композициялық шығармашылық үрдісте де қолданысқа енгізуге мүмкіндік береді:

– эрудиция (танымдық аспект) – өнердің тарихы мен деректерін білу, өнер тарихын шығармашылықпен меңгеру;

– ықыластылық (сенсорлы-эмоциональдық аспект) – өнердің бейнелі тілімен танысуға бейімділік (өнер формасын оның мән-мазмұнымен бірлікте сезіну);

– әсерленушілік (аффективті аспект); көркемдік іс әрекетте әсерлі сезімдік қатынас орнату.

Суретші композитор үшін бейнелеу нысаны немесе қандайда құбылысты бейнелі көркем қабылдау мен әсерлі тану композициялық шығармашылықтың алғашқы кезеңі, бастау көзі. Себебі, көру, сезіну, сезімдік тану, көркем ой-жүйе және практикалық көркем қызмет, барлығы суретші шығармашылығы мен көркем қызметіндегі бөлінбес құбылыс. Яғни, композициялық қызмет үрдісінде эрудиция, ықыластылық, әсерленушілік тұтастай өзара әрекеттестікте болады. Композицияда тікелей көзге көрінген нәрсе емес, белгілі бір әсерлі сезімдік деңгейде танылып, қабылданған образдар комплекстік жүйесі бейнеленеді. Қабылдауда да, бейнелеуде де эрудиция, ықыластылық, әсерленушілік таным-сезімдік процестер қатар орын алып композициялық қызмет нәтижесін арттыра түседі.

Қорыта келгенде бейнелеу өнері түрлерінің бейнелік пластикалық формалары мен қызмет түрлерінің құрал-тәсілдері, композицияның поликөркемдік факторлары ретінде бейнелеу элементерінің жүйесі арқылы, көркем образдық ойды жеткізе білудің өзіндік мәндік функцияларын ашып көрсетеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Савенкова Л.Г. Педагогика искусства и интеграция // Интеграция как методологический феномен художественного образования в изменяющейся России: Материалы Международной конференции / Ред.-сост. Л.Савенкова // Искусство в школе. – 2001. – № 4. – С.3-4.
- [2] Савенкова Л.Г. Интегрированное полихудожественное развитие школьников // История художественного образования в России – проблема культуры XX века. – М.: Издат. дом РАО, 2003. – С.301-305.
- [3] Золотарева Л.Р. Педагогическое искусствоведение: Монография. – 2-е изд. – Алматы: Эверо, 2015. – С. 399 (резюме на рус., каз., англ. языках) / Пер. на каз.яз. Ж.Т. Нурмухановой; пер. на англ. яз. Я.А.Золотаревой.
- [4] И.Маца. Творческий метод и художественное наследство. – М.: Изогиз. – 1933. – С. 336.
- [5] Алпатов М.В. Композиция в живописи. – М.: Искусство, 1940. – С. 132.
- [6] Арнхейм Р. Искусство и визуальное восприятие. – М.: Прогресс, 1974. – С.392.
- [7] Волков Н.Н. Композиция в живописи. – М.: Искусство, 1977. – С.263.
- [8] Выготский Л.С. Психология искусства. – М.: Искусство, 1986. – С. 572.
- [9] Даниэль С.М. Искусство видеть: О творческих способностях восприятия, о языке линий и красок и о воспитании зрителя. – М.: Искусство, 1990. – С. 221.
- [10] Кибрик Е.А. Объективные законы композиции в изобразительном искусстве // Вопросы философии. – № 10. – 1966. – С.103-113.
- [11] Жегин Л.Ф. Язык живописного произведения (условность древнего искусства). – М.: Искусство, 1970. – С. 124.
- [12] Ганзен В.А. Восприятие целостных объектов. – Л.: ЛГУ, 1974. – С. 150.
- [13] Савенкова Л.Г. Интегрированная программа полихудожественного развития на основе взаимодействия искусств / Науч. рук. Б.П. Юсов. – М.: ИЦЭВ РАО; ИЧП «Изд-во Магистр», 1995. – С.74.
- [14] Взаимодействие и интеграция искусств в полихудожественном развитии школьников: Рекомендации к разработке комплексных программ по искусству для школ и внешкольных занятий / Под общ.ред. Г.П. Шевченко и Б.П. Юсова. – М., НИИ ХВ; АПН СССР, 1990. – С. 180.
- [15] Савенкова Л.Г. Актуальные направления интегрированного и полихудожественного подходов в педагогике искусства // Педагогика искусства как новое направление гуманитарного знания. – Ч.1. – М.: ИХО РАО, 2007. – С.41-49.
- [16] Джанаев М.Б. Взаимодействие методов обучения и художественного творчества // Қазақстан мектебі. – № 5(1049)7 – 2013. – 13-18 бб.
- [17] Неменский Б.М. Культура, искусство, образование: Цикл бесед. – М.: Московский Центр художественной культуры, 1993. – С. 79.
- [18] Даниэль С.М. Картина классической эпохи. Проблема композиции в западноевропейской живописи XVII века. – Л.: Искусство, 1986. – С. 199.
- [19] Волков Н.Н. Цвет в живописи. – Изд.второе, дополненное. – М.: Искусство, 1985. – С. 320.
- [20] Щербаков В.С. Изобразительное искусство. Обучение и творчество (Проблемы руководства изобразительным творчеством детей). – М.: Просвещение, 1969. – С.272.
- [21] Восприятие изобразительного искусства школьниками: Сборник научных трудов // АПН СССР, НИИ ХВ; отв. ред. Б.П. Юсов. – М., 1988. – С. 129.

*References:*

- [1] Savenkova L.G. Pedagogika iskusstva i integraciya // Integraciya kak metodologicheskij fenomen hudozhestvennogo obrazovaniya v izmenyayushchejsya Rossii: Materialy Mezhdunarodnoj konferencii / Red.-sost. L.Savenkova // Iskusstvo v shkole. – 2001. – № 4. – S.3-4.
- [2] Savenkova L.G. Integrirovannoe polihudozhestvennoe razvitie shkol'nikov // Istoriya hudozhestvennogo obrazovaniya v Rossii - problema kul'tury HKH veka. – М.: Izdat. dom RAO, 2003. – S.301-305.
- [3] Zolotareva L.R. Pedagogicheskoe iskusstvovedenie: Monografiya. – 2-e izd. – Almaty: Evero, 2015. – 399 s. (rezyume na rus., kaz., angl. yazykah) / Per. na kaz.yaz. Zh.T. Nurmuhanovoj; per. na angl. yaz. Ya.A. Zolotarevoj.
- [4] I.Maca. Tvorcheskij metod i hudozhestvennoe nasledstvo. – М.: Izogiz. – 1933. – 336 s.
- [5] Alpatov M.V. Kompoziciya v zhivopisi. – М.: Iskusstvo, 1940. – 132 s.
- [6] Arnhejm R. Iskusstvo i vizual'noe vospriyatie. – М.: Progress, 1974. – 392 s.

- [7] Volkov N.N. Kompoziciya v zhivopisi. – M.: Iskusstvo, 1977. – 263 s.
- [8] Vygotskij L.S. Psihologiya iskusstva. – M.: Iskusstvo, 1986. – 572 s.
- [9] Daniel' S.M. Iskusstvo videt': O tvorcheskikh sposobnostyah vospriyatiya, o yazyke linij i krasok i o vospitanii zritelya. – M.: Iskusstvo, 1990. – 221 s.
- [10] Kibrik E.A. Ob'ektivnye zakony kompozicii v izobrazitel'nom iskusstve // Voprosy filosofii. – № 10. – 1966. – S.103-113.
- [11] Zhegin L.F. Yazyk zhivopisnogo proizvedeniya (uslovnost' drevnego iskusstva). – M.: Iskusstvo, 1970. – 124 s.
- [12] Ganzen V.A. Vospriyatie celostnyh ob'ektov. - L.: LGU, 1974. - 150 s.
- [13] Savenkova L.G. Integrirovannaya programma polihudozhestvennogo razvitiya na osnove vzaimodejstviya iskusstv / Nauch. ruk. B.P.YUsov. – M.: ICEV RAO; ICHP «Izd-vo Magistr», 1995. – 74 s.
- [14] Vzaimodejstvie i integraciya iskusstv v polihudozhestvennom razvitii shkol'nikov: Rekomendacii k razrabotke kompleksnyh programm po iskusstvu dlya shkol i vneshkol'nyh zanyatij / Pod obshch.red. G.P.Shevchenko i B.P. Yusova. – M., NII HV; APN SSSR, 1990. – 180 s.
- [15] Savenkova L.G. Aktual'nye napravleniya integrirovannogo i polihudozhestvennogo podhodov v pedagogike iskusstva // Pedagogika iskusstva kak novoe napravlenie gumanitarnogo znaniya. – Ch.1. – M.: IHO RAO, 2007. – S.41-49.
- [16] Dzhanayev M.B. Vzaimodejstvie metodov obucheniya i hudozhestvennogo tvorchestva // Kazakstan mektebi. – № 5(1049)7 – 2013. – 13-18 bb.
- [17] Nemenskij B.M. Kul'tura, iskusstvo, obrazovanie: Cikel besed. – M.: Moskovskij Centr hudozhestvennoj kul'tury, 1993. – 79 s.
- [18] Daniel' S.M. Kartina klassicheskoy epohi. Problema kompozicii v zapadnoevropejskoj zhivopisi HVII veka. – L.: Iskusstvo, 1986. – 199 s.
- [19] Volkov N.N. Cvet v zhivopisi. – Izd.vtoroe, dopolnennoe. – M.: Iskusstvo, 1985. – 320 s.
- [20] Scherbakov V.S. Izobrazitel'noe iskusstvo. Obuchenie i tvorchestvo (Problemy rukovodstva izobrazitel'nyim tvorchestvom detej). – M.: Prosveshchenie, 1969. – 272 s.
- [21] Vospriyatie izobrazitel'nogo iskusstva shkol'nikami: Sbornik nauchnyh trudov // APN SSSR, NII HV; otv. red. B.P. Yusov. – M., 1988. – 129 s.

### Полихудожественные факторы обучения композиции

*М.Б. Джанаев*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Алматы, Казахстан)*

#### *Аннотация*

В статье рассматриваются полихудожественные факторы развития учащихся в обучении композиции на основе художественно-педагогических методов. Изучаются возможности применения приемов и техник композиции в формировании художественной культуры учащихся. Творческая природа композиционной деятельности и художественно-педагогическое искусство в процессе обучения рассматривается, как целостный акт развития художественной культуры и художественно-познавательных способностей учащихся. В статье на основе теории и практики художественного образования, педагогики искусства и педагогического искусствоведения исследуется сущность полихудожественных факторов композиции и научные принципы его обоснования, в обучении композиции. Полихудожественность рассматривается как сущность композиционного творчества. Задачами данного исследования является композиционное творчество как полихудожественное явление, сопрягающее в себе элементы видов искусств, теорию и практику художественно-творческой деятельности. Композиция как полихудожественное явление понимается как целостная система художественно-творческого процесса. Полихудожественность в композиции предполагает формирование художественных способностей, композиционной культуры, и опыта творчества средствами взаимосвязи и интеграции средств и технологии различных видов искусств и разнообразных видов художественной деятельности. Полихудожественное композиционное образование предусматривает интегративный процесс, то есть комплексный подход к творческому процессу в композиционной деятельности. Полихудожественное обучение композиции неразрывно связано с разработкой и внедрением в практику интегрированных и интерактивных методов работы, стимулирующих художественное мышление, творческое воображение.

*Ключевые слова:* композиция, композиционная культура, художественная деятельность, художественное образование, творческий процесс, интеграция, полихудожественные факторы, художественно-педагогическое искусство, виды искусства, педагогика искусства.



### **Poly-artistic factors of learning composition**

**M.B. Dzhanyayev**

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai  
(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

The article discusses the poly-artistic factors of development of students in teaching composition based on artistic and pedagogical methods. The possibilities of applying the techniques and techniques of composition in shaping the artistic culture of students are being studied. The creative nature of compositional activity and artistic and pedagogical art in the learning process is considered as an integral act of the development of artistic culture and artistic and cognitive abilities of students. In the article, based on the theory and practice of art education, pedagogy of art and pedagogical art history, the essence of poly-artistic factors of composition and the scientific principles of its justification, in teaching composition, are explored. Poly-artistic is seen as the essence of compositional creativity. The objectives of this study is the compositional creativity as a poly-artistic phenomenon, combining the elements of the arts, the theory and practice of artistic and creative activity. Composition as a polyartistic phenomenon is understood as an integral system of the artistic and creative process. Poly-artistic in composition implies the formation of artistic abilities, compositional culture, and creative experience by means of interconnection and integration of means and technology of various types of arts and various types of artistic activity. Poly-artistic compositional education provides for an integrative process, that is, an integrated approach to the creative process in compositional activity. Polyartistic teaching of composition is inextricably linked with the development and introduction into practice of integrated and interactive methods of work that stimulate artistic thinking and creative imagination.

*Keywords:* composition, compositional culture, artistic activity, artistic education, creative process, integration, polyartistic factors, artistic and pedagogical art, art forms, art pedagogy.

*Редакцияға қабылданды 22.01.2019*

Қ.Е. ИБРАЕВА<sup>1</sup>, Д.ЕЛМҰРАТҚЫЗЫ<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан),

<sup>2</sup>Орталық ұлттар университеті  
(Бейжің, ҚХР)

## ШЫҢЖАҢ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДАСТАН ӘУЕНДЕРІНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Аңдатпа*

Қазақ халқының ауыз әдебиеті барынша дамыған. Оның құндылығы сан ғасырдан бері қарай жалғасып келе жатыр. Қазақ халқына тән ерекше мәдени мұралардың бірі де бірегейі ауыз әдебиетінің ерекше дамыған бірнеше түрлерінің ішінде ҚХР, Шыңжаң өлкесінің қазақ халқының дастандары ерекше орын алады. Олар әдебиетті, музыканы және орындаушылықты ауызша жырлау түрінде біріктіретін жан-жақты халық шығармашылығының бейнесі. Зерттеу барысында авторлар Шыңжаң өлкесіндегі қазақ жыршылардың ән шырқау өнерін талдау арқылы олардың қазақ халық әндерінің сипаттамаларына сәйкестігін анықтады. Мақалада ҚХР, Шыңжаң өлкесіндегі қазақ халқы арасына кең таралған халық дастандарының музыкалық ерекшеліктері және олардың әуендерінің онтологиялық талдау сипаттамасы ұсынылады. Авторлар халық дастандарының музыкалық бейнелерінің ашу мақсатымен олардың мәнін, мазмұнын және құрылымын қарастырды.

*Түйін сөздер:* Шыңжаң қазақтар, дастан, жыршы, ұлттық музыка

**Кіріспе.** *Дастан* – әдебиетті, музыканы және орындаушылықты ауызша жырлау түрінде біріктіретін жан-жақты халық шығармашылығы. Дастан музыкасы – оны жырлау барысындағы халық вокалы және аспаптық музыканың бірі түрі. Дастанды ауызша жырлауға маманданған сахара өнерпаздары бар, оларға әртүрлі тақырыптар беріледі. Ерекше жаттампаздыққа ие дастаншылар таңды-таңға жалғап, ұзын сонар дастандарды айтып, елдік пен бірлікті өзгелерге насихаттайды. Бұл өнер түрі жұрт көп жиылған жиын-тойлар, кештер, фестивальдарда өткізіледі. Дастан жырлауда жыршы ешқандай музыка сүйемелінсіз немесе қазақ халқының баяғыдан бірге келе жатқан асыл мұрасы домбырамен орындайды.

Осы мақалада авторлар ҚХР, Шыңжаң өлкесіндегі қазақ халқы арасына кең таралған халық дастандарының музыкалық ерекшеліктерін төмендегідей жіктейді. Дастан әуенінің басты ерекшеліктерін оның әуендерінің онтологиялық сипаттамаларын талдау мерзімінің үш факторынан, ән мен әуендік қисын тұрғысынан зерттеуге болады.

**Негізгі бөлім.** Шыңжаң қазақтарының жыр-дастан музыкасы бірқатар зерттеу еңбек-

терінде қарастырылады. Қытай тіліндегі материалдарда, қытай ғалымы Цай Зоң Ды, Жоу Жин Бау құрастырған «Жібек жолындағы әнби музыкасы» атты кітапта қазақ халқының дәстүрлі музыканы жалпылап айтып өткен [14]. Оның ішінде дастан музыкасын таныстырып, қазақ дастаны әдебиет жағынан зерттелген. Мысалы, Ли Зың Шаң, Уаң Юан Шин жазған «Қазақ халқының өлең құрылым ерекшеліктері» атты мақаласы шыққан [9].

Сонымен қатар, Ұлзанбай, Шяу Жуң Ий «Қазақ халық дастанын жалпы таныстыру» мақаласында дастандар бағыт-мазмұны қырынан қарастырылды [13]. Демек, қытай тілінде әдебиет жағынан шыққан бірталай еңбектер болса, музыкалық бағытта мақсатты түрде зерттелмегенін дәлелдейді.

Еділ мен Орал өңірлеріндегі түркі этникалық топтарының заманауи музыкалық білімі үшін алғышарттар қалыптастыруда жадидизмнің реформаторлық идеяларының маңызды рөлін және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында олардың қоғамдық санадағы өзгерістерге тікелей әсер етіп, ұлттық мәдениеттің және педагогиканың маңызды құрамдасы ретінде музыканың мәнін Салитова Ф.Ш. зерттеген [10].

Шетелдік және қазақстандық ғалымдар, өнер танушылар халық ән-жырларды көп зерттеген [1-8, 11,12,15]. Шыңжаң қазақтар жыр-дастан музыкасының ерекшеліктерін талдау мерзімінің үш факторыдан зерттеуге болады: өлшем және ырғақ, әуен және музыка құрылымы. *Өлшем және ырғақ факторлары* дастанның жылдамдық пен ұзын-қысқалығы, әуенге сай өзгерісі, ырғағы т.б қамтиды. Өлшемнің коэффициенттерінің арасында ритм

түрі негізінен бірыңғай орташа ырғақ түрі болып табылады және күрделі ырғақ формалары аз кездеседі. Бұл тұрақсыз ырғақ түрі және тұрақты ырғақ түрі болып екі топқа бөлінеді. *Тұрақсыз ырғақ түрінің* формасы жырланатын әуенге дерліктей әсер етеді әрі оның қатып семген ешқандай қағидасы жоқ. Бұнда белгілі бір үлгі болмайды, ырғақ түрі тек мәтіннің өзгеруімен ғана өзгеріске ұшырап отырады.

### Kenges Nazim

♪=248

演唱: Malik (马勒克)  
记谱: 迪娜·叶勒木拉提

toŋ la saŋ ĭz keŋ es ay ta yn ja ra lip kel dik a ta don

3

a dam pen den bol ğan don ĭ qĭ las du ğa ba ta don

Зерттеу барысында көрсетілген мысал ҚХР, Шыңжаң өлкесіне қарасты Алтай аймағындағы дастан жырлаушы өнерпаз Мәліктің жырлаған нұсқасыныңда ешқандай қағида жоқ, тек дастанның мәтін өзгерісіне қарай өзгерістерді байқауға болады.

*Тұрақты ырғақ түрінің формасы* мен тұрақты ырғақ үлгісінен құрылады. Тұрақты ырғақ түрі жырланатын әуенге үлкен жақтан еш әсерін тигізбейді, бұнда бастан ақыр бір ғана ырғақ болады, тек кейде бір-екі дыбыстық өзгерістер болуы мүмкін.

### Tusipqan

♪=128

演唱: Qazim. alman  
(哈孜木·阿里曼)  
记谱: 迪娜·叶勒木拉提

al jamaġataytayĭn azġanaparĭzsizderge dūniyealĭsboptur qĭyametjaqĭnbizderge

Бұл мысал – Шыңжаң Алтай аймағының Бурылтоғай ауданында тұратын дастаншы Қазым Өлменұлының жырлаған нұсқасы. Бұл үлгінің барлығы 4/4 болған.

Тұрақты ырғақ үлгісі көбінесе 4/8 және 5/8 немесе 3/8 және 4/8 аралас болып келеді. Және барлық түрленулердің бастапқы бөлігіне сәй-

кес 4/8 болып, 5/8 ге жалғасады. Одан кейін 4/8 ге қайта өзгеріс жасайды. Осылай болғанда «4/8- 5/8- 5/8» дыбыс режимін құруға болады, ал бұл режим басынан аяғына дейін өзгеріп отырады. Көптеген дыбыс режимдері «3/8- 4/8- 4/8» және «4/8- 5/8- 5/8».

### Esımqan ĭrisqan tōngkōrsi

♪=242

演唱: Qazim. alman  
(哈孜木·阿里曼)  
记谱: 迪娜·叶勒木拉提

đi qiy saa sōz bas ta yĭĭn qa lam al ĭp mđ se le bir ek auw ĭz xat sa sal ĭp

Жоғарыда көрсетілген мысал Шыңжаңның Алтай аймағындағы дастаншы Қазім Әлменұлының жырлаған нұсқасы. Бұнда ырғақ формасы «4/8- 5/8- 5/8» сияқтыларға құрылған.

Әуендік факторлары төрт түрлі жақтан сипатталады: ладтық ерекшелігі, әуен түрлену әдісі, бас әуен және соңғы дыбыстың байланысы, әуеннің функционалдық мағынасы. Ладтық ерекшеліктерін екі түрге бөлуге болады: толық ладтық әуен және дыбыстар тізбегінен тұратын баған. Толық ладтық әуендерде иониялық және миксолиялық, пентатоникалық және дексахорлық ладтар жиі кездеседі. Дыбыстар тізбегінен тұратын баған үш тондық және төрт тондық бағандарға бөлінеді, мысалы, үш реттік баған: «do-re-mi», төрт реттік баған: «do-re-mi-sol».

Айналдыру әдісі әуенінің ауқымы үлкен емес, дыбыс аралығы екі градусқа негізделген, үш және төрт градусқа секірістерге лайықталған. Ең үлкен дыбыс аралығы бес градустан жоғары болмайды. Әуен дыбысының түрі әдетте қайталанатын, модульдік және ретроградтық әдістерге бөлінеді. Көптеген гомофондар қайталанып, олардың ән-күй әуендерінің сипатын арттырады, бірақ бұл негізде

әуеннің белгілі бір сызықтары мен ерекшеліктері бар.

Бас әуен және соңғы дыбыстың байланысы дастандарда көбінесе дыбыс аймағындағы басы мен аяғы арасындағы айырмашылықты, эмоциялық күйді білдіреді. Олар ішінде үш санатқа бөлінуі мүмкін: әуеннің басталуы жоғары дыбысқа жету, соңғы дыбыс әуеннің негізгі дыбысына тоқталуы және әуеннің төмендеу үрдісі. Әуеннің басталуы жоғары дыбысқа жету қазақ халқының әндеріндегі ең көп таралған музыкалық сипаттамаларының бірі. Әннің бірінші сөйлеміндегі дастан мәтіндерінің көпшілігі жоғары деңгейге жетеді, бұл жоғары дыбыс негізінен әуеннің ең жоғары нотасы, әуеннің шырқау шегі одан да жоғары деңгейге жетеді. Жалпы, әуеннің жоғары дыбысы екі түрге бөлінеді: прогрессивті байланыс желісі және аралық секіру. Жоғары деңгейге бірте-бірте жететін әуенде негізінен екі градус кадамдық прогрессия болып табылады. Қадамдық интервалындағы ең жоғары дыбысқа жеткен әуен 3-4-ші немесе 5-ші интервалдарда I-деңгейлі негізгі дыбыс және V-деңгейге әуен шкаласына үндесуіне болады.



Мысал дастаншы Қақаптың айтқан алғашқы үш жолы. Мұнда негізгі дыбыс белдеуі орташа аймақ болып табылады, негізінен 2, 3 және 4 дыбыс аралығынан жүреді. Алғашқыда бүкіл көлемдегі ең жоғары дыбыс e2-ге шықты, ал екінші шара e2-нің ең жоғарғы дыбысымен

қайталанды. Бірінші шара негізінен тікелей әуенді аудиттің ең жоғары нотасы.

Соңғы дыбыс әуеннің негізгі дыбысына тоқталады. Аяқталатын бөлім көбінесе жоғары басталуымен ерекшеленеді және оның эмоциялары тыныш күйде болады.



Бұл мысал дастаншы Қақаптың дастан айтқандағы ең соңғы екі жолының үлгісі, негізінен, 3 тондық көтерілген e1, f1, e1, содан кейінгі прогрес f1, e1, e1, e1.

Дастан әуеннің төмендеу үрдісі прогрессив-

ті немесе прогрессивті күрделілікке жалға-суы дыбысты аяқтаудың ең кең таралған тәсілі. Жалпы алғанда, mi, re және do 3 тон басым болып табылады, ал прогрессивті регрессиялар көбінесе кең таралған.






ja z'iu w'ig auw s'öz di'g kil tin

Зерттеу барысында көрсетілген мысал – дастаншы Айша Аққожаның орындауындағы дыбысталуының соңындағы екі жолынан әуенді көтеру әдісін және әуеннің төмендеуін байқауға болады. Бұл дастан әуеннің төмендеуі дастан мәтінімен тығыз байланысын білдіреді.

Әуеннің функционалдық мағынасы дастан әуендері қазақтың халық әндеріне тән, функционалдық қозғалыс үрдісін, әсіресе негізгі функцияға бейімділік танытады. Дастан әуенінде оның функционалдық маңызы бар. Әуен-

нің функционалды мәні негізінен бас әуеннің функциясы және фраза функциясы болып екі түрге бөлінеді.

1) Бас әуеннің функциясы – бұл функцияның бірінші дыбысы. I, IV және V функционалды тонуы және осы арқылы дыбыстық сигнал келесі функцияға ауысып немесе өткізіледі. Әуеннің басында жоғары дыбысқа жету үшін, ол жоғары кеңістіктің негізгі дыбыстық орны деп аталады. Бұл қазақ халық әндерінің сипаттамасына өте ұқсас. Осындай ерекшеліктер негізінен түпнұсқа мәтін және оның өзгеруінен тұратын қалыпта болады.



Qo l'ima\_\_ qa lam a l'ip ja za y'in xat

Мысал Бейсен дастаншының айтқан алғашқы үш жолы. Бұл дыбыс теңшеуі болып табылады, әуеннің бірінші бөлігі бірінші тонуымен басталады, ал бірінші бөлік V-ден 4 градуспен дыбысқа ауысады, ал негізгі функцияны мелодия атқарады. Бұл әуен фразасы әдеттегі функционалдық маңызға ие.

Фраза функциясының мағынасы біртұтас мақамның V-ден дыбысқа өтетін байланысын, яғни, жоғарғы сөйлемнің соңғы дыбысы әуен шкаласында V-деңгей дыбысына түседі және соңғы мәтіннің соңғы дыбысы бірінші деңгейлі негізгі дыбысқа түседі, осылай дастан-

ның тұрақты және теңдестірілген сезімге ие болады. Мәтін функциясының мәні жоғарғы және төменгі мәтіндердің құрылымынан көрінеді.

Музыканың құрылымдық факторлар әуенді дамытуды, дастан құрылымын және т.б. қамтиды. Әуеннің құрылымына байланысты фраза және негізгі мақам кіреді.

Байланысты фразаның жоғарғы және төменгі мәтін формасы Іле облысындағы дастаншы Айша Аққожаның айтқан дастан әуендерінде көрініс табады, жыршы жоғарғы және төмен мәтіндер түрінде екі әуенді пайдаланады.

### Baxar im

演唱: Ayxa-akkoja  
(阿依夏·阿克阔加)  
记谱: 迪娜·叶勒木拉提



Бұл дастан әуенінде бірнеше рет қолданылады. 6 тармақ бір рет қосылып айтылады. Музыка құрылым тұрғыдан бұл спектр – жоғарғы және төменгі мәтіндердің орналасуы.

Алғашқы 1-6 тармақтар бірінші бөліктер үшін, ал соңына f1 келіп, содан соң әуенде үзіліс болады. 7-12 тармақтар екінші бөліктер үшін, алаяқталу бөлігі 4 жалғаспа негізгі дыбыс

арқылы аяқтайды.

Негізгі мақамның түрлену әдісі көптеген дастан айтушылардың әуенінде құбылтып айтуды негізге алады. Олардың ішінде, атап айтқанда, негізгі мәтіннің көп бөлігі негізгі тақырып және жаңа материал, содан кейін не-

гізгі тақырып өзгеріске ұшыраған бөлігі болады. Негізгі тақырып бөлігін құлпыртып айту арқылы, жаңа материал құрылымын азайтуға мүмкіндік туады. Сондықтан, оның дыбыстық құрылымы тұрақтанбаған және белгісіздігі жоғары болады.

**Arqalik batir**

演唱: Qaqap. asqar  
(卡卡普·阿斯卡尔)  
记谱: 迪娜·叶勒木拉提

♩=231

1  
jat qan day kök ke kü mis ter ge bo lıp as pan nıǵ ay na sın day döǵ ge le nip

7  
köi ja tır oy ı tol qıp bo yı bal qıp tol qı dı tıy dek tıy dek ter ber le lıp

13  
qa ray dı ja nı lıp ay qa ra ǵay dı qı zıq tap o sı maǵ ǵa ser ge ke lip

19  
Aq qıwqaz köi dige r kin bet insız ǵan qal ǵan day qa lıǵ qus qa kö beǵ kö lep

Мысалда әуеннің 1-6 тармағы негізгі фраза А болып табылады, 7-12 тармағы А1 болады, ол негізгі фразаның түрленуі. 13-18 тармағы В жаңа материалдан дамиды. Ал 19-24 тармағы А2 болып бас дыбысқа қайтып келеді. Жалпы алғанда, негізінен, түпнұсқа мәтіннің нәтижесі бойынша материалды үздіксіз өзгертуге негізделеді.

**Қорытынды.** Шыңжаңдағы қазақ дастандарының зерттеуші ғалымдар өте аз. Осы жұмысты дайындау барысында жыршылардың

ән шырқау өнерін талдау арқылы қазақ дастан әуендерінің көпшілігі қазақтың халық әндерінің сипаттамаларына сәйкес келеді деген қорытындыға келдік. Жер жүзіндегі халықтар арасында әлі ешкімге жете қоймаған, ешкім ести қоймаған құдіретті музыкалық өнер мен далалық дәстүрге ие мәдениетті Шыңжаңдағы қазақ дастандарының стилистикалық ерекшеліктерің зерттейтің кез келді деп ойлаймыз және музыкалық бейнелерінің маңызын ашып көрсету – алдағы зерттеу еңбектерінде тереңірек қамтылады деген үміттеміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Бекмұхамедов Б.М., Шындауылова Р.Б. Музыка мұғалімінің музыкалық-орындаушылық қызметін зерттеуінің тарихи-философиялық алғышарттары // Педагогика және психология. – 2017. – № 2(31).
- [2] Бисенбаев А.К. Мифы древних тюрков. – Алматы: Ан-Арыс, 2008. – С.120.; Абдрасулов С. Код кыргызов. Кочевник и животный мир // www.centrasia.ru/newsA.php?st=1329217080 / Дата обращения 6 октября 2016 года.
- [3] Гачев Г.А. Национальные образы мира. Евразия – космос кочевника, земледельца, горца. – М.: Наука, 1999. – 196 с.
- [4] Дүйсембінова Р. Қазақтың әншілік өнері. – А: Республикалық баспа кабинеті, 1998.
- [5] Ибраева К., Жанкул Т. Қазақ ұлттық музыканың жеке тұлға дамуындағы мазмұндық сипаттамасы мен педагогикалық мүмкіндіктері // Педагогика и психология. – 2016. - № 3(28). – С.39-43
- [6] Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. – Алматы: Евразия, 1993. – С.78.
- [7] Қарамолдаева Г., Қарамолдаева Д., т.б. Ән салу өнері. – А.: Полиграф-сервис и К», 2006.
- [8] Kovalev D., Khussainova G., Balagazova S., Zhankul T. Formation of Various Competencies in the Process of Training the Future Music Teachers at the Present Stage // International Journal of Environmental and Science Education (IJESE) e-ISSN : 1306-3065 Volume 11 Issue 11 (2016) pp. 4175-4183
- [9] Ли Зың Шаң, Уаң Юан Шин. Қазақ халқының өлең құрылым ерекшеліктері. – Бейжің: Орталық Ұлттар университеті, 1983. – 85 б.

[10] Салитова Ф.Ш. Жадицизмнің ағартушылық идеялары Еділ мен Орал түркі этносының музыкалық білімін қалыптастырудың алғы шарттары ретінде //Педагогика және психология. – 2017. – № 3(32).

[11] Сапарғалиева Г.Г. Музыкалық театр актерлерінің вокалдық дайындауы //Педагогика и психология. 2017. – № 1(30).

[12] Тянь Лян Тау Қытай аз ұлттардың дәстүрлі музыкасы. – Бейжің: Орталық Ұлттар университеті, 2003. – 213 б.

[13] Ұлзанбай, Шяу Жуң Ий. Қазақ халық дастанын жалпы таныстыру. – Бейжің: Ұлттар әдебиет зерттеу орталығы, 1984. – 77 б.

[14] Цай Зоң Ды, Жоу Жин Бау. Жібек жолындағы ән-би музыкасы. – Тайпи: Әлем мұра, 2000. – 175 б.

[15] Юнусова В.Н. Точные методы исследования творчества в классической музыке Ближнего и Среднего Востока // Вестник Казахской национальной консерватории им. Курмангазы. – 2013. – № 1. – С.10-18.

#### References:

[1] Bekmұhamedov B.M., Shyndauylova R.B. Muzyka mұғalimінің muzykalық-oryndaushylyk қызметін zertteuінің tarihi-filosofiyalyқ алғыshartтары //Pedagogika zhəne psihologiya. – 2017. – № 2(31).

[2] Bisenbaev A.K. Mify drevnih tyurkov. – Almaty: An-Arys, 2008. – 120 s.; Abdrasulov S. Kod kyrgyzov. Kochevnik i zhivotnyj mir //www.centrasia.ru/newsA.php?st=1329217080 / Data obrashcheniya 6 oktyabrya 2016 goda.

[3] Gachev G.A. Nacional'nye obrazy mira. Evraziya – kosmos kochevnika, zemledel'ca, gorca. – M.: Nauka, 1999. – 196 s.

[4] Dүjseminova R. Қазақтұң әнshilik өнері. – A: Respublikalyқ баспа kabinetі, 1998.

[5] Ibraeva K., Zhankul T. Қазақ ұлттық музыканұң zheke tұлға damuyндағы mazmұndуқ sipattamasy men pedagogikalық мүmkindikтері // Pedagogika i psihologiya. – 2016. – № 3(28). – S.39-43

[6] Karakuzova Zh.K., Hasanov M.Sh. Kosmos kazahskoj kultury. – Almaty: Evraziya, 1993. – 78 s.

[7] Karamoldaeva G., Karamoldaeva D., t.b. Ән salu өнері. – A.: Poligraf-servis i K», 2006.

[8] Kovalev D., Khussainova G., Balagazova S., Zhankul T. Formation of Various Competencies in the Process of Training the Future Music Teachers at the Present Stage //International Journal of Environmental and Science Education (IJESE) e-ISSN : 1306-3065 Volume 11 Issue 11 (2016) pp. 4175-4183

[9] Li Зуң Шаң, Уаң Yuan Shin. Қазақ halkұның өлең құрылым ерекshelikтері. – Bejzhің: Орталық Ұлттар университеті, 1983. – 85 б.

[10] Salitova F.Sh. Zhadidizmнің ағартушылық ideyalary Edil men Oral түркі etnosуның muzykalық bilimin қалыptастырудың алғы shartтары retінде //Pedagogika zhəne psihologiya. – 2017. – № 3(32).

[11] Sapargalievа G.G. Muzykalық teatr актерлерінің vokalдық дайындауы //Pedagogika i psihologiya. 2017. – № 1(30).

[12] Тянь Лян Тау Кытай аз ұлттардың дәстүрлі музыкасы. – Bejzhің: Орталық Ұлттар университеті, 2003. – 213 б.

[13] Ұлзанбай, Шяу Жуң Ий. Қазақ халық дастанын zhalpy tanystыru. – Bejzhің: Ұлттар әдебиет зерттеу орталығы, 1984. – 77 б.

[14] Caj Зоң Dy, Zhou Zhin Bau. Zhibek zholyндағы ән-bi музыкасы. – Tajpi: Әлем мұра, 2000. – 175 б.

[15] Yunusova V.N. Tochnye metody issledovaniya tvorchestva v klassicheskoy muzyke Blizhnego i Srednego Vostoka // Vestnik Kazahskoj nacional'noj konservatorii im. Kurmangazy. – 2013. – № 1. – S.10-18.

#### Музыкальные особенности песен-дастанов синьзянских казахов

К.Е. Ибраева<sup>1</sup>, Д. Елмурат<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

<sup>2</sup>Орталық ұлттар университеті (Бейжің, ҚХР)

#### Аннотация

Устный фольклор казахского народа является наиболее развитой формой национальной культуры, ценность которого сохраняется на протяжении многих веков. Одним из уникальных видов музыкально-поэтического творчества казахского народа являются песни-дастаны казахов, проживающих в регионе Синьцзян Китайской Народной Республики. Этот своеобразный пласт народного песенного творчества, сочетающий в себе литературную, музыкальную и исполнительскую деятельность в устной форме приобретает в данном регионе все большую популярность, привлекая внимание исследователей музыкального фольклора.

В ходе анализа творчества казахских певцов – исполнителей песен-дастанов в регионе Синьцзян были выявлены многие общие элементы, характерные казахским народным песням. В статье представлены музыкальные особенности песен дастанов казахов, проживающих в регионе Синьцзян КНР, а также представлен краткий онтологический анализ их мелодий, особенностей ритма, формообразования и др.

*Ключевые слова:* дастаны, жыршы, национальная музыка, синьзянские казахи.

Musical features of Dastan songs of Xinjiang Kazakhs

*K. Ibrayeva<sup>1</sup>, D. Yelemulati<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University

<sup>2</sup>Орталық ұлттар университеті (Бейжің, ҚХР)

*Abstract*

Oral folklore of the Kazakh people is the most developed form of national culture, the value of which has been preserved for many centuries. One of the unique types of musical and poetic creativity of the Kazakh people are dastan songs of the Kazakhs living in the Xinjiang region of the People's Republic of China. This peculiar stratum of folk song creativity combining literary, musical and performing activities in oral form is becoming increasingly popular in the region, attracting the attention of researchers of musical folklore. During the analysis of the work of Kazakh singers – performers of dastan songs in the Xinjiang region, many common elements characteristic of Kazakh folk songs were identified. The article presents the musical features of the songs of the dastans of the Kazakhs living in the Xinjiang region of the People's Republic of China, as well as a brief ontological analysis of their melodies, rhythm features, shaping, etc.

*Keywords:* dastans songs, zhirshi, national music, xinjiang Kazakhs.

Редакцияға қабылданды 26.02.2019

XFTAP 14.35.07

*А.АҚҚАЛИЕВ<sup>1</sup>, А.ГУБАШЕВА<sup>2</sup>*

<sup>1-2</sup>Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
(Атырау, Қазақстан)

**ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА  
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

*Аңдатпа*

Мақалада қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде бүгінгі білім беру жүйесінің алдына ұлттық мұраларға, ұлттық мәдениетке деген құрметпен қатар, оларды бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану негізгі орын алатынына аса мән берілген Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру арқылы тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасын құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Қазақ халық шығармашылық құралдарына ауыз әдебиеті мұралары фольклор жанры, айтыс өнері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, музыка, ойын т.б. маңыздылығы қамтылады. Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы эстетикалық тәрбие беру оқушы бойындағы эстетикалық сезімді, танымды, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

*Түйін сөздер:* қазақ халық шығармашылығы, ауыз әдебиеті мұралары, эстетика, эстетикалық тәрбие, эстетикалық құндылық, қазақ халық шығармашылық құралдары.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының «Білім» туралы заңында «Білім беру жүйесінің басты міндет-ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының даму үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту» – деп атап көрсетуі бүгінгі білім беру жүйесінің алдына ұлттық мұралар-

ға, ұлттық мәдениетке деген құрметпен қатар оларды бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалану негізгі орын алатынына аса мән берілген [1, 5 б.].

**Негізгі бөлім.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты тәрбие тұжырымдамасының алтыншы бағытын – «Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие» деп көрсете келе, бағыттың мақсаты: білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның



қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. Қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; сөз мәдениетін сақтауға; эстетикалық түсініктерді жетілдіруге; көркемдік мәдениет саласында эстетикалық мұраттарға, өнердегі және болмыстағы мінсіз сұлулыққа шығармашылық қабілеттер қалыптастыруға; ойлауға және шығармашылық қиялға, шығармашылық қызметке; мәдениетаралық әрекетке; мемлекеттік тілді, орыс және ағылшын тілдерін білуге; толеранттылық пен ғаламдық пікір қалыптастыруға; көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыстанытуы екеніне баса мән берілген [2, 9 б.].

Расында, тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген көпмәдениетті ортаны құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау арқылы оқушы жастардың эстетикалық құндылықтарын, әлеуметтік ортадағы эстетикалық қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкіндіктерін ашып көрсетеді.

Қазақ халық шығармашылығы тәрбие тұжырымдамасында көрсетілген тәрбие бағыттарының мазмұнын ашуға, олардың бойындағы адамгершілік, ақыл-ой, патриоттық, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Қазақ халық шығармашылық құралдарына ауыз әдебиеті мұралары фольклор жанры, оның ішінде жаңылтпаштар, айтыс өнері, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер; музыкалық бағытта бесік жырынан бастау ала отырып, әлди жыры, әртүрлі ғұрыптық өлеңдер т.б., ойын арқылы бағытқа – батырларға қойылатын ойын арқылы ерлікке шақыру, ұлттық ойын ерекшеліктері т.б., ұлттық қолөнер – ою-өрнек, қару жарақтардың ерекшеліктеріне байланысты жасалуы, батырларға арналған әртүрлі киімдер, құралдар т.б. жатқызуға болады.

Біздің зерттеуімізге алып отырған негізгі бағыт қазақ халық шығармашылығы арқылы эстетикалық тәрбие беру арқылы тұлғаның

бойындағы эстетикалық мәдениетті қалыптастыру. «Эстетикалық тәрбие рухани-адамгершілік құндылықтарды әсемдік, көркем мәдениет, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыруды көздейді. Адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы сана-сезімі анағұрлым жоғары, тұжырымдамалы ойлауға қабілетті, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметі мен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынасты жасай алатын тұлға қалыптастыру» [2, 4 б.].

Тұңғыш рет «эстетика» ұғымын ғылыми термин ретінде неміс философы А.Баумгартен 1750 жылы «Эстетика» кітабында қолданған болатын.

Педагогикалық сөздікте «эстетикалық тәрбие – оқушыларда эстетикалық білім, талғам, мүдделер және қажеттіліктерді дамытудың, тәрбиелеудің мақсаты және жоспарлы үрдісі» [3, 239 б.], М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде «Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудікі – музыкадан, біреудікі – сұлу суреттен, ал біреудікі – поэзиядан. Искусствоның әйтеуір бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмар болмайтын адам болмайды, ал тәрбиенің міндеті – балада искусствоның қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, қызығушылығын, сол түр туғызатын сұлулық сезімдерін оятып, өркендету» [4] деп атап көрсетеді.

«Халық шығармашылығы» деген ұғымды білдеретін «фольклор» сөзі ағылшынның «*folk*» – халық және «*fore*» – даналық деген екі сөзінің бірігуінен шыққан. 1985 жылы ЮНЕСКО ның анықтамасы бойынша «Фольклор дегенміз, халықтың дәстүрлі мәдениеті, қоғамның арман-аңсары (идеал) тудырған, сол қоғамның мәдени және әлеуметтік төлту-ма жағдайымен үндесе көрініс тапқан, дәстүрлі тұғыр еткен топтар мен жеке адамдардың ұжымдық шығармашылығы, фольклордың үлгілері мен бағалы нұсқалары ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену арқылы және

басқа да тәсілдермен ауысып отырады; өзгесі сияқты фольклордың санатынан тіл, әдебиет, музыка, би, ойындар, афсаналар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, қолөнер кәсібі, архитектура және басқа да өнер түрлері жатады» [5].

Қазақ халық шығармашылығы түркі жұртына ортақ Орхон ескерткіштері /VII ғ./, «Қорқыт ата кітабы» /VIII ғ./, «Оғыз нама» /IX ғ./ еңбектерінен бастау алады. Орхон ескерткіштеріндегі тасқа ойылған жазулардың да тәлімдік маңызы ерекше. Аталған ескерткіш жазбаларда Құлтегін батыр туралы: «Сәби кезінде ертоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ертоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағаның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Құлтегіннің қанына ана сүтімен сіңді», – деп жазылуы сол замандағы ерлік дәстүрінің ерекшеліктерімен қатар, батырды қоршаған құралдардың бесік, ертоқым, тақ т.б. әсемдігін ерекше сезінуге болады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті мұралары асыл қазынамыз, мәдениетіміз, пәлсапамыз екені дау туғызбайды. Халық ауыз әдебиеті басынан талай заманды, дамуды, қалыптасуды өткізді. Ақын – жырау жырларынан сол заманда өмір сүрген тұлғалардың тарихи өмірінен мәлімет аламыз. Батырлар жыры сақ, ғұн дәуірінен бастау ала отырып, оның тарихи маңыздылығы өзінің әлі де көкейкестілігін жойған жоқ

М.О. Әуезов «Қазақтың батырлар әңгімесі ескі заманнан басталады. Батырлар әңгімесінің басы ескі түрік бірлігінің заманындағы әңгімелерден шығады. Қазақ елінің ескілігі жалғыз қазақтікі емес, жалпы түрік жұртының ескілігі деп санау керек», – деп батырлар жырын түркі халқының мұрасы тұрғысынан қарастырады [6, 57 б.]. Түркі халқының батырлық жырлары «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Едіге батыр» т.б. оқушылардың ерлік дәстүріне деген қызығушылықтарын қалыптастырумен бірге, олардың бойындағы отансүйгіштік қасиетті дамытады.

Сонымен қатар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан халқымыздың шығармашылығын салт-дәстүрлерімізді: сүйінші, көңіл сұрау, коштасу, естірту (күй, сөз, жыр арқылы), жоқтау

т.б. ерекше атауға болады. Қазақ халық шығармашылығы арқылы эстетикалық тәрбие беру мәселесі бойынша педагогика, тарих, филология, музыка т.б. салалар бойынша бірізді зерттеулер жүргізілді. Қазақ фольклорының тарихы, қазақтың әншілік өнері, қазақтың дәстүрлі музыкасы, тәлімдік мәні, тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда – Фараби, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, М.Әуезов, М.Мағауин, Ш.Әлібеков, С.А.Ұзақбаева, Б.А. Әлмұхамбетов, А.Мухамбетова, Ә.Қоңыратбаев, Т.Б.Байназарова, У.Белғозиева т.б. зерттеу еңбектерін атауға болады. Қазақ халық шығармашылық құралдары арқылы эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда М.Әуезовтің «Біз ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы отаншылдық сезімді, халық ұғымындағы адамгершілік гуманизмді, халықтың қанатты үміті – оптимизмді, сол халықтың өткендегі өмірі, аңсау – арманы, әдеп-ғұрпын, халықтың ұжымдық тәрбиесінің жемісін көреміз», – деген тұжырымын негізге ала отырып, қазіргі таңда әлеуметтік мәдени кеңістікте өзара қарым-қатынасқа түсе алатын тұлға қалыптастыруға болатынын көре аламыз [6, 18 б.].

Ш.Әлібеков қазақ әдебиетінің үлгілері, халық мұрасы арқылы «қазіргі заман өнерімен үндесіп, оның сонылығын, эстетикалық бағалылығын айқындай түсуге көмектеседі. Қазақ фольклорының эстетикасын халық өнерінің алуан түрімен қатар алып зерттеу оның мазмұн байлығын, суреттеу тәсілінің молдығын, эстетикалық бағалылығын арттырады, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері сияқты түрлерінің көркемдік жолының бір екендігін, өзара тығыз байланыста өсіп қалыптасқандығын танытады», – деп халық шығармашылығы тұлғаның эстетикалық мәдениетін, эстетикалық сезімін қалыптастыруда негізгі орын алатынын нақтылайды [7].

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде ақын жыраулар шығармасы, ертегілер, тұрмысты және сатиралық ертегілер, батырлар жыры, айттыс өнері т.б. негізгі орында тұр. Қазақ халқының мұраларында ерекше қасиеттері ауызекі

бізге жеткен мұралары мен шежірешілдігі. Этнограф-ғалым А.Сейдімбек «Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады» деп атап көрсеткендей «қазақ халқының шежірешілдігін, тарихи санасының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен» сабақтастырған жөн. «...көшпелілер қоғамы үшін ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы. Түптеп келгенде, кез-келген қоғамның, кез-келген ұлттың мәдени-рухани өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенуге тиіс», – деп қазақ халқының тарихи санасының сергектігін ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтында болуымен деп нақтылайды [8, 45 б.].

Аталған тұжырым XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген Ш.Уәлихановтың да еңбегінде «Далалық, олардың тұрғыны-қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала қазақтарының ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұнсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар», – деп қазақ ақыл-ой қабілеті жөнінен жүйрік болатыны, еркін дала құшағында ғұмыр кешкенінен, табиғаттың сұлулығы мен әсемдігінің ықпалы деп тұжырымдайды [9].

Қазақстандық ғалымдар Т.Байназарова [10], Г.Ж. Қарамолдаева [11], У.Белғоэиева [11], У.Р. Кансеитова [12], Р.К. Садықова [12] т.б. эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі, отбасындағы ең жақсыны қабылдау, ләззат алу барысында қалыптасады деп атап көрсете келе, эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттерін атап көрсетеді:

– эстетикалық сезімді, эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу, әдемілікті сезу, көру әр адамда әр түрлі. Сондықтан оқушыларды әдемілікті сезу үшін фольклор, бейнелеу өнері,

ән-музыкадан, еңбекке баулудан білімге үйрету. Білім арқылы оқушы сұлулықты бағалап, әдемілікті түсінеді;

– эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру. Бұл жерде де білім керек. Бала фольклордағы, бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка мен әндегі дыбыстарды және өнер әдістері туралы білімді терең меңгеруі керек;

– эстетикалық танымды қалыптастыру. Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою. Эстетикалық танымның дамуына көбінесе өнер үлгілерін қабылдаумен, шығармашылықпен байланысты іс-әрекет мүмкіндік береді;

– баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әсемділікті сезіп, оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. Өмірге енген эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамдар қатынасы, отбасы эстетикасы) адамды сүйсіндендіреді. Балаларды осы арқылы ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға үйретеміз. Бұл жеде түрлі әдеби, музыкалық шығармаларды пайдаланған жөн. Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі біртұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі демалыс эстетикалық бағыта тиімді ұйымдастырылса, ол өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады;

– эстетикалық тәрбиенің тағы бір міндеті – өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту, балалардың қабілетін барынша ашу, отбасылық эстетика беру. Осы бес міндеттер эстетикалық тәрбиені дамытуда, балалардың бойына дарытуға өз үлесін қосады.

**Қорытынды.** Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» бағдарламасында «...елдің маңызды тарихи мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі заманғы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін құру, аса көрнекті ауызекі кәсіби дәстүрде орын-

даушы музыканттардың фоножазбаларын қалпына келтіру мен қазіргі аудиотаспаларға көшіру аса маңызды міндет», деп атап көрсеткендей қазіргі таңда ұлттық мұраларға деген қызығыушылықтың туындауы «мәдени мұраларымызды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету аса маңызды міндет», – деуі үкімет тарапынан жасалып жатқан мұраларды жинақтап оны халқына табыстауда үлкен ізгілікті шаралар атқарылып жатқаны белгілі [12, 4 б.].

Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде қазақ әдебиетінің үлгілері, халық мұрасы арқылы, халық шығармашылығының барлық саласы – поэзия, музыка, қол өнері, пластика, сәулет өнері т.б. өзара тығыз байланыста бүгінгі қоғамда эстетикалық бағдарларды қалыптастыруға негіз болады. Жоғарыдағы бағдарламалар, ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын және қазақ халық шығармашылығындағы мұраларды негізге ала отырып «Қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушыларға эстетикалық тәрбие беру» атты 34 сағат көлемінде

факультатив курс бағдарламасы дайындалып, тәжірибелік-эксперименттік мектептердің оқу-тәрбие жұмысына енгізілді. Аталған бағдарлама экспериментке қойылған Атырау облыстық дарынды балаларға арналған мектепте педагогикалық кеңесте талқыланып, мақұлданып оқу тәрбие үдерісіне енгізілді.

Зерттеу барысында қазақ халық шығармашылығы арқылы оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда төмендегі деңгейлерді айқындауға мүмкіндік болды: оқушының ұлттық эстетикалық құндылықтарды, мұраларды, олардың дамып, қалыптасуын түсінуі және эстетиканың дамуына ықпал еткен әлеуметтік жағдайларды білуі; оқушының ұлттық мұралардағы эстетикалық құндылықтардың ерекшеліктерін айқындауы; халық мұрасындағы эстетикалық құндылықтарды оқушылардың бағалаудағы көзқарасы, іс-әрекеті, өзін-өзі бағалауы тұрғысынан қарастырылды.

Қорыта келгенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы эстетикалық тәрбие беру оқушы бойындағы эстетикалық сезімді, танымды, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге толық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы, 2012. – 68 б.
- [2] Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері: Тұжырымдама. – ҚР БЖҒМ 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.
- [3] Педагогикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 2008. – 111 б.
- [4] Жұмбаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 131 б.
- [5] ЮНЕСКО и сохранение фольклора // Курьер. – 1985. – С.35.
- [6] Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 419 б.
- [7] Әлібеков Ш. Қазақ фольклорындағы әсемдік. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 120 б.
- [8] Тарақты Ақселеу. Қазақ әлемі. – Алматы: Білім, 1998. – 155 б.
- [9] Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- [10] Байназарова Т. Бастауыш сынып оқушыларына пән аралық кіріктіру арқылы эстетикалық тәрбие беру: Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 142 б.
- [11] Қарамолдаева Г.Ж., Белғозиева Ұ.Б. Халық композиторлары мұралары арқылы тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру: Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 74 б.
- [12] Кансеитова У.Р., Садықова Р.К. Аспекты эстетического воспитания молодежи на произведениях Абая // Педагогика и психология. – 2018. – № 1(34). – С.206-211.
- [13] Мәдени мұра: ҚР мемлекеттік бағдарламасы. – Астана. 2004. – 44 б.

*References:*

- [1] Bilim turaly: Қазақстан Respublikasynuң Zanу. – Almaty, 2012. – 68 b.
- [2] Tәrbienің tūzhyrymdamalyқ negizderi: Tūzhyrymdama. – QR BzhFM 2015 zhylygy 22 sauirdegi № 227 bұjrygy. – Astana: Y.Altynsarin atynday Ұltyқ bilim akademiya, 2015. – 21 b.
- [3] Pedagogikalық tysindirme sozdik. – Almaty, 2008. – 111 b.
- [4] Zhūmbaev M. Pedagogika. – Almaty: Ana tili, 1992. – 131 b.
- [5] YUNESKO i sohranenie fol'klora // Kur'er. – 1985. – S.35.



- [6] Өuezov M. Әdebiet tarihy. – Almaty, 1991. – 419 b.  
[7] Әlibekov Sh. Қазақ fол'kloryндағы әсемдік. – Almaty: Қазақстан, 1979. – 120 b.  
[8] Тарақты Ақсеуі. Қазақ әлемі. – Almaty: Bilim, 1998. – 155 b.  
[9] Уәліханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 560 b.  
[10] Bajnazarova T. Bastaуysh synup okushylaryna pән aralyk kiriktiru arkyly estetikalық tәрбие беру: Оқу құралы. – Almaty, 2010. – 142 b.  
[11] Қарамолдаева G.Zh., Белғозиева Ұ.В. Hалық kompozitorлары мұралары арқылы тұлғаның estetikalық мәдениетін kalыптастыру: Оқу құралы. – Almaty, 2010. – 74 b.  
[12] Kanseitova U.R., Sadykova R.K. Aspekty esteticheskogo vospitaniya molodezhi na proizvedeniyah Abaya //Pedagogika i psihologiya. – 2018. – № 1(34). – S.206-211.  
[13] Мәдени мұра: ҚР мемлекеттік бағдарламасы. – Astana. 2004. – 44 b.

### Эстетическое воспитание учащихся через казахское народное творчество

*А.Аккалиев<sup>1</sup>, А.Губаиева<sup>2</sup>*

*<sup>1-2</sup>Атырауский государственный университет им. Х.Досмухамедова  
(Атырау, Казахстан)*

#### *Аннотация*

В статье раскрывается сущность и значение эстетического воспитания учащихся системы образования через казахское народное творчество, наряду с уважением к национальному наследию, национальной культуре, их использованием в воспитании современного поколения. Создание поликультурной среды самоидентификации личности через эстетическое воспитание учащихся через казахское народное творчество, формирование у личности навыков общекультурного поведения в обществе, развитие его готовности к восприятию, освоению и оценке эстетических форм в искусстве и бытии. Значимости средствам наследие, казахского устного народного творчества: искусство импровизации, фольклор, сказки, загадки, пословицы, музыка, игры и.д. Кроме того, особое внимание уделяется эстетическому воспитанию через национальные и общечеловеческие ценности, передаваемые из поколения в поколение. Было определено, что у ученика есть возможность воспитывать эстетические чувства, познания, творческие способности через народное творчество.

*Ключевые слова:* казахское народное творчество, наследие устной литературы, эстетика, эстетическое воспитание, эстетические ценности, средства казахского народного творчества.

### **Esthetic accomplishment of students through the Kazakh folk art**

*A.Akkaliev<sup>1</sup>, A.Gubazheva<sup>2</sup>*

*<sup>1-2</sup>Atyrau State University after Kh.Dosmukhamedov  
(Atyrau, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

The issue deals with the essence and importance of the esthetic accomplishment of students in the educational system through Kazakh folk art, along with respect for the national heritage and national culture, their use in upbringing of the modern generation. Creating a multicultural environment of self-identification of the individual through the esthetic accomplishment of students through Kazakh folk art, the formation of the individual skills of general cultural behavior in society, the development of its readiness for perception, development and evaluation of esthetic forms in art. The role of the means of heritage, Kazakh oral folk art: the art of improvisation, folklore tales, riddles, proverbs, music, games, etc.

*Keywords:* Kazakh folk art, oral literature heritage, esthetics, esthetic accomplishment, esthetic values, means of Kazakh folk art.

*Редакцияға қабылданды 03.03.2019*

Ә.Д. ШОРАБЕК<sup>1</sup>, Б.К. НҰРПЕЙІС<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
(Алматы, Қазақстан),

## ТЕЛЕСЕРИАЛДАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

*Аңдатпа*

Шетелдік сериалдар экрандарда пайда болмас бұрын, көпсериялы фильмдер мен сериалдарға қатысты сарапталған терминдер Қазақстанда ғана емес, Кеңестік өнертану ғылымында қолданысқа енген болатын. Қазақстанда отандық телесериалдардың пайда болуы мен даму кезеңдерін тарихи тұрғыдан зерттеу мақаламыздың өзектілігі болып саналады. Көрермен өз таңдауын өнімнің кең мағынасының әрқилы сюжеттерден құрылуы және сериалдардағы көтерілетін мәселелеріне қарай жасайды. Сериалдың бұқаралық мәдениетке сәйкестігі тек ойын-сауық қызметімен шектеліп қана қоймай, оның кеңістігін арттыра түседі. Қоғамда телесериалдар өзіндік қызмет атқарады. Телевизия негізінен көрермен үшін қызмет етеді. Сондықтан, телесериал телеарналардың бағдарламалар желісіндегі басты құрамдас бөлігі ретінде, режиссер, актер, сценаристер және басқа да шығармашылық топтың мүшелерінің шығармашылық өнімі ретінде өнер түріне жатқызуға болады. Телесериалдар функционалдық ерекшелігіне қарай 6 негізгі бағытқа бөлінеді. Олар: интегративті, құндылық-бағдарлы бағыттағы сериалдар, тарихнамалық, басқарушылық, ойын-сауықтық, идеологиялық бағытқа негізделген сериалдар болып жіктеледі. Мақалада телесериалдардың осы функционалдық сипаттамасына сай жіктелімі, бағыттары, ерекшеліктері, қызметтері жан жақты қарастырылады.

*Түйін сөздер:* теледидар, телесериал, эфир, сюжет, өнер.

**Кіріспе.** Қазақстан атты сан ғасырлық тарихы бар, жаңа дәуірге өзінше тың қадам жасаған жасампаз жас мемлекеттің тарихы, оның ішінде төртінші билік саналған телевидение саласы турасында «Тәуелсіздік дәуірі» еңбегінде Н.Ә. Назарбаев «Тәуелсіздікке қол жеткізу мен қоғамның демократиялануы бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына айтарлықтай әсер етті. Егер 1990 жылы елімізде 500-ге жуық БАҚ тіркелсе, 1992 жылы олардың саны екі есе өсті.

Теледидар эфирінде оған дейін күніне небәрі бірнеше сағат хабар тарататын «Қазақстан» арнасы орталық мәртебеге ие болды. Енді ол елдің бүкіл аумағын қамтып, толыққанды хабарлар тарата бастады. 1995 жылы қысқа мерзімде өз аудиториясын жинай алған «Хабар» мемлекеттік телеарнасы жұмыс істей бастады. «Егемен Қазақстан» мен «Казakhstanская правда» беделді күнделікті газеттер ретінде бұрынғысынша қазақстандықтар үшін сенімді ақпарат көзі болды. Оларда елдегі өмір туралы журналистік материалдармен қоса заңдар, жарлықтар, ресми хроника жарияланып тұрады.

Дәл сол кезде «Караван», «Новое поколение», «Экспресс К», «КТК», «31 канал», «Таң» сияқты жеке басылымдар мен телеарналар танымалдыққа ие болды» [1], – деп Қазақстандағы телеарналардың өсу, даму тарихына жоғары бағам берді.

Әрине, телевидение саласының бүгінгі таңда қызылды жасылды түрленуі, тың ақпаратымен оқырманды тыңдарманға алмастырып, кітапхана аудиториясынан телеарналардың аудиториясын арттырған жаңа визуальді мәдениеттің тууы, дамуы мен қалыптасуымен тікелей байланысты. Жаңаша талпыныс, жаңаша мәдениет, жаңаша көзқарас жалпы халық таныған ақпаратпен сай келмейді. Өнердің даму логикасы көрерменнің ойлау қабілетімен бірарнада тоғыса бермейді. Бұқаралық байланыс құралдары өз кезектерінде медиа өндірісінде жаңаша төңкеріс жасап, қаржылық және мәдени, технологиялық, әлеуметтік-психологиялық, саяси және тағы да басқа жүйелік шектеулерді ретке келтірер қауқары бар өнер түрі сериалды көгілдір экран төріне алып келді.

**Негізгі бөлім.** Қазақстанда емес, ең алдымен Кеңестік өнертану ғылымында шетел-

дік сериалдар экрандарда пайда болмас бұрын, кеңестік көпсериялы фильмдер мен шетелдік сериалдарға қатысты сарапталған терминдер қолданысқа енген болатын.

Кеңестік телеарналар тәжірибесінде 1970-1980 жылдары көпсериялы фильмдер жасау үрдісі артқанда, бұл бағыт кеңестік бірқатар гуманитарлық ғылым салалары мамандарының да назарын өзіне аударды. Бұған, С.Колосов, Л.Касаткина, А.Смирнов, А.Каплер, М.Ромм, С.Герасимов, М.Хуциев, В.Лисаквичтер сияқты бірқатар кеңестік танымал кино шеберлерінің сұхбаттары жинақталған «Диалоги о телевидении» [2] жинақтың шығуымен қатар, ізін ала «Многосерийный телефильм. Истоки. Практика. Перспективы» [3] атты ұжымдық еңбектің жарық көруі дәлел болады. Осы жинақтың кейбір авторлары артынан телевизия теориясы жайлы зерттеулерін жалғастырады. Олардың ішінде Ю.Богомолов, Н.Зоркая, В.Михалкович, Н.Хренов және т.б. еңбектерін ерекше атап өту керек. Заманауи қазақстандық ғалымдар тарапынан жарық көрген ауқымды сүйенетін зерттеулер жоқ. Сол себепті, шетелдік (оның ішінде ресейлік) сериал мәселесі туралы жазылған ғылыми диссертациялар авторларынан ресейлік С.Зайцева [4], С.Покровскаяларды [5] атауға болады. Дегенмен, аталған авторлар еңбектерінде телесериал тарихы мен даму кезеңдеріне назар аударылмайды. Сонымен қатар, С.Зайцева өз еңбектерінде сериал мәселесін жеткілікті дәрежеде ресей ғылымында зерттелмегенін, америкалық ғылыми әдебиеттерге сүйенгендерін атап өтеді.

Теледидар экран өнері ретінде кинодан көптеген әдістерді өзіне пайдаланады. Бірақ, кинематографияға қарағанда теледидар бұқаралық байланыс құралы ретінде шартты жүйелі шектеулері мен мүмкіндіктерге негізделген бірқатар өзіндік жеке ерекшеліктері бар. Осы ерекшеліктерді зерттеумен шет елдік телевизия саласының танымал тұлғалары Э.Багиров, Р.Борецкий, В.Вильчек, М.Голдовская, В.Егоров, С.Муратов, Н.Привалова, В.Саппак, А.Юровскийлер айналысқан.

Қазақстанда отандық телесериалдардың пайда болуы мен даму кезеңдерін тарихи тұр-

ғыдан зерттеу мақаламыздың өзектілігі болып саналатыны анық. Өкінішке орай, сериал – қазақстандық телеарнадағы ең жас жанр. Қазақстанда ұлттық телеарна ұғымы Тәуелсіздікпен бірге пайда болып, дамыды. Отандық сериал тарихы ХХ ғасырдың 90 жылдарында жарық көрген «Тоғысқан тағдырлар» сериалының пайда болуымен бастау алады. Заманауи отандық сериалдардың көбісі шетелдік өнімдердің тікелей бейімделген сипатына ие. Сериалды жасау принциптері америкалық телеиндустрияның ұзақ жылдар бойы жасаған еңбектерінің жемістері екенін ескерсек, қазақстандық сериал жасаушылар оны тез игеріп алуды көздейтіндей әсер береді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көрермен көзайымына айналардай телесериал түсіріле қоймады. Жалғыз себеп, қазақстандағы телесериал өндірісінің баяу дамуы еді. Араға біршама уақыт салып, еларасына отандық телеарналардың жемісі жаңа телесериалдар көрсетіле бастады.

Қазақстандық телеарналар жыл өткен сайын сериал өнімін негізгі табыс көзі ретінде қарап, оның көлемін ұлғайтуға және жан-жақтандыруға тырысып келеді. Бұл медиаөнімнің түрі эфирдің бос кеңістігін толтыруды қамтамасыз етеді. Кең тақырыптағы әрқилы сюжеттерге құрылуы, көтерілетін мәселелеріне қарай көрермен сериал өніміндегі өз таңдауын жасайды. Сериалдың бұқаралық мәдениетке сәйкестігі тек ойын-сауық қызметімен шектеліп қана қоймай, оның кеңістігін арттыра түседі. Телесериалдар функционалдық ерекшелігіне қарай 6 негізгі бағытқа бөлінеді. Олар: интегративті, құндылық-бағдарлы бағыттағы сериалдар, тарихнамалық, басқарушылық, ойын-сауықтық, идеологиялық бағытқа негізделген сериалдар болып жіктеледі. Оларды ашып, түсіндірер болсақ:

1) интегративті – сериал сюжетінің ерекшелігіне байланысты. Олар, кейіпкерлердің қарым-қатынасы кезінде көрініс табатын нормалар мен мінез-құлық үлгілерін қамтиды. Сериалдың тақырыбынан тыс хикаяның басты нысаны болып кейіпкерлер арасындағы байланыс пен олардың қуаныш-қайғысына

құрылған айқын емес оқиғалар орын алып жатады. Көрермендер кейіпкерлердің өмірі арқылы өздерінің өмірлік мәселелерін шешуге үйреніп, армандарын жүзеге асырып жатады. Бұл бағыттағы сериалдың америкалық зерттеушісі Р.Аллен сериалдың басқа телевизиялық бағдарламаларға қарағанда, алған әсерін ұзақ уақыт талқылауға болатын, көрерменін көп жинайтын көбіне мелодрамалық жанрдағы өнім екенін айтады. Адамдар өздерінің сүйікті сериалдарының ертесіне өткен сериясын талқылап, ортақ қызығушылығына қарай топтасады. Бүгінде көрермен сериал сериалды көріп отырып алған әсерімен тікелей әлеуметтік желілерде және әртүрлі тақырыптық форумдарда бөлісіп отырады. Аудиториясы ұнаған өнімін көрумен шектеліп қана қоймай, сүйікті кейіпкерімен де қоштасуда қимастық танытып жатады.

2) құндылық-бағдарлы бағыттағы сериалдар – көрерменін шынайы өмірден алып кетіп, виртуалды ерекше әлемге жетелейтін қабілетке ие. Бұл дегеніміз, көрерменіне сериал атмосферасын ұғындыратын және тұрмыстық шынайылықтан бір уақыт алшақтатын шынайы әлемде жоқ мемлекет немесе тылсым дүние немесе шынайы қаладағы әдеттегі пәтер болуы мүмкін. Көрермен бір уақытта екі жағдайда яғни, өз өмірінде және телесериал оқиғасында өмір сүріп жатады. Бұрындары бұл қызмет түрін көбіне батыстық сериалдардан көруге болатын және ол ХХІ ғасырдың басында өзінің жалғасын мистика және фантастика жанрларымен жалғастыруда. «Қансорғыш күнделіктері», «Кәдімгі қан» және «Тылсым» жобалары арқылы қазақстандық көрермен қансорғыштық және қайта туу сияқты тақырыптармен танысуға тура келді. Дегенмен, айта кететін жайт, тек телесериал ғана емес, кинода батыстың шығарған бұл мистика жанры отандық көрермен тарапынан қызығушылық тудырып жататынын жоққа шығаруға болмайды.

3) тарихнамалық – ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап заманауи қоғам туралы ақпаратты алу құралы кітап емес теледидар бола бастады. Саяси шешімдер институтының әлеуметтік сауалнамасына сілтеме жасаған «Тенгриньюс» сайты қазақстандықтардың 15.1% мүлдем кітап оқымаса, 9.9% кітап оқуға

қызығушылық танытпағандығын жазады [6]. Нәтижесінде, елдің негізгі ақпарат алатын құралы телеарна болып отыр: қазақстандықтардың 80%-ы телеарна алдында күніне бірнеше сағаттап уақытын өткізеді. Телеарналардағы ойындық өнімнің дамуымен байланысты сериалдар ұжымдық тәжірибені жеткізудің құралына айналды. Қазіргі уақытта 1990 жылдарда адамдардың тұрмысы мен сол кездегі қоғамдағы жағдайларды білу үшін тек «Тоғысқан тағдырлар» сериалын көрсеңіз жеткілікті. Сериал өнімі көбіне әдеби шығармаларды артқа ысырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушыға айналып келеді.

4) басқарушылық – бұл қызмет түрін ешқандай сериал өнімін зеттеушінің еңбегінен кездестірмедік. Дегенмен, қазақстандық телеарналардағы сериал көлемі мен көрермендер қызығушылығының артуымен байланысты, бұл медиаөнімді аудиторияға өз ықпалын тигізбей қоймады деп есептейміз. Ықпал бұл саналы немесе керісінше түрде іске асуы мүмкін. Керісінше түрі көрерменнің телеарнаға және белгілі бір сериал өніміне деген сенімділігінің күштілігімен байланысты, режиссер мен сценаристің ойы шынайы оқиға секілді қабылдануы мүмкін. Көрерменде сезіну қабілетінің тым артуы және орындылықтың жоғалуы сияқты жағдайлар орын алады. Бұл қызмет түрі тарихи сериалдарда кең орын алған және жастар арасында ықпалды, кей жағдайларда есейген адамдарға да өз әсерін тигізіп жатады. «Күләш» сериалындағы Күләш Байсейітова бейнесі оқулықтардағы ақпараттағыдай емес, телевизиялық өнімде берілгендей қабылдануы мүмкін. Кеңес одағындағы оқиғаларды суреттейтін тарихи сериалдардағы Иосиф Сталин бейнесі шынайы тұлғадан гөрі, прототип болып қабылдануы мүмкін. Көркем әдебиетке қатысты айтар болсақ, адамдар кітапты оқығаннан гөрі, оның экрандалған туындысын қарауды тиімді санайды. Бұл технологияның дамуы және халықтың жұмысбастылығымен байланысты деуге болады. Сериалды көру барысында көрермен жазушының ондаған беттер арқылы суреттейтін кейіпкердің бейнесін еш қиындықсыз жасап алады. Телеарна бүгінде сюжетінде шынайы орын алып жатқан оқи-



ғалар мен шынайы кейіпкерлері бар өз өнімін жасай алу мүмкіндігіне ие. Бұл өз кезегінде сценаристердің ойдан шығарылған дүниелері мен режиссердің интерпретациясын қажет етпей жатады. Мұндай жағдайлар түрік телесериалдарында көптеп кездесіп жатады. Мысалы, Түркияның «FOX HD» телеарнасы арқылы беріліп жатқан «O Hayat Benim» («Ұрланған тағдыр») бір ғана сериалы арқылы сол елдегі саяси, әлеуметтік немесе тағы да басқа да жағдайларды білуге болады.

5) ойын-сауықтық – сериал өнімінің алғашқы және негізгі қызметтерінің бірі. Әуелде сериал тек адамдар жұмыстан келіп, теледидарды қосып, біраз уақытқа шынайы өмірден алыстатып, мәселелерін ұмыттыру мақсатында ойын-сауық бағытында жасалды. Ток-шоу және басқа да телевизиялық ойындар сияқты телесериал адамдарды бір сәтке сезімге жетелеп, уақытша болса да тұрмыстық мәселелерін ұмыттырады. Қазіргі таңда бұл қызмет түрі ең басты болып табылады, бірақ негізгі болып табылмайды. Біз бұл қызмет түрінің өсуі немесе сұранысының төмендеуі елдегі жағдайларға және әр көрерменнің психологиялық жағдайына байланысты деп есептейміз. Украинадағы, Сириядағы, Түркиядағы жайсыз оқиғалар мен елдегі әртүрлі саяси және экономикалық дағдарыстық жағдайындағы халықтың қобалжуы әрекетінің асқынбауы мақсатында бүгінгі күні бұл қызметтің түрі артып отыр. Адамдар бір сәтке толассыз сырттан келетін теріс әсер тигізетін жаңалықтардан қорғанғысы келеді. Олар өздерінің көңілін басқа дүниеге аударуға мәжбүр. Сондықтан, телеарналардағы шетелдік және отандық сериал өнімінің саны мен танымалдылығының артуы аталған жағдайларға байланысты деп есептейміз. Оған отандық өнімдерден өзге таңғы, күндізгі, кешкі прайм-тайм уақыттарды жаулаған үндінің, түріктің, корей елінің, ресей және филиппиндердің сериалдары да куә бола алады.

б) осында тағы бір идеологиялық қызметті қосуды шештік. Интеграциялық, басқарушылық және тәрбиелік қызметтерінен құралған әскери қақтығыстар жағдайында стратегиялық бағытта жасалады. Бүгінде теле-

арналар (әсіресе, «Қазақстан» және «Хабар») халықты патриотизмге тәрбиелеуге тырысып келеді, ал телесериал өз кезегінде телеарнаның негізгі медиаөнімі ретінде қалыс қалып жатқан жоқ. Телевизиялық медиаөнімнің мұндай түрі адамдарды соғыс жағдайында бірігуді үйретіп, Отанға деген махаббатын шыңдап, қиын жағдайларда орын алған әлемдегі оқиғаларды көрсетеді деген қағида қалыптасқан. Көбіне бұл бағыттағы қызметке әскери тақырыптағы сериалдарды нағыз идеологиялық өнім ретінде қарастыруға болады. «Хабар» арнасындағы «Бауыржан Момышұлы», «Еуразия» арнасындағы «Қасым» телесериалдарының бірнеше мәрте қайталануы жоғарыда айтылғандарға дәлел болады. Сериалдың маңыздылығы да осында.

Телевизиялық сериалдар бастапқы өнім қалпын сақтай отырып, телеарнаның көптеген қызметтерін біртіндеп өзіне бейімдеп алуда. Кейбіреулер олардан әлеуметтендіру (өскелең ұрпақты сауаттандыру мен тәрбиелеу) қызметін де көруі мүмкін. Аз да болса тәрбиеге негізделген сериалдардағы сюжеттерге байланысты біз оны жеке қызмет түрінде қарастырмаймыз. Бүгінгі жастар аудиториясы телеэкран мен оның жасаған өніміне үлкен үміт артады. MediaNet халықаралық журналистика орталығының құрамындағы DEMOSCOPE қоғамдық пікірлер экспресс-мониторинг бюросына сілтеме жасаған «Tengrinews.kz» сайты қазақстандықтардың 44.7% кітапқа қарағанда телеарналарға көбірек сенім артады деп жазады [7]. Көптеген көрермендер «Бауыржан Момышұлы» сериалы арқылы оның тарихтағы ерлігі мен жазушылық қырын таныса, «Ақылдың кілті арқылы» ұлы Абайдың қара сөздері мен өсиетін аз да болса білді деуге болады.

Берілетін ақпаратының ғұмырының қысқалығы мен үстірттігіне қарамай, сериал өз көрерменін белгілі бір деңгейде тәрбиелеуге атсалысады. Бұған соңғы жылдардағы отандық өнімнің сапасының сәлде болса артуы куә болады. Саусақпен санарлық тарихи туындыларды жасауда авторлар нақты және дәлелді шынайы оқиғаларды суреттеуге тырысуда. Халықтың қалауын да тауып көрсетуге тыры-

сып жатады. Рейтингілік саралау арқылы көрермен сұранысын қанағаттандыруды да ұмыт қалдырмайды. Көптеген елдерде әлдеқашан іске асқан, бізде әзірге барлығы болмаса да, бірен-саран телеарналарда әлеуметтік желілер арқылы екі жақты пікір алмасу нәтижесінде телеарна өнімдерінің қалыптасуына көрермендер де өз әсерін тигізіп жатады.

Өнер – (лат. *experimentum*, тәжірибе, байқау) болмысты бейнелі ұғыну; әрекеттің үрдісі немесе қорытындысы [8].

Көрерменнің көңілінен шығатын белгілі бір шығармашылық топтың жұмыс нәтижесін жариялайтын өнім ретінде телевизияны түгелімен өнер түсінігіне сай келмейтінін ескере отырып, кей жағдайларда өнердің бір бөлшегі деп санауға болады деген тұжырымға саямыз. Телевизия негізінен көрермен үшін қызмет етеді. Сондықтан, телесериал телеарналардың бағдарламалар желісіндегі басты құрамдас бөлігі ретінде, режиссер, актер, сценаристер және басқа да шығармашылық топтың мүшелерінің шығармашылық өнімі ретінде өнер түріне жатқызуға болады.

Алдымен әрбір өнімнің пайда болу тарихын зерттегенде сол қоғамдағы оқиғаларға шолу жасау өнімнің не себепті пайда болғанын анықтап жатады. Қазақстандағы телесериалдардың дамуына байланысты оларды ірі екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірі, экспериментальді кезең. Яғни, сериал атты ұғымның көрермен санасына сіңіп, орнығуы немесе алғашқы қазақ сериалдарының көгілдір экран төрінен орын табуы. Отандық алғашқы сериал «Тоғысқан тағдырлар» сериалды. Өз кезегінде елімізде сенсация жасаған «Тоғысқан тағдырлар» телесериалының әр сериясының ұзақтығы жиырма бес минутты құрап, алматылық бірнеше отбасының өмір хикаясын суреттеді. Сериалдың басталғанына көп болмай-ақ, ел жұртшылығы ондағы Тимур мен Жанна Сабыровтар, Мәдина мен Шерхан Омаровтар, Платоновтар отбасы сияқты кейіпкерлерді есімдерімен жаттап алады. Көрермен арасында кейіпкерлерін бөліп алып, оларды сөгеді, жамандайды, армандайды және солармен бірге қиналады. Тәуелсіздіктің алғашқы бес жылдығында тоқырап тұрған «Қазақфильм»

киностудиясына күн сайын көрермендер тарапынан хаттар толассыз келіп, қайтадан қайнаған өмір басталды. Британия-Қазақстан өндірген бірлескен өнімді шығару 1995 жылы шешілген болатын. Сол жылы «Қазақфильм» киностудиясына құрамында он бір адам бар (продюсерлер, операторлар, сценаристтер) ағылшындық делегация келеді. Олар қазақстандық кино саласының мамандарын телесериал жасау технологиясына үйретті.

Осы жерде айта кететін жайт, ресейліктер өз отандық сериалдарының бастауы телефильмдерден басталады деп жатады. Сол секілді біздің да отандық өніміміздің бастауы деуге тұрарлық телефильм КСРО кезінде 1984 жылы түсірілген Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының «Шоқан Уәлиханов» тарихи-биографиялық көпсериялы телефильмі болды деп мақтанышпен айта аламыз. Режиссерлері Асанәлі Әшімов пен Цон Гук Ин, сценарийін жазған Юлий Николин, операторы Игорь Вовнянко, суретшісі Әбдрашид Сыдыханов, композиторы Алмас Серкебаевтар болған телефильмнің басты рөлін сомдағандар Сағи Әшімов, Асанәлі Әшімов пен Меруерт Өтекешова және т.б. Фильм 1986 жылы Қазақ КСР-ның Мемлекеттік сыйлығына ие болған. Қазақ телефильм тарихының шоқтығы болып саналатын осы бір дүние арқылы қазақ телесериалдарының да серпілісі мен қадамы нық екенін байқаймыз.

Эксперименттік кезеңдегі медиаиндустриядағы сериал контентінің алғашқы негізін қалаушы өнім болған «Тоғысқан тағдырлар» сериалы Қазақстан мен Британияның бірлескен жобасының түсірілімі 1996 жылы басталып 2000 жылы аяқталды. 465 серияны құрайтын бұл алғашқы медиаөнімді танымалдылығы мен саны жағынан әлі күнге дейін ешқандай отандық сериал басып озған жоқ. «Тоғысқан тағдырлар» сериалы сериалдардың атқаратын қызметінің ішінде интегративті қызметке жатып, қазақ аудиториясы үшін жаңа бір көзқарас, жаңа бір серпіліс әкелді.

Қазақ телесериалдарының дамуының екінші кезеңі, яғни, «Бейімделу кезеңі». «Бейімделу кезеңі» деген сөзіміздің астарында үлкен мән мен мағына жатыр. Яғни, өзге елдің туын-

дысының (сериалының) негізіне бейімделе отырылып, түсірілген қазақстандық туынды. Мысал келтірер болсақ, 1992 жылдан әлем елдерінің телеарналарынан берілген «Элен и ребята» («Элен және достары») ситком жанрындағы Францияның телесериалына бейімделіп түсірілген қазақстандық сериалдың бірі – «Әсел және оның құрбы-достары» сериалы. Телесериалдың сюжеті Қазақстандық жастардың өзара қарым-қатынас қиындықтары, өмірлік тәжірибенің жоқтығынан сүрінулер сияқты т.б. мәселелерін көтеруге тырысқан. Ресейлік Пётр Точилин, Иван Китаев, Роман Самгин, Жанна Кадниковалардың өнімі «Универ» сериалының қазақстандық бейімделген ситком жанрындағы өнімдерінің бірі – «Вузеры». Режиссеры А. Ұзабаев болған сериалдың басты рөлін сомдағандар – Мырзабек Еркебұлан, Рамис Құлахметов, Әділжан Өмірзақов. Бір мектепте оқыған үш жігіттің кейіннен бір университетте жолығуына құрылған сюжеті студенттердің өмірін суреттеген медиаөнім 2012-2014 жылдар аралығында төрт маусымда жалғасын тапты.

Осындай бейімделген сериалдың тағы бірі – «Нархоз». 2014 жылы жарық көрген сериалдың жанры да ситком, режиссеры ресейлік Денис Куклин. Басты рөлдерін Қуаныш Жылжақсынов, Динара Бақтыбаева, Артур Пан, Ася Оспанова, Самат Мамиев және Дарья Александровалар сомдаған сериалдың сюжеті дәл сол ресейлік «Универ» немесе қазақстандық «Вузеры» сияқты университетте оқитын студенттердің өмір хикаяларын баяндайды. Аталған екі сериалда ситком жанрына жататындықтан, телесериалдың ойын-сауықтық қызметі сипатына ие.

Ресейлік «СТС» телеарнасының өнімі «Воронины» сериалының отандық бейімделген түрі ситком жанрындағы «Базарбаевтар» телесериалы «31 арна» телеарнасының 2012 жылғы өнімі. Бұл сериалда үш маусымнан, әр маусымы 10-11 серияны құрады. Аты айтып тұрғандай, қалалық үш бөлмелі пәтерде тұратын отбасының тұрмыс хикаясын комедиялық жанрда баяндайтын сериал.

Драма жанрындағы отандық сериалдардың көптеп шыға бастаған 2013 жылдың келесі бір жобасы – «Тағдыр». Телесериал оқиғасының желісі 1992 жылы ауылдың ең құрметті адамы Қалиханның әйелі босану үстінде қайтыс болуынан басталады. Нәрестенің атын Жұлдыз қойып, оның тәрбиесін баланы дүниеге әкелген дәрігердің жесірі Шарипа қолға алады. Шарипа қызы Айданамен бірге Қалиханның үйіне көшіп келеді. Жиырма жылдан соң Айдана мен Жұлдыз оқуға түсіп, әрқайсысының ересек өмірі басталып кетеді. Бірінің махаббат хикаясы бақытты отбасы құрумен аяқталса, екіншісі үшін тойға дайындық үлкен трагедияға айналады. Жиырма сериядан кейін көрермендер барлық жұмбақтардың жауабын табады.

**Қорытынды.** Қай жағынан алып қарасақта, бүгінгі таңда қазақ телесериалы қарқынды дамып, жаңа белестерді бағындырып жатыр. «Almaty.tv» сайтына: «Қазақстанда телетоптамалар түсіріліп жатыр. Телеэкраннан көрерменге жол тартқан «Ұлжан», «Парыз», «Жаным», «Қара шаңырақ», «Сырғалым», «Ағайындылар» сынды телехикаялар халықтың ықыласына бөленді. Біздің қазақ режиссерлері шетелдік режиссерлер ұқсап фильм түсірмесе де, ол өнімдерден қазақи иіс сезіліп тұрады» [9] – деп отандық сериал сапасы туралы журналист Аруна Ғани ойын білдіріпті. Демек, отандық сериал сапасы, деңгейі уақыт өте бір жүйеге келіп, ел мақтанына айналады. Негізгі тренд – отандық мазмұндағы телесериал үлесі біртіндеп артып келеді, бұл жағдайға негізінен ақпараттық саладағы мемлекеттік 50/50 саясаты ықпал етуде.

Әлі күнге шешілмеген екі мәселе бар. Біріншісі – бәсекеге қабілетті өзіндік жаңа жанрдағы телесериалдың өндірілмеуі және көбіне шетелдік сериал өнімдеріне бейімдеудің басымдығы, екіншісі – отандық сериалдың сапасы шет елдік, оның ішінде, түрік, ресей сериалдарына жол беруі. Көш жүре түзеледі. Уақыт атты шебердің ерте ме – кеш пе қазақ телесериалдарының айын оңынан туғызары анық. Келер күнге емес, келер ұрпаққа, кемел болашаққа сенім артамыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- [1] Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
- [2] Таги-Заде А. Надо учиться у американцев снимать кино для людей // Искусство кино. – 2003. – №7.
- [3] Беленький Ю.М. Становление жанров отечественных сериалов [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.ipk.ru/index.php?id=2389>
- [4] СИ-БИ-ЭС // Большая российская энциклопедия: [в 35 т.] / Гл. ред. Ю.С.Осипов. – М.: Большая российская энциклопедия, 2004. – 2017.
- [5] Самые длинные сериалы. [Электронды ресурс] Режим доступа: [http://www.kino-tv-forum.ru/blog/samye\\_dlinnye\\_serialy\\_samyj\\_dlinnyj\\_serial/2013-04-11](http://www.kino-tv-forum.ru/blog/samye_dlinnye_serialy_samyj_dlinnyj_serial/2013-04-11).
- [6] Четверть опрошенных казахстанцев не читают книги [Электронный ресурс] Режим доступа: [https://tengrinews.kz/books/chetvert-oproshennyih-kazahstantsev-ne-chitayut-knigi\\_217100/2012-07-09](https://tengrinews.kz/books/chetvert-oproshennyih-kazahstantsev-ne-chitayut-knigi_217100/2012-07-09).
- [7] Большинство опрошенных казахстанцев доверяют телевидению больше печатных СМИ [Электронный ресурс] Режим доступа: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/bolshinstvo-oproshennyih-kazahstantsev-doverayut-217445/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/bolshinstvo-oproshennyih-kazahstantsev-doverayut-217445/).
- [8] Ефремова Т.Ф. Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный. – М.: Русский язык, 2000.
- [9] Қыдырбай Н. Қазақ балалары қуыршаққа табынып жүр [Электронный ресурс] Режим доступа: <http://www.almaty.tv/kz/newline/news/aza-balalary-uyrsha-a-tabynyp-zh-r.html>.
- [10] Молчанов А. Букварь сценариста: как написать интересное кино и телесериал. – Москва: Рип, 2010. – 73 б.
- [11] Фуко М. История безумия в классическую эпоху / М.Фуко. – СПб, 1997.
- [12] Джеймисон Ф. Прогресс versus утопия, или можем ли мы вообразить будущее? // Фантастическое кино. – М.: Новое литературное обозрение, 2006.
- [13] Дебор Ги, Общество спектакля. – М.: Логос, 2000. – С.184.
- [14] Хабермас Ю. К логике социальных наук. Теория коммуникативного действия // Современная западная теоретическая социология (реферативный сборник). Юрген Хабермас. Вып. 1. – М., ИНИОН РАН, 1991.

*References:*

- [1] Nazarbayev N.A. Tautelsizdik dauiri. – Astana, 2017. – 508 b.
- [2] Tagi-Zade A. We must learn from the Americans to make films for people // The Art of Cinema. – 2003. – №7.
- [3] Belenky Yu.M. Formation of domestic TV series genres [Electronic resource] Access mode: <http://www.ipk.ru/index.php?id=2389>
- [4] SI-BIB-ES // The Great Russian Encyclopedia: [in 35 t.] / Ch. ed. Yu. S. Osipov. – M.: The Great Russian Encyclopedia, 2004–2017.
- [5] The longest series. [Electron resources] Access mode: [http://www.kino-tv-forum.ru/blog/samye\\_dlinnye\\_serialy\\_samyj\\_dlinnyj\\_serial/2013-04-11](http://www.kino-tv-forum.ru/blog/samye_dlinnye_serialy_samyj_dlinnyj_serial/2013-04-11).
- [6] A quarter of respondents from Kazakhstan do not read books [Electronic resource] Access mode: [https://tengrinews.kz/books/chetvert-oproshennyih-kazahstantsev-ne-chitayut-knigi\\_217100/2012-07-09](https://tengrinews.kz/books/chetvert-oproshennyih-kazahstantsev-ne-chitayut-knigi_217100/2012-07-09).
- [7] The majority of Kazakhstan respondents trust television more than print media [Electronic resource] Access mode: [https://tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/bolshinstvo-oproshennyih-kazahstantsev-doverayut-217445/](https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/bolshinstvo-oproshennyih-kazahstantsev-doverayut-217445/).
- [8] Efremova, T. F. A New Dictionary of the Russian Language. Sensible word-building. – M.: Russian language, 2000.
- [9] Kydyrbay N. Kazakh balalary kuyrshakka tabynyp zhur. [Electronic resource] Access mode: <http://www.almaty.tv/kz/newline/news/aza-balalary-uyrsha-a-tabynyp-zh-r.html>.
- [10] Molchanov A. Scriptwriter's Primer: How to Write an Interesting Movie and TV Series. – Moscow: Rior, 2010. – 73 b.
- [11] Foucault M. The history of madness in the classical era / Fuko. – SPb., 1997.
- [12] Jamison F. Progress versus utopia, or Can we imagine the future? // Fantastic Cinema. – M.: New Literary Review, 2006.
- [13] Deborah Guy., Society for the Performance. – M.: Logos, 2000. – 184 p.
- [14] Y. Habermas. On the logic of social sciences. The theory of communicative action // Modern Western theoretical sociology (abstract collection). Jürgen Habermas. Issue 1. – M., INION RAS, 1991.
- [15] Bell D. The coming post-industrial society. – M.: Academia, 2004.

**Функциональная классификация телесериалов**

**А.Д. Шорабек<sup>1</sup>, Б.К. Нурпеис<sup>2</sup>**

<sup>1, 2</sup>Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова  
(Алматы, Казахстан)

*Аннотация*

До появления на экранах иностранных сериалов не только в Казахстане, но и в Советской науке искусствоведение были внедрены в использование анализированные термины, связанные советскими многосерийными фильмами. Актуальностью данной статьи является историческое исследование этапов появления и развития Казахстан-



ских отечественных сериалов. Зрители делают выбор продукции в зависимости от постановки разнообразных сюжетов и возникающих проблем в широкой теме сериалов. Соответствие сериалов массовой культуре не ограничивается развлекательной деятельностью, но также увеличивает ее пространство. Телесериалы имеют своеобразную исполнительную функцию. Телевидение – по сути служит зрителю. Таким образом, телесериалы, являясь важной частью телевизионных проектов, а также результатом деятельности актеров, режиссеров и других членов творческого коллектива, можно отнести к виду искусства. Телесериалы, согласно функциональным особенностям, делятся на 6 основных направлений: интегративные, ценностно-ориентированные сериалы, историографические, развлекательные, управленческие и идеологические. В статье рассмотрены условия, тенденции, функции и услуги, которые имеют отношение к сериалу.

*Ключевые слова:* телевидение, телесериал, эфир, сюжет, искусство

### **Functional classification of TV series**

*A.D. Shorabek<sup>1</sup>, B.K. Nurpeis<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Kazakh National Academy of Arts named after T.K. Zhurgenov  
(Almaty, Kazakhstan)*

#### *Abstract*

Before the appearance of foreign serials on screens, not only in Kazakhstan, but also in Soviet science of art history, analyzed terms related to Soviet serial films were introduced into use. The relevance of this article is a historical study of the stages of the emergence and development of Kazakhstan's domestic TV series. Viewers make a choice of products depending on the staging of various plots and emerging problems in the broad theme of the series. Conformity of serials to mass culture is not limited to entertainment, but also increases its space. TV shows have a peculiar executive function. Television essentially serves the viewer. Thus, soap opera, as an important part of television projects, as well as the result of work of actors, directors and other members of the creative team, can be attributed to the form of art. Soap opera, according to functional features, are divided into 6 main areas: integrative, value-oriented series, historiography, entertainment, management and ideology. The article diversifies the conditions, trends, functions and services that are relevant to the series.

*Keywords:* television, television series, broadcast, plot, art.

*Редакцияға 06.02.2019 қабылданды*

*МРНТИ 14.35.09*

*Т.М. КОЖАҒУЛОВ*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы, Қазақстан)*

## **КЕСКІНДЕМЕНІ ОҚЫТУДЫҢ КӨРКЕМ-РЕАЛИСТІК РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада кескіндемені оқытудың көркем-реалистік рухани-танымдық негіздері қарастырылады. Кескіндемені көркем-реалистік рухани-танымдық бағытта оқыту оқу қызметін конструктивті ұйымдастырумен байланысты қарастырылады. Көркем шығармашылық қызметтегі интеллектуальдық және эмоционалдық өзара байланыс суретші-педагогті қалыптастыру үрдісінде маңызды сәт ретінде бағаланады. Кескіндемені оқыту тәжірибесінде көркем-мәндік, эмоционалды-сезімдік әдістерді қолдану, білімгерлердің шығармашылық ойын дамытуға ықпал ететіндігі анықталады. Білімгерлердің көркем-реалистік және рухани-танымдық қабілеттерін дамытуда оқытудың интегративті әдістерін қолдану мүмкіндіктері зерттеледі. Зерттеу нысаны- кескіндемені оқытуда көркем-реалистік және рухани-танымдық негіздерді қолдану әдістерін зерттеу болып табылады. Ұлттық мәдениет негіздерін көркем білім беру мақсатында көркем-реалистік және рухани-танымдық әдістердің бірлігі позициясынан зерттеу осы жағдайда өте маңызды. Бұл жұмыстың мақсаты- кескіндеме сабақтарында білімгерлердің көркем-реалистік және рухани-танымдық қабілеттерін дамыту болып табылады.

*Түйін сөздер:* кескіндеме, көркем-реалистік, рухани-танымдық, оқыту, интегративті әдіс, көркем шығармашылық, дамыту, ұлттық мәдениет, рухани құндылық.

**Кіріспе.** Кескіндеме саласында болашақ мамандарды кәсіби даярлау бүгінгі таңда күрделі де санқырлы көркем педагогикалық, өнертанымдық, педагогикалық өнертанымдық, философиялық-эстетикалық, психологиялық ғылыми теориялық және практикалық талаптарды тұтастай қамтиды. Бұл талаптарға қоршаған орта мен өнер туындыларын көркем эстетикалық қабылдау, кескіндеме өнерінің теориялық негіздері мен құрал-тәсілдерін, техникасы мен технологияларын меңгеру, бейнені түстік тондық көру, түстер мен түстер үйлесімін және тұстану мәселелерін білу, практикалық қызмет шеберлігі мен композициялық құрылым тұрғызу әдет-дағдыларын қалыптастыру, көркем образды өз мүмкіндігінше сомдау әдіс-тәсілдерін меңгеру сияқты басты мәселелермен қатар басқада педагогикалық түрлі оқу-жаттығу тәсілдері мен тапсырмалар орындау, долбар, нобай, этюд салу, т.б. көптеген мәселелер қамтылады.

Өнер ешқашан жеке дара болмайды, ол – әрқашанда адамзат өмір салтымен, мәдени және рухани таныммен байланысты. Кескіндеме өнері де адамның идеялық ұмтылысымен, өмірлік мақсаттарымен және көркем таныммен өзара қатынаста орындалып, оның рухани әлемін кеңейте түседі. Кескіндеме өнерінің дүние мен оның құбылыстарын шынайы бейнелеп көркемдік образды нақышты сомдау мүмкіндігі зор. Көркем әдіс (метод) түсінігінің теориялық негізі өнер туралы ғылымда өткен ғасырдың 20-шы жылдары қаланды. Ол сол кездердегі анықтама бойынша бейнеленетін өмір шындығын философиялық ой сүзгісінен өткізу принципін көрсетеді. Кейін, бұл әдістің жаңа концепциясы бойынша, ол объективті шындықты көркем тану принципі түрінде бекіп қалды. Осы тұрғыда біз кескіндеме өнерін көркем реалистік бағытта оқытуды оқу қызметін конструктивті ұйымдастырумен байланысты қарастырамыз.

**Негізгі бөлім.** Реализм өзінің объективті мазмұнында реалды шындық өмірді рухани ақиқаттық қайталау түріндегі көркем тану арқылы бейнелеу болып табылады. Өнердің идеялық, идеологиялық, рухани танымдық функциясы адамның рухани танымын, көркем-

дік мәдениетін дамытары дәлелдеуді қажет етпейтін факт. Өнердің танымдық және әсер етуші функциясы шынайы көркем шығармашылықтың бөлінбес қасиеті болып табылатындығы педагогика, психология, өнертану ғалымдарының еңбектерінде дәлелді түрде айтылған. Олай болса, кескіндеме өнері адамның рухани таным мен көркемдік мәдениетіне белсенді әсер етеді. Кескіндеме өнері өмірді күнделікті идеялық-эмоционалдық сезінуге, шынайы көркемдік игеруге үйретеді. Өнер туындысы да, оны сомдау қызметі де, яғни нәтиже мен көркем қызмет үрдісі адам рухани мәдениетін қалыптастырып дамытады. «Не только результат творчества – произведение искусства, но и сам творческий процесс имеет огромное содержательное значение» [1, 29 б.]. Білім мен білік, ақыл-ой, сана-сезім, көңіл-күй, мақсат-мүдде, үміт пен ниет т.б. қасиеттердің, дүниеге көзқарас пен дүние танымның түрлі жақтары кескіндеме өнері әдіс-тәсілдерімен көркем нақышты бейнеленеді. Суретші дүние таным арқылы адам қасиеттері мен сезімдерінің бейнеде көрініс табуы және адамның рухани таным-түйсігін көркемдік тілге айналдыру кескіндеме өнерінің басты мақсаты. Бұл қасиеттерді көркемдік ой елегінен өткізіп бейне сомдау суретші талғамы мен шеберлігін талап етеді. «Көркем туындыны сомдау заңдылықтарымен қатар интеллектуальдық және шығармашылық тенденциялар, оқытудағы педагогикалық-психологиялық әдістемелер жүйесінде, білім-тәрбие үрдісінде жүзеге асады. Білімгерлердің композициялық қызметі болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерін тәрбиелеудің рухани дүниетанымдық және мәдени аспектілерін тұтастай қамтиды» [2, 95 б.].

Ата-баба қадірін ардақтау, жалпы адамның дүниедегі жоғары ролін құрметтеу, қоршаған орта болмысының терең тылсым қасиеттерін қадір тұту т.б. сана сезімдік мәселелер көркем бейнеде рухани таным түйсікті дамытады. Осы арқылы кескіндемешілер сана сезімінен туындаған көркемдік образдар рухани талпынысты үдете түседі, адам бойына жоғары сезім мен рухани мәдениетті қалыптастырады. Мысалы, белгілі Қазақстан кескіндемешілерінің туындыларында ұлттық рухтың көрініс табуы – ұлт-

тың түп-тамырын, ата-бабалар өсиеттерін, көркем мұралар мен мәдени құндылықтарды, салт-дәстүр бастауларын, көңіл күйді поэтикалық, лирикалық, гуманистік немесе трагикалық нотада түстердің ритмдік ырғағымен, гармониялық үйлесімділігімен көркем бейнелі идеализациялауы арқылы халқымыздың өсіп өркендеу жолын, тарихи дамуы мен ұлттық санасын дәріптеп көрсетеді. Өз ойларын беруде суретші құрал-тәсілдер арсеналын синтездеу арқылы гармониялық ой-сезімді түстер үйлесімі арқылы, кеңістіктік тереңдікті, композицияның жеке элементтерін түстік, сызықтық, тондық қатынастармен тұтастыққа келтіріп, бейне жазықтығында жүйелеп адам рухани әлемін тебіреніске әкеледі. Ал кейде әр уақытты құбылыстарды бір арнаға келтіріп, адам ішкі күйін, сезімін бояу түстерінің гармониялы үйлесімімен, контрастық, тондық қатынастармен түйіндейді. Қарапайым заттардың құндылығын дәріптеу, қазақ ұлтының мерейін үстем ету, өмір тұрмысын поэтикалау, күнделікті өмір-тұрмысын эстетизациялау, адам мен табиғат әлемінің тұтастығын әсерлеу көрермен санасында ұлттық рухты асқақтатады. Мұндай, жарқын ойлы, рухы асқақ соны туындылар Қ.Т. Телжанов (Ата мекен, Қыз қуу, Көкпар, Тыныштық, Бозарал адамдары), М.Кенбаев (Шопан әні, Асауға құрық салу, Әңгіме-дүкен), С.Ә. Мәмбеев (Киіз үй алдында, Көктем), Ә.Ысмайлов (Жуалы аңғарында), С.Романов (Даладағы кеш, Жайлау кеші, Ашық аспан аясында, Күй. Кісен ашқан) А.Ғалымбаева (Бейбітшілік. Триптих, Дастархан, Қазақстан әні, Біз заманымызбен бақыттымыз), С.Ә. Айтбаев (Бақыт, Қонақ келді, Жәйлаудағы түйелер), Ш.Т. Сариев (Шопан семьясы, Балықшылар, Тұрар), А.Сыдыханов (Ақ бұлақ, Темекі жинау, Хан Балық, Жер бесік символы), Е.Төлепбаев (Түріксібтіктерді шығарып салу, Дыбыстар дауысы), К.Муллашев (Жер және уақыт, Жастық), Б.Табиев (Балалар, Мойын ағаш пен қыз), М.Аманжолов (Қайырлы тан), О.Нұржұмаев (Әке ескерткіші) сияқты кескіндемешілер еңбектерінен белгілі [3, 4, 5, 6].

Білімгерлерді осындай идеялық-танымдық мазмұны жоғары туындыларды үлгі тұтуға бау-

лып, мазмұны мен орындалу әдіс-тәсілдерін, түстік композициялық құрылымын түсіндіріп талдап көрсету кескіндеме өнерін көркем реалистік бағытта оқыту мен оқу қызметін конструктивті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. «Психолого-педагогические исследования последних лет показывают, что новые знания формируются не с помощью простого добавления к уже имеющимся, а благодаря структурированию прежних знаний, то есть благодаря отказу от неадекватных представлений, через постановку новых вопросов и выдвижение гипотез» [7, 39 б.]. Осы ой-тұжырымға сәйкес педагог-суретшіні даярлаудағы кескіндеменің тәжірибелік негіздерінде жұмыстың бірізділігі қарастырылады [8].

Дидактикалық қағидалар мен көрнекілік принциптерді педагогикалық өнертану бағытында жүйелі қолдану арқылы өнерді эстетикалық қабылдау мен көркем образдық сомдау үрдісінде білімгер белгілі бір идеялық бағытты, мәдени болмысты, тарихи кезең өмірін әсерлі сезімдік, көркем образдық тұрғыда саналы игеріп өзінің рухани таным-түйсігін дамытады. Әлемді рухани тану аясы кеңейеді. Сондықтан қазіргі шығармашыл жолдағы жаһандық лездік әлемде өнер, таным, шығармашылық, сезім мен түйсік, басқа соны қырынан танылуда. Адам түрлі техногендік жағдайда әсемдік пен көркемдік танымға жүгінеді. Мұндай жанды да әсерлі көркемдік өріс кескіндеме өнерінің ең басты мәні және мақсаты. Қазіргі кезде саналы түйсінілген, мақсатты бағдарланған реалды ақиқат идеалдарға деген ынта-жігер, рухани тәрбие мен көркем мәдениет жеке тұлғаны жан-жақты қалыптастырып дамыту өзегі, және осы себепті де көркем шығармашылықтың мәні болып табылады.

Нақты анықталып адамның рухани әлеміне бағдарланған көркем шығармашылық ізденіс – прогрессивті дамудың көзі және перспективті алғы шарты. Ал көркем шығармашылық ізденіс қызметінің ең көрнекі түрінің бірі кескіндеме өнері. Кескіндеме өнері рухани мәдениеттің өзіндік түрі. Живописьтегі руханилық – белгілі бір көркемдік құбылыстың эмоционалды сезімдік әсерін бояу түстері үй-

лесімі, тондық қатынастары, бейнелік ритмдер, композициялық құрылым мен пластика арқылы адам бойына сіңіріп эстетикалық ләззат береді. «Руханилық, мәдениеттілікпен және адамның тәрбиелігімен тікелей байланыста болады, бірақ оларға эквивалентті емес» [9, 109 б.]. Жоғары мектептің көркем білім мен педагогикалық өнертану жүйесінде өз бетінше өнімді қызмет етуге қабілетті, қажетті кәсіби білімі, білігі, дағдылары бар шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде кескіндеме өнері арқылы рухани мәдениетке баулудың маңызы зор. Педагогикалық университетте кескіндеме пәнін оқытудың негізгі мақсаты – таным көкжиегі кең, көркем талғамы дамыған, рухани мәдениеті жоғары, шығармашыл көркем еңбек-педагогын тәрбиелеу. Көркемдік және рухани құндылықтар мен мұралар арқылы дүниетаным қалыптастыру мәселелері зерттеулерде әр қырынан қарастырылады (Нұрмұратов С.Е., Джанаев М.Б., Беляева О.М., Русакова Т.Г.) [10, 11, 12, 13].

Живопись өзінің көркем-пластикалық болмысымен, бейнелеу құрал-тәсілдерімен, ең бастысы көркем-образдық мәнімен білімгерлердің рухани адамгершілік мәдениетін дамытуға кең көлемді мүмкіндік пен ширақ қозғалыс беретін динамикалы пән. Живопись рухани мәдениеттің маңызды танымдық элементі. «Духовное воспитание составляет неотъемлемую часть в гармоническом воспитании и развитии личности» [14]. Көркем-эстетикалық білім мен рухани мәдениетті білімгер кескіндеме өнерінің сан қырлы мүмкіндігі мен қасиетіне сай, осы өнер қызметі үрдісінде бойына сіңіріп өз дүниетанымын, көркемдік санасын қалыптастырып дамытатындығы туралы ой-пікірлерді бейнелеу өнері саласындағы ғалымдар мен суретшілер еңбектерінен пайымдауға болады (Алпатов М.В., Чистяков П.П., Кардовский Д.Н., Волков Н.Н., Кузин В.С., Кибрик Е.А., Шорохов Е.В., Беда Г.В., Унковский А.А., Пучков А.С., Ростовцев Н.Н., Триселев А.В., Яшухин А.П.).

Болашақ кәсіби мамандардың көркем шығармашылық қабілеттері мен рухани танымы реалистік кескіндемелік қызметте, алдарына өз беттерінше түрлі кескіндемелік, компо-

зициялық, саналы ой-жүйелік, көркем-образдық проблемалық мақсаттар қойып, оларды шешуге деген ынта-жігерінің нәтижесінде дамиды. Сондықтан кескіндеме өнері қызметінде білімгерлердің шығармашылық талаптары мен эстетикалық қажеттіліктері неғұрлым өнімді жүзеге асады. Кескіндеме сабағында білімгерлер реалистік бейнелеу тәсілдеріне жаттығып зат пішіндерін түстердің тондық қатынасымен бере білуге, құрылымдық және түстік қатынастарды анықтауға, бөлшектердің конструктивті-пластикалық өзара байланыстарын жүйелеп кеңістікті құруға, композициялық орталықты ой-жүйелік мазмұнға сай анықтауға үйренеді. Алайда, көпшілік жағдайда білімгерлер теориялық және практикалық тәжірибелерге сүйенбей кескіндемелік жұмысты интуитивті түрде, белгілі бір шығармашылық немесе көркем танымдық ізденіссіз орындап нақты реалистік оқу танымдық нәтижеге жете алмай жатады. Бұл жағдай қазіргі көркем мәдениет пен көркем білім талаптары мен мақсаттарына негізделген болашақ кәсіби маманның шығармашылық потенциалын жан-жақты белсенді дамыту мақсаттарына сай келмейді.

Бұл жағдайда кескіндеме сабағында оқытудың белсенді тәсілдері мен интегративті кіріктірілген, өзара біртұтас байланыстағы өнер құрал-тәсілдерін қолдану маңызды. Проблемалық мәселелер мен мақсаттар қоя отырып оны шешудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін ізденуге ынталандыру білімгерлер шығармашылығын жандандыра түседі. Интегративті кіріктірілген тәсілдер кескіндеме өнері мен өнерлер синтезіндегі амалдарды қарастырады. Немесе басқада өнер түрлерімен байланыстағы қызмет түрлерінің формалары мен тәсілдерін өзара кіріктірілген байланыста қолдану осындай проблемалық мәселелердің шешімін табуға ынталандырады. Мысалы, музыка, кино, видео, фото, театр материалдары мен тәсілдері өзіндік әдіс тәсілдік немесе мазмұндық тұрғыда мүмкіндік туғызып шешім табуға ықпал етеді. Мұндай көркем пластикалық ізденістер теориялық түсініктер мен ассоциациялық белгілердің живописьтік тәсілдерге айналуына мүмкіндік жасайды.



Кескіндеме сабағында көркем білім беру жоғарыда көрсетілген мәселелерді білімгерлердің шығармашылық белсенділігін ынталандырып дамыту арқылы орындалады. Белгілі ғалымдар Л.С. Выготский [15], Б.М. Теплов [16], А.В. Запорожец [17] зерттеулерінде шығармашылық белсенділікті эстетикалық және көркем формаларда дамыту, адамның көркем қалыптасуының алғы шарттарының бірі ретінде анықталған. Мысалы, Л.С. Выготскийдің зерттеулерінде эмоционалдық пен танымдық факторлар көркем қызметтегі шығармашылыққа оптимальды жағдайлар туғызатындығы айтылған. Л.С. Выготский шығармашылық психологиясын зерттеу еңбегінде «интеллектуальный и эмоциональный фактор в равной мере необходимы для акта творчества» [18, 17 б.] деп, көрсетеді. Кескіндеме қызметінде танымдық-интеллектуалдық және эмоционалды-сезімдік факторлардың өзара байланыста қатар қарастырылуы, бейнелеу сауаттылығы мен көркемдік нақыштылық қатынасын айғақтап білімгердің шығармашылық үрдісін белсендіре түседі.

**Қорытынды.** Аталған факторлардың мұндай өзара тұтас байланыста қарастырылуы кескіндемедегі түстік, тондық, композициялық көркем бейнелеу әрекетінің негізгі және жалпы принциптерін біркелкі жүйелі игеруге қолайлы жағдай туғызады. Кескіндемені оқытудағы бұл принциптер білімгерді жаттанды техникалық тәсілдер қолданудан арылтып, көркем пластикалы мазмұнды бейнелеуге бағыттайды. Түстік, тондық, композициялық біртұтас бейнелеу тәсілі көркем-танымдық, мазмұнды-образдық кескіндемелік қызметті жүйелі ұйымдастыруға ынталандырып, қажетті кәсіби қасиеттер мен бейнелеу шеберлі-

гін қалыптастырады. Көркем пластикалы кескіндемелік бейнелеуде түстік, тондық, композициялық техникалық элементтер мен әдіс-тәсілдерді біртұтас қатар қолдану бейне мазмұнын ашып көрсетуге, ұтымды образдық шешім табуға мүмкіндік беріп білімгердің рухани-эстетикалық ой-жүйесін дамытады.

Түстік, тондық, композициялық техникалық элементтер мен әдіс-тәсілдерді біртұтас қатар қолдану арқылы бейне мазмұнын рухани танымдық бағытта ашып көрсету, ұтымды образдық шешім табу келесі көркем бейнелеу қасиеттерімен анықталады:

– түстік, тондық, композициялық элементтер мен тәсілдерді бейнеленетін нысанның визуалдық-сезімдік көрінісіне және көркемдік рухани мәніне сай бейнелі-пластикалық тілге келтіріп әсерлі бейнелеу;

– түстік, тондық, композициялық элементтер мен тәсілдерді бейнеленетін нысанның көркем-эстетикалық, эмоционалды-сезімдік әсеріне сай рухани танымдық негізде жүйелі тұтастыққа келтіріп ұйымдастыру;

– түстік, тондық, композициялық элементтер мен тәсілдерді бейнеленетін нысанның мән мамұндық және пішіндік кеңістіктік қасиеттеріне сай рухани танымдық бағытта құру;

Көрсетілген көркем бейнелеу құрылымы бойынша оқытуда практикалық кескіндеме сабағында келесі оқу мәселелерін қарастыру қажет: кескіндеме практикалық сабағында оқу қойылымын, білім тәрбие материалдарын іріктеп, оқу қызметін конструктивті құру; оқу қойылымы мен білім тәрбие материалдарын, кескіндемелік бейнелеу қызметін оқу дидактикалық материалдармен қатынасты байланыста талдай отырып қолдану; практикалық тәжірибелік және теориялық танымдық талдау жасап қорытындылау.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Волков И.Ф. Творческие методы и художественные системы. - 2-е изд., доп. – М.: Искусство, 1988. – С. 253.
2. Джанаев М.Б. Білімгерлердің композициялық қабілеттерін дамыту // Педагогика және психология. – 2017. – № 2(31). – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017. – С.93-98.
3. Изобразительное искусство Казахской ССР. Альбом репродукций. – М.: Советский художник, 1974. – С.180.
4. Тельжанов К.Т. Государственный музей искусств Казахской ССР. Альбом репродукции (тексты на каз., рус., англ., нем. и франц.яз.). – Алма-Ата: Өнер, 1981. – С.282.
5. Сахи Романов: Альбом (Автор вступительной статьи и составитель Е.Б. Вандровская). – Алма-Ата: Өнер, 1987. – С.144.
6. Ғалымбаева А. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері. Альбом (Текст авторы және құрастырған И.А. Рыбакова. Тексі қазақ және орыс тілдерінде). – Алматы: Өнер, 1981. – 108 б.

7. Шаляпин О.В. Инновации в художественно-педагогическом образовании // Материалы Республиканского коллоквиума «Художественное образование Казахстана в XXI веке: совершенствование образовательных программ с учетом мировых тенденций». – 5-6 ноября 2012 года. – Алматы, 2012. – С.37-43.
8. Қожағұлов Т.М. Педагог-суретшіні даярлаудағы кескіндеменің тәжірибелік негіздерінде оқу этюдiмен жұмыстың бiрiздiлiгi // Изденiс: Халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал. – № 2(1). – 2015. – С.79-84.
9. Төкенов Ө.С. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2004. – 368 б.
10. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
11. Джанаев М.Б. Композиция сабақтарында көркемдік және рухани таным қалыптастыру // Хабаршы. Серия: Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі. - № 2(51). – Алматы, 2017. – 28-33 бб.
12. Беляева О.М. Художественно-образное мышление и его особенности в изобразительной деятельности // О.М.Беляева // Пути и средства повышение качества художественного образования и эстетического воспитания. – М.: МГПУ, 2010. - С.78-83.
13. Русакова Т.Г. Духовная культура личности как смысл образования // Вестник ОГУ, 2005. – № 5. – С.29-37.
14. Мезенцева Ю.И. Формирование нравственно-эстетических и духовных потребностей у подростков: Сборник научно-методических трудов преподавателей факультета Изобразительного искусства и народных художественных ремесел // Проблемы теории и методологии предметного образования. Изобразительное искусство. Декоративно-прикладное искусство. Дизайн. – М., Издательство МГОУ, 2010. – С. 219.
15. Выготский Л.С. Психология искусства. – М., 1968.
16. Теплов Б.М. Психологические вопросы художественного воспитания // Советская Педагогика, 1946. – № 6.
17. Запорожец А.В. Развитие восприятия и деятельность // Вопросы психологии, 1967. - № 1.
18. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. Изд. 2-е. – М.: Просвещение, 1967.
19. Беляева О.М. Художественно-образное мышление и его особенности в изобразительной деятельности // О.М. Беляева // Пути и средства повышение качества художественного образования и эстетического воспитания. – М.: МГПУ, 2010. – С.78-83.

*References:*

1. Volkov I.F. Tvorcheskie metody i hudozhestvennyye sistemy. – 2-e izd., dop. – М.: Iskusstvo, 1988. – 253 s.
2. Dzhanayev M.B. Bilimgerlerdiñ kompoziciyalıq kabiletterin damytu // Pedagogika zhәne psihologiya. – 2017. – № 2(31). – Алматы: Abaj atyndaғы ҚазҰПУ, 2017. – С.93-98.
3. Izobrazitel'noe iskusstvo Kazahskoj SSR. Al'bom reprodukcij. – М.: Sovetskij hudozhnik, 1974. – 180 s.
4. Tel'zhanov K.T. Gosudarstvennyj muzej iskusstv Kazahskoj SSR. Al'bom reprodukcii (teksty na kaz., rus., angl., nem. i franc.yaz.). – Alma-Ata: Өner, 1981. – 282 s.
5. Sahi Romanov: Al'bom (Avtor vstupil'noj stat'i i sostavitel' E.B. Vandrovskaya). – Alma-Ata: Өner, 1987. – 144 s.
6. Falymbaeva A. Қазақстан беінеіеу өнерінің шеберлері. Al'bom (Tekst avtory zhәne қырastyрған I.A.Rybakova. Teksti kazak zhәne orys tilderinde). – Алматы: Өner, 1981. – 108 b.
7. SHalyapin O.V. Innovacii v hudozhestvenno-pedagogicheskom obrazovanii // Materialy Respublikanskogo kollokviuma «Hudozhestvennoe obrazovanie Kazahstana v HKHI veke: sovershenstvovanie obrazovatel'nyh programm s uchetom mirovyh tendencij». – 5-6 noyabrya 2012 goda. – Алматы, 2012. – S.37-43.
8. Қожағұлов Т.М. Педагог-суретшіні даярлаудағы кескіндеменің тәжірибелік негіздерінде оқу этюдiмен жұмыстың бiрiздiлiгi // Изденiс: Халықаралық ғылыми-педагогикалық журнал. – № 2(1). – 2015. – С.79-84.
9. Төкенов Ө.С. Мәдениеттану: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2004. – 368 б.
10. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.
11. Dzhanayev M.B. Kompoziciya sabaqтарында көркемдік және рухани таным қалыптастыру // Хабаршы. Серия: Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі. - № 2(51). – Алматы, 2017. – 28-33 бб.
12. Belyaeva O.M. Hudozhestvenno-obraznoe myshlenie i ego osobennosti v izobrazitel'noj deyatel'nosti // O.M. Belyaeva // Puti i sredstva povyshenie kachestva hudozhestvennogo obrazovaniya i esteticheskogo vospitaniya. – М.: МГПУ, 2010. – С.78-83.
13. Rusakova T.G. Duhovnaya kul'tura lichnosti kak symysl obrazovaniya // Vestnik OGU, 2005. – № 5. – С.29-37.
14. Mezenceva YU.I. Formirovanie nrvstvenno-esteticheskikh i duhovnyh potrebnostej u podrostkov: Sbornik nauchno-metodicheskikh trudov prepodavatelej fakul'teta Izobrazitel'nogo iskusstva i narodnyh hudozhestvennyh remesel // Problemy teorii i metodologii predmetnogo obrazovaniya. Izobrazitel'noe iskusstvo. Dekorativno-prikladnoe iskusstvo. Dizajn. – М., Izdatel'stvo MГОU, 2010. – 219 s.
15. Vygotskij L.S. Psihologiya iskusstva. – М., 1968.
16. Teplov B.M. Psihologicheskie voprosy hudozhestvennogo vospitaniya // Sovetskaya Pedagogika, 1946. – №6.
17. Zaporozhec A.V. Razvitie vospriyatiya i deyatel'nost' // Voprosy psihologii, 1967. – № 1.
18. Vygotskij L.S. Voobrazhenie i tvorchestvo v detskom vozraste. Izd. 2-e. – М.: Prosveshchenie, 1967.
19. Belyaeva O.M. Hudozhestvenno-obraznoe myshlenie i ego osobennosti v izobrazitel'noj deyatel'nosti // O.M. Belyaeva // Puti i sredstva povyshenie kachestva hudozhestvennogo obrazovaniya i esteticheskogo vospitaniya. – М.: МГПУ, 2010. – С.78-83.

## **Художественно-реалистические духовно-познавательные основы обучения живописи**

***T.M. Kozhagulov***

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*  
*(Алматы, Казахстан)*

### *Аннотация*

В статье рассматриваются художественно-реалистические духовно-познавательные основы обучения живописи. Обучение живописи в художественно-реалистическом духовно-познавательном направлении рассматривается в связи с конструктивной организацией учебной деятельности. Взаимосвязь интеллектуального и эмоционального в художественно творческой деятельности расценивается как важный момент в процессе формирования художника-педагога. Определен, что использование в практике обучения живописи художественно-смысловых, эмоционально-чувственных методов способствуют развитию творческого мышления студентов. Изучаются возможности применения интегративных методов обучения в развитии художественно-реалистических и духовно-познавательных способностей студентов. Объектом исследования выступает, изучение методов использования в обучении живописи художественно-реалистических и духовно-познавательных основ. При этом очень важно, изучение в целях художественного образования основ национальной культуры с позиции единства художественно-реалистических и духовно-познавательных методов. Целью данной работы, является развитие художественно-реалистических и духовно-познавательных способностей студентов на занятиях по живописи.

*Ключевые слова:* живопись, художественно-реалистические, духовно-познавательные, обучение, интегративный метод, художественное творчество, развитие, национальная культура, духовная ценность.

## **Artistic-realistic spiritual-cognitive basics of teaching painting**

***T.M. Kozhagulov***

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai*  
*(Almaty, Kazakhstan)*

### *Abstract*

The article discusses the artistic and realistic spiritual and cognitive foundations of teaching painting. Teaching painting in the artistic-realistic spiritual and educational direction is considered in connection with the constructive organization of educational activities. The relationship between intellectual and emotional in artistic and creative activities is regarded as an important moment in the process of the formation of the artist-teacher. It has been determined that the use of artistic-semantic, emotional-sensual methods in the practice of teaching painting contributes to the development of students' creative thinking. The possibilities of using integrative teaching methods in the development of artistic-realistic and spiritual-cognitive abilities of students are being studied. The object of the research is the study of methods of using artistic-realistic and spiritual-cognitive foundations in teaching painting. It is very important to study the fundamentals of national culture from the standpoint of the unity of artistic-realistic and spiritual-cognitive methods for artistic education. The purpose of this work is the development of artistic-realistic and spiritual-cognitive abilities of students in the classroom for painting.

*Keywords:* painting, artistic-realistic, spiritual-cognitive, learning, integrative method, artistic creation, development, national culture, spiritual value.

*Редакцияға 06.03.2019 қабылданды*



**Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, балалар ақыны  
Наурызбаева Рахат Наурызбайқызы**

Наурызбаева Рахат Наурызбайқызы Қызылорда облысы, Қазалы кентінде 1944 жылы 25 қаңтарда дүниеге келді. 1957 жылы №420-мектептің 7 сыныбын бітірісімен М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесіне оқуға түсіп, 1961 жылы бітіреді, сол жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтқа түсіп, 1965 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шықты.

Өзінің шығармашылық жолы облыс, аудан мектептерінде мұғалім, М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеде, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік гуманитарлық университетте, №1 гуманитарлық-техникалық колледжде, «Сейхун» академиясында, Қызылорда гуманитарлық университетінде жұмыс істеді. Соңғы жылдары «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтында қызмет атқарды.

Ұстаздық қызметімен қатар, шығармашылық жұмыстармен де шұғылданады. «Жалын» баспасынан «Бастау» атты жыр жинағы, «Аққозы», «Сергек Серік» атты балаларға арналған жыр жинақтары, «Ана тілі» баспасынан «Үй ішімізбен қазақша үйренейік» атты оқу құралы, жылдары «Атамұра» баспасынан Ш. Құлманова, М.Оразалиева, Б.Сүлейменовалардың авторлығымен шыққан 2,3-сыныптарға арналған «Музыка» оқулығы-

на «Жыл басы кім болады?», «Аңдардың айтысы» атты музыкалық ертегі мен сюжетті шығармасы енді.

Қызылорда облыстық радиохабардан «Кел, қазақша үйренейік!» атты тіл үйренушілерге тереңдетіп қазақ тілі оқытуға арнаулы бағдарламамен сабақ және педагогикалық тақырыпқа «Тәрбие туралы толғаулар» дайындап жүргізді.

1994-1997 жылдар аралығында Қазан университетінің «Татар тілі» мен «Педагогика» кафедраларында ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, 1997ж. 23 маусымда «Бала бақша-мектеп-жоғарғы оқу орны» жүйесінде жеке тұлғаны шығармашылық бағытта ұрпақтар сабақтастығын қамтып тәрбиелеу» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты атағына ие болды. 2009 жылы 6 қазанда Қазан университетінің педагогика кафедрасында «Оқушыларды халық өнері арқылы көркемдік-шығармашылық іс-әрекетке эвристикалық оқытудың педагогикалық жүйесі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, педагогика ғылымдарының докторы атағын алды. Нәтижесінде Қазан қаласындағы «Инновациялық технологиялар орталығы» баспасынан «Оқушыларды халық өнері арқылы көркемдік-шығармашылық іс-әрекетке эвристикалық оқыту» (2008ж.), «Балаларды көр-



кемдік-шығармашылыққа эвристикалық оқыту» (2010ж.) атты орыс тілінде 2 монографиясы жарық көрді. Алматы қаласындағы «Білім» баспасынан «Ақ батамен өс, балам!» (2012ж.), «Бастауыш мектепте халықтық тәлім-тәрбие берудің шығармашылық жолдары» (2010ж.), «Мектептегі сахна сабақтары» (2010ж.) атты көркемдік-шығармашылық, оқу-әдіскерлік еңбектері жарық көрді.

Шығармашыл мұғалім ғана шығармашыл шәкірт тәрбиелей алады. Міне, осындай талаптардың үдесінен шыққан ұстаздардың бірі – Рахат Наурызбайқызы. Қаламының ұшымен әрбір қазақ баласының қиялына қанат бітіріп, асыл арманы мен мақсатты болашағына жарқын жол көрсетушінің бірі – балалар әдебиетіне сара жол салып, балалар психологиясын жете меңгерген, тілі жеңіл, айтары көп, ойнатып отырып ойлантатын Рахат апамыздың сүбелі еңбегі туралы сүйсіне айта аламыз.

Рахат Наурызбайқызы: «Менің балалар ақыны болып қалыптасуыма ұстаз болуым үл-

кен көмегін тигізді. Сондықтан да екі жолды қатар алып жүруді қиын деп айтуға аузым бармайды. Дегенмен де, әр жолдың өзіндік талап-міндеті бар. Екеуін қатар алып жүру адамды рухани байытады, ерік-жігерін шыңдайды, өмірге қызығушылығын арттырады, өмір сүрудің мәнін айқындайды», – деп сыр шертеді.

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Б.Алтынсарин» төсбелгісімен, Ресейдің Халықаралық бейбітшілік және келісім қорының «Білім беру ісінің үздігі», Бейбітшілік әлемі Халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің «Білім көшбасшысы», Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының «әл-Фараби», «Қазалы қаласы атауына 150 жыл», Ғани Мұратбаев атындағы медальдарының иегері. Рахат Наурызбайқызын мерей жасымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ өмір, шығармашылық табыс тілейміз!



**Джексембекова Менсулу Исаковна**  
**доктор педагогических наук, профессор**

Джексембекова Менсулу Исаковна доктор педагогических наук, профессор кафедры музыкального образования и хореографии КазНПУ имени Абая. Окончила Уральское музыкальное училище по специальности «Хоровое дирижирование», музыкально-педагогический факультет КазГосЖенПИ.

Защитила кандидатскую диссертацию «Формирование основ педагогического мастерства в процессе методической подготовки учителя музыки» в КазГосЖенПИ (1995), докторскую диссертацию «Теоретико-методологические основы реализации межпредметных связей в целостном педагогическом процессе вуза» (2008) на диссертационном совете Д. 14.61.35 при Международном казахско-турецком университете имени Х.А. Ясави (Туркестан), доцент (2004).

Проводит занятия на высоком профессиональном уровне, применяя ведущие методы и приемы по системе В. Емельянова (г. Санкт-Петербург), а также ведущих хормейстеров Казахстана (А. Молодов, Б. Жаманбаев и др.). Пройдя стажировку по изучению системы В. Емельянова в г. Санкт-Петербурге, получила сертификат на право использования данной системы в своей практической деятельности (1998).

Член Московского хорового общества имени П.Чеснокова, Р.Глиэра (2012). Диплом II

степени на III Московском фестивале духовой музыки, за творческий вклад в возрождение традиций духовой музыки (2013). Академик МАНПО (2017)., входит в состав экспертной комиссии Независимого казахстанского агентства по обеспечению качества в образовании (IQAA).

Председатель жюри Международного фестиваля хоровой музыки им.П.Г. Чеснокова, Р.Глиэра (Москва, 2018).

Опубликовано более 100 научных трудов. В том числе монография «Реализация межпредметных связей спецдисциплин в целостном педагогическом процессе вуза», учебно-методические пособия «Значение чтение хоровых партитур (ЧХП) в подготовке специалиста», «Творческие упражнения – школа вокально-хорового мастерства студентов вуза», «Вокально-хоровая культура – неотъемлемая часть воспитания студентов вуза», «Исполнительское мастерство учителя музыки», статьи в изданиях ККСОН РК, Scopus, в сборниках международных и республиканских конференций и др.

Многие годы, была заведующей кафедр теории и методика культурно-досуговой работы в КазГосЖенПУ, культурологии КазНАУ, музыкального образования и хореографии КазНПУ имени Абая Награждена Почетной грамотой МАНПО за активное участие в раз-

витии, совершенствования научной, учебно-методической работы в вузах Казахстана и России, за вклад в науку и научные достижения Ассоциация высших учебных заведений РК в честь 25-летия Независимости РК награждена в номинации «Лучшие научные статьи» (Дипломом I степени), медалью «Почетный работник образования РК», «Деятель культуры

РК», «Медаль 60-летия Победы», «Лучший куратор КазНПУ им.Абая», Юбилейная Медаль «Құрмет белгісі» за вклад в развитие КазгосЖенПУ. Медаль «Отличник культуры РК» (2018), а также Похвальными грамотами – I место в номинации «Кросс» и «Велогонка» за участие на спартакиаде «День здоровья», посвященной 90-летию КазНПУ имени Абая.

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР**

**Абдуллаева Гульзира Олжабекқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [gulzira.abdullaeva@mail.ru](mailto:gulzira.abdullaeva@mail.ru)

**Аганина Құндыз Жамиқызы** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, [aganinak@mail.ru](mailto:aganinak@mail.ru)

**Айтказина Токжан Тельмановна** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [togzhan19@mail.ru](mailto:togzhan19@mail.ru)

**Аккалиев Азамат** – магистрант, Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, [A.T.Azamat0084@mail.ru](mailto:A.T.Azamat0084@mail.ru)

**Әбішева Рыскен Рахымқызы** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, [ryskен55@mail.ru](mailto:rysken55@mail.ru)

**Балғазина Бақытгүл Серікқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [bakhitgul555@mail.ru](mailto:bakhitgul555@mail.ru)

**Басчикулов Ақылбай Сабыржанович** – PhD докторы, Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Академиясы, [bas.ak-66@mail.ru](mailto:bas.ak-66@mail.ru)

**Бакетова Макпал Аленовна** – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Бегалиева Сәуле Баязқызы** – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [sbegaliev@mail.ru](mailto:sbegaliev@mail.ru)

**Бейсенбаева Жайна Адихановна** – докторант, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, [Psiholog\\_jaina@mail.ru](mailto:Psiholog_jaina@mail.ru)

**Гильманшина Сурия Ирековна** – педагогикалық ғылымдарының докторы, химикалық ғылымдарының кандидаты, А.М. Бутлеров атындағы Химикалық институты

**Губашева Айман** – магистрант, Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, [aiman1986@mail.ru](mailto:aiman1986@mail.ru)

**Джанаев Мият Баймекеұлы** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [miyat53@mail.ru](mailto:miyat53@mail.ru)

**Джуманиязова Раушан Кенесовна** – өнертану ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерватория, [rau\\_j@mail.ru](mailto:rau_j@mail.ru)

**Дүйсенбаева Бібігүл Амангельдіқызы** – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [bibigul-68-68@mail.ru](mailto:bibigul-68-68@mail.ru)

**Елмұратқызы Дина** – докторант, MINZU университеті (Бейжің, ҚХР), [dina\\_ye@163.com](mailto:dina_ye@163.com)

**Ережепов Талгат** – докторант Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [e.talgat.t@mail.ru](mailto:e.talgat.t@mail.ru)

**Ержанова Феруза Меирбекқызы** – Phd докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [f\\_yerzhanova@mail.ru](mailto:f_yerzhanova@mail.ru)

**Жабағиева Гауһар Зкрияқызы** – магистр, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [gzhabagieva2013@mail.ru](mailto:gzhabagieva2013@mail.ru)

**Жанбаева Ляззат Абдыкадыровна** – кандидат технических наук, Начальник отдела анализа и оценки качества образования, [liazka79@mail.ru](mailto:liazka79@mail.ru)

**Жұмағұлова Бақытгүл Сәкенқызы** – филология ғылымдарының докторы, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [bakitgul@inbox.ru](mailto:bakitgul@inbox.ru)

**Жусупбекова Гульсара Галимбековна** – докторанты, ХАА корреспондент-мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, [uk.gulsara74@mail.ru](mailto:uk.gulsara74@mail.ru)



**Ибраева Қамарсұлу Ершатқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *kamar.sulu@mail.ru*

**Игисинов Талғат Қазыбайұлы** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *t.igissinov@gmail.com*

**Ізтілеуова Саманта Шекернайқызы** – С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, педагогика магистры

**Исалиева Сауле Темирбаевна** – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *salia72@mail.ru*

**Искакова Айгуль Толеутаевна** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *aiskakova@bk.ru*

**Искакова Әлия Орынбасарқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Т.Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, *aliya.iskakova.1959@mail.ru*

**Қазабеева Виталия Алексеевна** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, *vitaliya.78@mail.ru*

**Какимова Лаура Шариповна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Қасен Гүлмира Аманқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, *gulmira.Kassen@mail.ru*

**Қожағұлов Токқожа Мұқажанұлы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *tokkozbagul@mail.ru*

**Корнилова Татьяна Борисовна** – аға оқытушы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының корреспондент-мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *kornilova\_tb@mail.ru*

**Косшыгулова Алия Сериковна** – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *alenti85@mail.ru*

**Мадьярова Зухра Истибаевна** – психология магистрі, Т.Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, *isapova09@mail.ru*

**Маймакова Алмагүл Дилдіқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *amaimakova@mail.ru*

**Марданова Шолпан Сапарқызы** – психология магистрі, «Туран» Университеті, *erika6320@mail.ru*

**Медетов Болатбек Жақсылықұлы** – радиотехника саласындағы PhD докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушы

**Мизанбаев Рамазан** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, *mizanbaev.ramazan@mail.ru*

**Минаева Назгул** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *minaevanazgul@mail.ru*

**Мұратова Гүлжан Қлышқызы** – физика-математика ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, *mugk@mail.ru*

**Мустояпова Алтынгүл Сарсенқызы** – С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, *altyn-ac@mail.ru*

**Мырзаханқызы Кұралай** – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

**Нарбекова Бану Махатаевна** – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Жоғары білім департаменті директорының орынбасары

**Наурызбаева Рахат Наурызбайқызы** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қызылорда облысы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы, *rahat44@mail.ru*

- Науменко Алексей Александрович** – студент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, *nightrat@mail.ru*
- Нурахунова Гунчам Майданқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *ethnic18@mail.ru*
- Нургалиева Ұлмекен Сатымқызы** – психология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті профессоры, *ulmeken\_01@mail.ru*
- Нүрпейіс Бақыт Кәкиқызы** – Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, өнертану докторы, *e-mail: bakytn\_70@mail.ru*
- Оралбекова Алия Курбановна** – PhD докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, *ali.ya84@mail.ru*
- Орман Таңшолпан Бейбітқызы** – магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, *t\_11-11@mail.ru*
- Өсербай Аида Мұратқызы** – магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
- Ризулла Айдана Ризуллаевна** – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, *arizulla@mail.ru*
- Сарсенбаева Лязиза Оналбаевна** – психологиялық ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *lyaziza\_s@mail.ru*
- Сейсенбеков Ерлан Кенжебайұлы** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *Yerlan\_fks@mail.ru*
- Сыдықова Роза Шаймардановна** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
- Тастанов Әділбай Жұматайұлы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, *tastanov\_70@mail.ru*
- Таубаева Ғалия Закарьяновна** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *galiya\_63@bk.ru*
- Ташимова Фатима Сагымбековна** – педагогикалық ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, *fatima\_tashimova@mail.ru*
- Теләхынов Еркін Біләлұлы** – ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушысы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
- Тоқтарова Толқын Жанибековна** – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, *toktarova\_tolkin@mail.ru*
- Шалабаева Лаура Исмаилбековна** – PhD докторы, Қазақ спорт және туризм академиясы
- Шерьязданова Хорлан Токтамысқызы** – психология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, *horlan.hanuma@mail.ru*
- Шорабек Әділхан Дүйсенбекұлы** – докторант, Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, *khan\_adil@mail.ru*
- Штретер Юлия Николаевна** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазан (Приволжский) федералды университеті, *juliaschtreter@mail.ru*
- Яғалиева Бағдат Есеновна** – техникалық ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

---

## НАШИ АВТОРЫ

**Абдуллаева Гульзира Олжабековна** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [gulzira.abdullaeva@mail.ru](mailto:gulzira.abdullaeva@mail.ru)

**Аганина Кундыз Жамиевна** – доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [aganinak@mail.ru](mailto:aganinak@mail.ru)

**Айтказина Токжан Тельмановна** – кандидат педагогических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [togzhan19@mail.ru](mailto:togzhan19@mail.ru)

**Аккалиев Азамат** – магистрант, Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, [A.T.Azamat0084@mail.ru](mailto:A.T.Azamat0084@mail.ru)

**Абишева Рыскен Рахымовна** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, кандидат филологических наук, член Союза журналистов Казахстана, [rysken55@mail.ru](mailto:rysken55@mail.ru)

**Балгазина Бакитгуль Сериковна** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [bakhitgul555@mail.ru](mailto:bakhitgul555@mail.ru)

**Башчикулов Акылбай Сабыржанович** – доктор PhD, Академия Пограничной службы КНБ РК, [bas.ak-66@mail.ru](mailto:bas.ak-66@mail.ru)

**Бакетова Макпал Аленовна** – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**Бегалиева Сауле Баязовна** – доктор педагогических наук, академик НАН РК, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [sbegaliev@mail.ru](mailto:sbegaliev@mail.ru)

**Бейсенбаева Жайна Адихановна** – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [Psiholog\\_jaina@mail.ru](mailto:Psiholog_jaina@mail.ru)

**Гильманшина Сурия Ирековна** – доктор педагогических наук, кандидат химических наук, профессор, Химический институт имени А.М.Бутлерова

**Губашева Айман** – магистрант, Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова, [aiman1986@mail.ru](mailto:aiman1986@mail.ru)

**Джанаев Мият Баймекеевич** – кандидат педагогических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [miyat53@mail.ru](mailto:miyat53@mail.ru)

**Джуманиязова Раушан Кенесовна** – кандидат искусствоведения, доцент, Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, [rau\\_j@mail.ru](mailto:rau_j@mail.ru)

**Дюсенбаева Бибигуль Амангельдиновна** – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [bibigul-68-68@mail.ru](mailto:bibigul-68-68@mail.ru)

**Елмурат Дина** – докторант, Университет MINZU (Пекин, КНР), [dina\\_ye@163.com](mailto:dina_ye@163.com)

**Ережепов Талгат** – докторант Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [e.talgat.t@mail.ru](mailto:e.talgat.t@mail.ru)

**Ержанова Феруза Меирбековна** – доктор PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [f\\_yerzhanova@mail.ru](mailto:f_yerzhanova@mail.ru)

**Жабагиева Гаухар Зкрияевна** – магистр, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [gzhabagieva2013@mail.ru](mailto:gzhabagieva2013@mail.ru)

**Жанбаева Ляззат Абдыкадыровна** – кандидат технических наук, Начальник отдела анализа и оценки качества образования, [liazka79@mail.ru](mailto:liazka79@mail.ru)

**Жумагулова Бакитгуль Сакеновна** – доктор филологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [bakitgul@inbox.ru](mailto:bakitgul@inbox.ru)

**Жусупбекова Гульсара Галимбековна** – докторант, член-корреспондент Международной Академии Информатизации, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [uk.gulsara74@mail.ru](mailto:uk.gulsara74@mail.ru)

**Ибраева Камарсулу Ершатовна** – кандидат педагогических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [kamar.sulu@mail.ru](mailto:kamar.sulu@mail.ru)

**Игисинов Талгат Казыбаевич** – кандидат педагогических наук, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [t.igissinov@gmail.com](mailto:t.igissinov@gmail.com)

**Изтлеуова Саманта Шекернаевна** – магистр педагогики, Актюбинский университет им. С.Баишева

**Исалиева Сауле Темирбаевна** – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [salia72@mail.ru](mailto:salia72@mail.ru)

**Искакова Айгуль Толеутаевна** – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [aiskakova@bk.ru](mailto:aiskakova@bk.ru)

**Искакова Алия Орынбасаровна** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахская национальная академия искусств имени Т.Жургенова, [aliya.skakova.1959@mail.ru](mailto:aliya.skakova.1959@mail.ru)

**Казабеева Виталия Алексеевна** – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [vitaliya.78@mail.ru](mailto:vitaliya.78@mail.ru)

**Какимова Лаура Шариповна** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая

**Қасен Гульмира Аманқызы** – кандидат педагогических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, [gulmira.Kassen@mail.ru](mailto:gulmira.Kassen@mail.ru)

**Кожажулов Токкожа Мукажанович** – кандидат педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [tokkozhasgul@mail.ru](mailto:tokkozhasgul@mail.ru)

**Корнилова Татьяна Борисовна** – старший преподаватель, член-корреспондент Международной Академии Информатизации, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [kornilova\\_tb@mail.ru](mailto:kornilova_tb@mail.ru)

**Косшыгулова Алия Сериковна** – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [alenti85@mail.ru](mailto:alenti85@mail.ru)

**Мадьярова Зухра Истибаевна** – магистр психологии, Казахская национальная академия искусств имени Т.Жургенова, [isapova09@mail.ru](mailto:isapova09@mail.ru)

**Маймакова Алмагуль Дильдиновна** – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [amaimakova@mail.ru](mailto:amaimakova@mail.ru)

**Марданова Шолпан Сапаровна** – магистр психологии, Университет «Туран» [erika6320@mail.ru](mailto:erika6320@mail.ru)

**Медетов Болатбек Жақсылықұлы** – доктор PhD в области Радиотехники, Электроники и Телекоммуникаций, старший преподаватель КазНУ им. Аль-Фараби

**Мизанбаев Рамазан** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, [mizanbaev.ramazan@mail.ru](mailto:mizanbaev.ramazan@mail.ru)

**Минаева Назгул** – кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, [minaevanazgul@mail.ru](mailto:minaevanazgul@mail.ru)

**Муратова Гульжан Клычовна** – кандидат физико-математических наук, Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина, [tugk@mail.ru](mailto:tugk@mail.ru)

**Мустояпова Алтынгүл Сарсеновна** – кандидат педагогических наук, доцент, Актюбинский университет им.С.Баишева, [altyn-ac@mail.ru](mailto:altyn-ac@mail.ru)

**Мырзаханқызы Куралай** – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая



